I СЕССИЯ VII САЙЛАНЫМ
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫ
ҚЫЗМЕТІНІҢ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ
(2021 жылғы 15 қаңтар – 30 маусым)

МАЗМҰНЫ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ VII ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ 4

I. Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қызметі 15

II. Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиядағы заң шығарушылық қызметі 20

2.1. Жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясында қабылданған заңдардың тізбесі 21

2.2. Сенаттың ерекше, дербес қарауына жататын мәселелерді және басқа да мәселелерді қарау 30

III. Сенатта заң жобаларын қарау қорытындылары туралы 31

3.1. Сенаттың тұрақты комитеттері бойынша заң жобалары туралы ақпарат 37

3.1.1. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті 37

3.1.2. Қаржы және бюджет комитеті 62

3.1.3. Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті 74

3.1.4. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 82

3.1.5. Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті 92

3.1.6. Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті 100

IV. Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамашылығымен әзірленген заң жобалары 103

V. Сенат комитеттері өткізген іс-шаралар 109

VI. Сенаттың іс-шараларында қабылданған ұсынымдар 116

VII. Сенаттың халықаралық ынтымақтастығы 144

VIII. Ақпараттық жариялаым 146

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ Қ.К.ТОҚАЕВТЫҢ VII ШАҚЫРЫЛЫМДАҒЫ ПАРЛАМЕНТТІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНЫҢ АШЫЛУЫНДА СӨЙЛЕГЕН СӨЗІ

Нұр-Сұлтан қ., 2021 жылғы 15 қаңтар
akorda.kz

Құрметті отырысқа қатысушылар!

Қазақстан Конституциясының **59**-бабына сәйкес жетінші шақырылымдағы Парламенттің **бірінші сессиясын** ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар!

Баршаңызды **сайлаудың аяқталуымен** құттықтаймын және жаңа құрамдағы Мәжіліс депутаттарына табыс тілеймін!

Өткен шақырылымның депутаттарына ойдағыдай қызмет атқарғаны үшін ризашылығымды білдіремін.

Бес жылға жуық уақытта Парламент қабырғасында **410 заң** қабылданды.

Депутаттар өздерінің **заңға бастамашылық ету құқығын** пайдаланып, **60-қа жуық** заң жобасын дайындады.

Бұл – осыған дейінгі бес шақырылым депутаттарының бастамаларын қоса алғаннан да көп.

Жаңа депутаттар алдыңғы әріптестерінің осы қарқынын сақтай отырып, анағұрлым жемісті жұмыс істеуі қажет.

Себебі, бәрімізді зор міндеттер мен ауқымды істер күтіп тұр.

Құрамы жаңғырған жаңа Мәжілістің қызметке кірісуі еліміз үшін **символдық мәні бар екі оқиғамен** тұспа-тұс келеді.

Біз **қастерлі Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық** мерейлі межесіне қадам бастық.

Сондай-ақ, қазіргі заманғы **Қазақстан парламентаризмі ширек ғасырлық** белеске жетті.

Осы тарихи кезеңде сенім мандатына ие болған депутаттар ел үмітін ақтап, **Отанымызға адал қызмет етеді** деп кәміл сенемін.

Қадірлі қауым!

Өткен сайлау еліміз үшін дамудың жаңа парағын ашты**.**

Осы маңызды оқиға **мемлекеттілігіміздің тұғыры берік** екенін тағы бір мәрте дәлелдеді.

Қазақстан қоғамының жоғары саяси мәдениетін және **азаматтық кемелдігін танытты**.

Барлық өңірдегі дауыс беру нәтижесі **мемлекеттің стратегиялық бағдарын** халқымыз жаппай қолдайтынын байқатты.

Біз **болашаққа сеніммен бет алу** үшін қажетті алғышарттарды бірге жасадық.

Саяси ұстанымдарымыз әртүрлі болса да, міндетіміз – бір.

Бәріміздің ортақ мақсатымыз – **Қазақстанды қуатты елге айналдыру**.

Мәжіліс пен барлық деңгейдегі мәслихаттардың көппартиялы жаңа құрамы **қоғамдағы саяси бәсекенің** арта түскенін көрсетті.

Елбасы жетекшілік ететін «**Nur Otan» партиясы** өзінің көшбасшылығын тағы бір мәрте дәлелдеді.

Халықтың белгілі бір бөлігінің мүддесін көздейтін **басқа да партиялар** сенім мандатына ие болды.

Ел-жұртымыз егемендігіміздің **төртінші онжылдығына** қадам басар тұста **бұрын болмаған жаңа сын-қатерлермен** бетпе-бет келіп отыр.

Біз ғана емес, күллі дүние жүзі **мүлде жаңа дәуірге** бет бұрды.

Өркениеттің даму жолы мен **әлемдік құрылымның түп негізі** түбегейлі өзгеріске ұшырауда.

Алдымызда сынақтар мен сын-қатерлер аз болмайды.

Дегенмен, барлығымыздың ең басты міндетіміз – пандемияның салдарын еңсеру.

XXI ғасырдың **жиырма бірінші** жылы барша адамзат үшін **бетбұрыс кезеңіне** айналмақ.

Бұл жыл алдағы онжылдықтың басты бағдарын айқындайды.

Мұндай күрделі жағдайда уақыттан ұтылуға және бір сәтке де босаңсуға болмайды.

Жылдың басында сайлау өткізу арқылы қиындықтармен күресіп қана қоймай, жаңғыруға жол ашып, **жаңа серпінге ие** болдық.

Осы қарқынды сақтап, **бағдарымыздан жаңылмау** өте маңызды.

Сондықтан Тәуелсіздіктің **30** жылдығында **кешенді реформалар** жүргізілетін болады.

Барлық күш-жігерімізді **тиімді мемлекет пен әділетті қоғам** құруға жұмылдыруымыз керек.

Басты басымдық – халықтың **тұрмыс сапасын жақсартып**, **әл-ауқатын** арттыру.

Жұрт жасанды жетістіктерді емес, көзбен көріп, қолмен ұстайтын **нақты нәтижені** күтеді.

Халық экономикалық және әлеуметтік бағдарламалардың жемісті болғанын қалайды.

Біз осы мақсаттағы ауқымды жұмыстарға **барлық белсенді азаматтарды тартамыз**.

Олардың әрқайсысы **ел тағдырына әсер ететін шешімдерді** қабылдауға өздері тікелей қатысатынын білгені жөн.

Ортақ іске **үлес қосып жатқанын** сезінуі маңызды.

Менұсынған «**Халық үніне құлақ асатын мемлекет**» тұжырымдамасының мәні осында.

Біз **ұлттың жасампаздық әлеуетін** пайдаланған жағдайда ғана алға басып, табысқа жете аламыз.

Реформаларды **сапалы заңдар арқылы жүргізу** – ұзақ мерзімді жетістікке жетудің басты шарты.

Мен жаңарған депутаттық корпус өзіне жүктелген бұл міндеттерді абыроймен атқарады деп сенемін.

Құрметті депутаттар!

Біздің стратегиялық бағдарымыз – айқын.

Мақсатымыз – **озық дамыған елдердің** қатарына қосылу.

Дамыған ел дегеніміз – ең алдымен, **дені сау, білімді және бақуатты жұрт**.

Сондықтан, мемлекеттің басты міндеті – азаматтарымыздың толыққанды дамуына, әл-ауқатының артуына және жайлы тұрмысына жағдай жасау.

Біз **2025** жылға қарай әрбір азамат үшін тиімді институционалдық және инфрақұрылымдық орта қалыптастырамыз.

Еліміздің ұзақ мерзімді дамуы **Сабақтастық**, **Әділдік және Өрлеу** қағидаттарына негізделеді.

Көздеген мақсатқа жету үшін **барлық салаларда дәйекті өзгерістер** жасаймыз.

Ол үшін мынадай басымдықтарға мән беруіміз қажет.

БІРІНШІ. Біз құқықтық мемлекетті дамыту және азаматтардың билік органдарына сенімін нығайту үшін бар күш-жігерімізді жұмсауымыз керек.

Бұл – өте өзекті міндет.

Соған орай, **Мемлекеттік басқарудың жаңа моделін** енгізу айрықша маңызды.

Осы бағыттағы реформалар жүйені байыппен орталықсыздандыруды, мемлекеттік аппаратты жаңғыртуды, квазимемлекеттік секторды оңтайландыруды және барлық үдерісті цифрландыруды қамтиды.

Сол арқылы мемлекеттік аппарат барынша ықшам, **ашық әрі тиімді**, ал, шешім қабылдау үдерісі **икемді және айқын** болады.

Азаматтардың құқықтары лайықты қорғалмаса, әлеуметтік-экономикалық тұрғыдан даму мүмкін емес. Бұл – аксиома, ақиқат.

Осы орайда, сот жүйесінің тәуелсіздігін нығайта түсу үшін реформаны **соңына дейін жеткізуіміз керек**.

Мемлекет тарапынан қолға алынған шараларға және Жоғарғы сот төрағасының тікелей өзі күш салып жатқанына қарамастан, сот корпусының сапасына қатысты әлі де түйткілдер бар.

Сот жүйесі жабық корпорация болмауға тиіс.

Сондықтан, сот корпусын едәуір жаңартып, оған түрлі құқық салаларының мамандарын тарту керек.

Үміткерлерді іріктеген кезде олардың кәсіби тәжірибесімен қатар, **жеке қасиеттерін** де ескерген абзал.

Бұл жұмыс бұқаралық ақпарат құралдарында ашық көрсетілуге тиіс.

Сондай-ақ, **сот қызметі туралы ақпарат қоғам үшін неғұрлым қолжетімді** болғаны жөн.

Құқық қорғау органдарының жұмысын да барынша өзгерту қажет.

Бұл мәселе жөнінде Жолдауымда нақты айттым.

Біз азаматтармен өзара қарым-қатынастың **сервистік моделін** енгіземіз.

Қоғамдық қауіпсіздік жаңа цифрлық технологияларды қолдану арқылы қамтамасыз етіледі.

Парламент **заң үстемдігі, адал бәсеке және жеке меншікті қорғау** қағидаттарының құқықтық негізін нығайта түсуі керек.

Сонда бұл қағидаттар мүлтіксіз орындалатын болады.

Бүгінде бірқатар заңнамалық ұсыныстар бойынша жұмыс істеліп жатыр.

Дегенмен, әлі де көптеген тың бастама көтеріп, заңдар қабылдау қажет.

ВТОРОЕ. Ключевым инструментом создания сильного и инклюзивного общества является **эффективная социальная политика**.

Несмотря на значительный прогресс по многим показателям Индекса человеческого развития, Казахстан все же отстает от ведущих стран по этому показателю.

Высокое качество **человеческого капитала** – основа долгосрочной конкурентоспособности всех государств, включая Казахстан.

Мир движется в сторону **«экономики знаний»**, это реальность.

Сегодня поколение Независимости по численности уже составляет половину всех граждан нашей страны.

Нынешние дети и молодежь будут определять **рынок труда Казахстана** к 2050 году. Именно от их конкурентоспособности зависит благополучие страны в будущем.

Важно понимать, что статус **«молодой нации»** дает нам долгосрочные преимущества.

Но нужно правильно воспользоваться этими преимуществами, проводить последовательную работу по развитию человеческого капитала. Инвестиции в молодых людей, безусловно, многократно окупятся и принесут благо всему нашему государству.

В последнее время мы продвинулись в реформировании сферы образования.

Вместе с тем предстоит решить ряд накопившихся проблем.

Настоятельная задача – **сократить разрыв** в качестве образования между различными социальными группами и регионами.

На данном этапе развития требуется новая политика по **переобучению и постоянному совершенствованию** навыков работников.

В этих целях предстоит разработать и реализовать специальный **национальный проект**.

Особое значение имеет модернизация **отечественного здравоохранения**. В условиях пандемии актуальность этой проблемы стала очевидной.

Система здравоохранения должна ориентироваться на **пациентов,** ставить во главу угла **их интересы, здоровье и жизнь**.

Переход к такой модели возможен за счет персонификации, внедрения цифровых инструментов, расширения доступа людей к квалифицированной врачебной помощи.

В этой связи особую роль играет **развитие превентивной медицины**, основанной на профилактике и ранней диагностике заболеваний.

Здоровый образ жизни граждан – базовое условие формирования здоровой нации.

Поэтому следует уделить особое внимание массовому и детскому спорту, о чем я уже сказал в Послании. Хочу повторить – это приоритетная задача, имеющая стратегическое значение.

По моему поручению Правительство пересмотрело подходы к финансированию массового и детского спорта, он будет обеспечен значительно бо́льшими ресурсами для развития.

Эта задача должна быть на контроле депутатов Парламента.

Депутаты Парламента и маслихатов должны держать и другие упомянутые мной вопросы на постоянном контроле в центре и на местах.

Нам также предстоит перезагрузить **политику по социальному обеспечению**.

Приоритетом государства должна быть поддержка **наиболее уязвимых** граждан.

При этом нужно **усилить адресность** государственной помощи и **соответствующие требования** при ее получении.

Разрабатываемый **Социальный кодекс** даст комплексный ответ на актуальные вопросы этой важной сферы.

Еще один ключевой элемент социальной инфраструктуры – отечественная **пенсионная система**.

Она должна быть справедливой, устойчивой, отвечать интересам людей.

Мы запустили очень важную, можно сказать, уникальную реформу – **возможность частичного изъятия** и использования пенсионных активов.

Кроме того, необходимо предоставить гражданам возможность управлять своими накоплениями через различные инструменты.

Правительство и Национальный банк разрабатывают **Концепцию дальнейшего развития** пенсионной системы. Очевидно, что ее практическая реализация потребует **качественного законодательного обеспечения.**

В целом, ожидаю от новых членов Парламента активной работы по совершенствованию социальной политики.

ТРЕТЬЕ. Обеспечить благополучие граждан невозможно без **поступательного роста национальной экономики**.

Правительство должно продолжить **контрцикличную макроэкономическую политику**, направленную на поддержку экономической активности.

В рамках совершенствования **фискальной политики** предстоит провести **ревизию Налогового кодекса** с точки зрения его упрощения, стимулирования деловой активности и конкуренции.

Необходимо сфокусировать внимание на поддержке малого и среднего бизнеса.

Еще одна задача – создание **благоприятных условий для ведения бизнеса**.

Требуется разработать механизмы поддержки предпринимательства, основанные на **принципиально новой регуляторной политике**.

Я уже дал поручение перейти на **регулирование с «чистого листа»**, которое значительно снизит издержки по открытию и ведению бизнеса. Соответствующий Указ мной подписан в конце 2020 года.

В соответствии с ним Правительством готовится важный законопроект, который будет внесен в Мажилис в июне 2021 года.

Прошу депутатов всесторонне рассмотреть данный законопроект с учетом пожеланий предпринимателей и общественных интересов.

Далее. Нам нужно уменьшить роль государства, как собственника и регулятора. Следует продолжить и завершить начатую ранее **программу приватизации**, пересмотреть миссию, роль и функции **квазигосударственного сектора**.

Учитывая динамичную трансформацию рынка труда, необходимо **стимулировать переток рабочей силы** из низкопродуктивных в более производительные сектора экономики.

Для этого требуется завершить **первичную индустриализацию** страны.

Как я говорил ранее, промышленность нашей страны должна быть **гибкой и адаптивной** к текущим изменениям.

Поэтому особую актуальность приобретает принятие закона «**О промышленной политике**».

Он не должен быть рамочным. В нем следует предусмотреть **конкретные меры**, действенные механизмы поддержки и стимулирования отечественного бизнеса.

Многие из депутатов нынешнего созыва имеют значительный практический опыт. Полагаю, что он будет в полной мере задействован при разработке этого законопроекта.

В целом, системные преобразования будут продолжены.

Мы их подробно обсудим на ближайшем **заседании Высшего совета по реформам 29 января**. Будут приняты решения по ключевым направлениям.

Планируется одобрить принципиально новую Систему государственного планирования, актуализированный **Национальный план развития страны до 2025 года**, а также новую концепцию государственного управления.

Учитывая масштабность и важность принимаемых документов, потребуется разработка соответствующей **законодательной базы** для их реализации.

В соответствии с моим поручением Правительству предстоит до конца первого полугодия обеспечить трансформацию госпрограмм в **Национальные проекты**.

Особо хотел бы отметить, что в рамках данной работы необходимо встроить в программные документы инициативы, высказанные в **предвыборной платформе «Nur Otan»**.

Предложенные партией меры и подходы должны быть приняты в работу и реализованы.

Конструктивные предложения из программ других партий, прошедших в Парламент, также будут внимательно изучены Правительством.

ТӨРТІНШІ. **Аумақ пен кеңістік тұрғысынан еліміздің теңгерімді дамуы.**

Бұл ретте барлық өңірлерді біртұтас экономикалық кеңістік арқылы байланыстыратын **аса маңызды** салаларды дамытуға баса назар аударамыз.

Атап айтқанда – **көліктік, энергетикалық және цифрлық** инфрақұрылымдар.

Біз **басқарылатын урбанизацияны** ескеріп, даму ошақтарын жүйелі ілгерілетуге күш саламыз.

Өңірлерді, қалаларды, аудандар мен ауылдарды өзара байланыстыратын инфрақұрылымды жақсартуға басымдық беріледі.

Жаңа стандарттарға сәйкес **3500-ден** астам ауылды жаңғыртамыз.

Айналасындағы елді-мекендердің тірегі саналатын әрбір ауылға баратын жолдар мен республикалық маңызы бар күре жолдар **100 пайыз** жөнделеді.

Жергілікті өзін-өзі басқаруды әрі қарай жетілдіру үшін бюджеттік рәсімдерді жеңілдетіп, өкілді және атқарушы органдардың дербестігін арттыру маңызды.

Осы орайда мен **мәслихат депутаттарына** мына мәселені баса айтқым келеді.

Сіздердің белсенді ұстанымдарыңыз сайлаушылардың мүддесін қорғайтын **сапалы әрі салмақты шешімдер** қабылдауға ықпал етуі керек.

Қолға алынған өзгерістердің жедел және табысты жүзеге асуы жергілікті жердегі жұмыстың тиімділігіне тікелей байланысты.

БЕСІНШІ. Қазақстандағы реформалардың басты бағытының бірі – **саяси жаңғыру**.

Осы жаңғырудың негізгі қағидаты – барлық өзгерістерді **жалпыұлттық диалог пен мәмілеге сүйеніп,** эволюциялық жолмен жасау.

Былтырғы **саяси реформалардың бірінші бөлігі** партияларға жаңа мүмкіндіктер ұсынып, еліміздің демократиялық дамуына серпін берді.

Өткен сайлау **саяси бәсекені** арттыруға оң ықпал етті.

Мәжіліс пен мәслихаттарға білікті, абыройлы адамдар келді.

Бұған партиялық тізімде әйелдер мен жастар үшін **30 пайыздық квота** белгілеу арқылы қол жеткіздік.

Мәслихат сайлауына пропорционалды жүйені енгізу **партиялардың өңірлердегі белсенділігін** арттырды.

Сондай-ақ, азаматтарды **жергілікті жердегі саяси үдеріске** барынша тартуға жағдай жасады.

Парламенттік оппозиция институты шағын саяси күштердің рөлін айтарлықтай күшейтеді.

Осылайша, еліміздегі **көппартиялықты** дамытуға және **парламентаризмді нығайтуға** едәуір серпін бердік.

Тағы бір маңызды қадам – **ауыл әкімдерін сайлау**.

Биыл жекелеген ауылдық округтерде сайлау өтеді.

Біз жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін ең төменнен бастап нығайтуды көздеп отырмыз.

Бұл – өте маңызды мәселе.

Сондықтан, алдағы уақытта ауыл әкімдерін сайлағаннан кейін **аудан әкімдерін сайлауға** көшуге болады.

Алайда, мұнымен де шектеліп қалмауымыз керек.

Саяси жүйені орнықтырып, шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың ықпал етуін күшейте түсу үшін **тың серпін** қажет.

Бұл бағытта **реформалардың екінші бөлігін әзірлеу** барысында ауқымды жұмыстар жасалды.

Онда **барлық партиялардың**, соның ішінде кеше Парламентке өтпей қалған саяси күштердің де ұсыныстары ескерілді және болашақта да назарымызда болады.

Ұлттық кеңес мүшелерінің және басқа да беделді сарапшылар мен белсенді азаматтардың **идеялары, бастамалары** қамтылып отыр.

Біз осы жолғы сайлау науқаны карантин шектеулеріне қарамастан **қаншалықты қызу өткеніне** куә болдық.

Кейбір партиялардың Мәжіліс пен мәслихаттарға өтуіне **сәл ғана дауыс жетпей қалды**.

Олардың әрқайсысында **белгілі бір саланы жетік меңгерген, білімді, білікті азаматтар** да бар.

Солар **Парламенттің биік мінберінен** айтылуға тиіс көптеген өзекті мәселелерді дер кезінде әрі орынды көтеріп жүр.

Осындай партиялардың өкілдері Парламентке өтсе, ондағы пікірталасты қыздыра түсер еді, ортақ жұмысқа тиімді болар еді.

Олар **заң шығару жұмысының сапасын** арттыруға да сүбелі үлес қосары анық.

Сондықтан, **саяси партиялардың Мәжіліске өту шегін 7-ден 5 пайызға төмендетуіміз** керек. Осындай шешімді қабылдайтын уақыт келді, өйткені аталған норма заң жүзінде тіркелген партияларды алдағы сайлауларға қатысуға ынталандырады.

Сондай-ақ, елдегі **саяси бәсекенің дамуына** септігін тигізеді.

Бұл бастама мемлекеттік саясатты жүргізу үшін **халықтың пікірін** неғұрлым көбірек қамтып, ескеріп отыруға мүмкіндік береді.

Болашақта партия мүшелерінің тізімін және соған қатысты басқа да рәсімдерді **онлайн форматта** жасауға болады.

Осы мақсатта **электрондық үкіметтің** мүмкіндіктерін пайдаланған абзал.

Парламенттің заң шығарумен қатар **бақылау функциясы** да бар екенін білесіздер.

Оның тиімділігі **халықаралық тәжірибеде** дәлелденген.

Осы аса маңызды құзыретті тиімді пайдалану **қазіргі заманғы Қазақстан парламентаризмінің институционалдық негізін** едәуір орнықтырады.

Бұл менің «**Күшті Президент – ықпалды Парламент – жауапты Үкімет**» деп аталатын саяси формуламмен үндесіп жатыр.

Депутаттар халықтың мүддесін іс жүзінде қорғап, әрдайым **табандылық танытуға** тиіс.

АЛТЫНШЫ. Азаматтық қоғам өкілдерінің белсенділігін арттыру, жастар саясатын жетілдіру және қайырымдылық қызметін қолдау.

Өздеріңіз білесіздер, жыл басында мен кейбір заңнамалық актілерге **қоғамдық кеңестер** қызметі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы тиісті заңға қол қойдым.

Сол арқылы қоғамдық кеңестердің **өкілеттігін едәуір күшейттік**.

Енді, азаматтық белсенділікті арттыру жолында тағы бір маңызды қадам жасалады.

Бұл – талқыланып жатқан «**Қоғамдық бақылау туралы**» заң.

Біз **онлайн-петиция институтын** да заң жүзінде ресімдеуіміз керек.

Бұл бастамалардың мақсаты – мемлекет қызметінің тиімділігін арттыру, шешім қабылдауға азаматтық қоғамды тарту.

Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы заңнаманы жетілдіру – негізгі міндеттің бірі.

Үкімет **2020 жылы** Жастарды қолдау жөнінде кешенді жоспар қабылдады.

«**Тәуелсіздік ұрпақтары**» атты ұлттық жоба, мемлекеттік жастар саясаты және волонтерлік қызмет туралы заңдар дайындалып жатыр.

Депутаттар **«жастардың әлеуметтік қызметтері»** деген ұғымды заң жүзінде ресімдеуі керек.

Әлемдік тәжірибеге сәйкес Қазақстанда **«Жастардың даму индексін»** енгізген жөн.

Жергілікті атқару органдарының жастар саясатын жүзеге асыруға қатысты жұмысы соның негізінде бағаланады.

Қайырымдылық қызметін жүйелі қолдау мәселесі де басты басымдық болып отыр.

Бұл саладағы ынталандыру шаралары **қарапайым әрі нақты** болуы керек.

Соған сәйкес қайырымдылық шараларына және волонтерлік жобаларға атсалысатын бизнес өкілдері мен жеке тұлғаларға **түрлі жеңілдіктер** берілуге тиіс.

ЖЕТІНШІ. Біздің басты мақсатымыздың бірі – **адам құқықтарын толық қорғау**.

Бұл ретте, **азаматтардың таңдау еркіндігін** барынша қамтамасыз ету өте маңызды.

Әлемдік тәжірибеде адамның қандай да бір сайлауға **келіспейтінін**

немесе үміткерлердің бәріне қарсы екенін заңды түрде білдіру құқығы кеңінен қалыптасқан.

Шын мәнінде, **баламалы пікір** және бәріне қарсы дауыс беру ұғымы біз үшін де қалыпты нәрсе болуға тиіс.

Сондықтан, **барлық деңгейдегі сайлау бюллетендеріне «бәріне қарсымын» деген жазу енгізген жөн**.

Бұл бастама азаматтардың сайлау құқығын қорғауға жағдай жасайды.

Таңдауы жоқтығын ресми көрсетудің өзі **таңдау** емес пе?!

Тағы бір мәселе – адам құқығын қорғау саласы **дәйекті түрде жетілдірілуге** тиіс.

Оны институционалдық және ұйымдастыру жағынан нығайта түсуіміз қажет.

Мысалы, бізде **омбудсмен институты** бар.

Бірақ, ол әзірге өзінің әлеуетін толық көрсете алмай отыр.

Сондықтан, жақын арада **Омбудсмен туралы арнаулы заң** қабылдауымыз керек.

Бұл заң аталған институттың қызметін барлық бағыттар бойынша реттейді.

Тиісті мамандар болмаса және ұйымдастыру жұмыстары жасалмаса, омбудсмен қызметін заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету қиынға соғады.

Адам құқықтарына байланысты негізгі мәселелер **өңірлерде** байқалып отыр.

Жергілікті биліктің үстінен арыз-шағымдар көп түседі.

Сондықтан омбудсмен институтын, ең алдымен, **аймақтарда күшейту** қажет.

Адам құқығы жөніндегі уәкілдің аппаратын нығайтуымыз керек.

Сонымен қатар, біз **бала құқықтарын қорғау** жөніндегі ауқымды мәселелерді шешуге тиіспіз.

Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, **балалар арасындағы суицид пен буллингтің** алдын алу үшін **мемлекеттік бақылауды** күшейтіп, тиімді тетіктерді қарастырған жөн.

Ерекше күтімге мұқтаж балалардың **инклюзивті дамуы** мәселесін назардан тыс қалдырмауымыз керек.

Білім беру мекемелеріндегі тиісті қызметтердің тиімділігін арттыру үшін нормативтік база қалыптастыру – кезек күттірмейтін мәселенің бірі.

Әлеуметтік маңызы жоғары осындай мәселелерді шешу мемлекеттік органдардың ғана міндеті емес.

Оған **бүкіл азаматтық қоғамның** атсалысуы қажет екенін бәріміз түсінуге тиіспіз.

Құрметті депутаттар!

Ұсынылған бастамалар – қазір күн тәртібінде тұрған **ұзақ мерзімді әлеуметтік-экономикалық, саяси реформалардың бір бөлігі** ғана.

Оның көптеген бағыты бойынша қажетті заң жобалары талқыланып жатыр.

Депутаттар бұл жұмысқа белсене қатысып, Үкіметпен сындарлы қарым-қатынас орнатуы қажет деп санаймын.

Менің негізгі ұстанымым – қоғамдағы барлық өзекті мәселелер, ең алдымен, Парламентте талқылануға тиіс.

Қоғам өкілдері мен сарапшылар заң жобаларын дайындау ісіне барынша атсалысуы керек.

Азаматтардың наразылығын туғызуы мүмкін даулы мәселелер бойынша **тиімді кері байланыс орнату** – басты талаптың бірі.

Парламенттің алдында **маңызды екі міндет** тұр.

Бұл – сапалы заңдар қабылдау және өзекті мәселелердің шешімін табатын орталыққа айналу.

Жалпы, еліміздің заңнама жүйесін кешенді түрде жетілдіру керек.

Заң нормаларын әзірлеу барысында біреулердің жеке мүддесіне бола **лобби жасауды** түп-тамырымен жою қажет.

Сіздер, ең алдымен, сайлаушылардың сұранысын басшылыққа алып, тәуекел мен қатердің бәрін де саралауға тиіссіздер.

Депутаттар әрдайым қоғам тынысын аңғарып, тамырын дөп баса білгені жөн.

Парламент – ел мүддесі үшін аянбай қызмет ететін **қайнаған жұмыс ортасы**.

Халқымыз бізден оң өзгерістер күтетінін әрдайым есте ұстаған абзал.

Сондықтан, шешім қабылдау кезінде асқан жауапкершілік танытуларыңыз қажет.

Барлық жоспарымыз жемісті жүзеге асуы үшін **бір кісідей жұмылып,** еңбек етуіміз керек.

Біз кез-келген қиындықты жеңіп, биік белестерге **бірге шығамыз!**

Әділетті әрі өркендеген Қазақстанды **бірге құрамыз!**

Қастерлі құндылықтарымызды көздің қарашығындай сақтап, кемел келешекке **бірге қадам басамыз!**

Баршаңызға тағы да зор табыс тілеймін!

Отанымыздың жарқын болашағы Сіздердің жетістіктеріңізге тікелей байланысты.

Бүкіл халық Сіздерге үлкен үмітпен қарап отыр.

Осы үмітті абыроймен ақтайсыздар деп сенемін.

Ықыластарыңызға рақмет!

I. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ

ПАРЛАМЕНТ ПАЛАТАЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 15 қаңтар – 30 маусым аралығында **Парламент Палаталарының 3 бірлескен отырысы** өтті.

СЕНАТТЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Палата отырысын Сенат Төрағасы шақырады.

Отырыстың күн тәртібі Сенат Бюросында алдын ала қаралады және Палатаның отырысында Палата депутаттары жалпы санының көпшілік даусымен ашық дауыс беру арқылы бекітіледі.

2021 жылғы 15 қаңтар – 30 маусым аралығында Сенаттың 21 отырысы өтті.

БЮРОНЫҢ ОТЫРЫСТАРЫ

Сенаттың Бюросы Сенат Төрағасының жанындағы Парламент Сенатының үйлестіруші органы болып табылады.

Сенат Бюросының отырыстарын Сенат Төрағасы шақырады.

2021 жылғы 15 қаңтар – 30 маусым аралығында Бюроның 18 отырысы өтті.

ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРДІҢ ҚЫЗМЕТІ

Тұрақты комитеттер өз құзыретінің мәселелері бойынша қызмет нысандары мен әдістерін таңдауға ерікті, мемлекеттік органдармен және қоғамдық бірлестіктермен өзара іс-қимыл жасайды, қоғамдық пікірді зерделейді және ескеріп отырады.

Тұрақты комитеттердің отырыстары қажеттілігіне қарай, бірақ айына кемінде екі рет өткізіледі.

Бас комитет ретінде қаралған заң жобалары:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	**24**
Қаржы және бюджет комитеті	**10 + Есеп**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	**8**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	**13+3**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	**5+1**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	**3**
Барлығы:	**63+4+ Есеп**

Заң жобалары бойынша Комитет отырыстары (оның ішінде кеңейтілген отырыстары)

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	**37 (20)**
Қаржы және бюджет комитеті	**40 (11)**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	**28 (8)**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	**33 (14)**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	**19 (5)**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	**24 (5)**
Барлығы:	**180 (62)**

ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛДАР

Депутаттық сұрау салу Парламент Палаталарының бірлескен және бөлек отырыстарында депутаттың мемлекеттік органдардың лауазымды тұлғаларына осы органның немесе лауазымды тұлғаның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде Парламент сессиясында негізделген түсініктеме беруін немесе өз көзқарасын баяндауын ресми сұраған талабы болып табылады.

Парламент депутатының Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі мен Үкімет мүшелеріне, Ұлттық Банкі Төрағасына, Орталық

сайлау комиссиясының Төрағасы мен мүшелеріне, Бас Прокурорына, Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің Төрағасы мен мүшелеріне сұрау салуға құқығы бар. Бұл ретте, Бас Прокурорға не құқық қорғау органдарының және арнаулы мемлекеттік органдардың бірінші басшыларына жолданған сауал қылмыстық қудалау функцияларын жүзеге асыруға байланысты мәселелерге қатысты бола алмайды. Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Төрағасына салынған сұрау Палаталардың жабық отырысында қаралады.

2021 жылғы 15 қаңтардан – 30 маусым кезеңінде Сенат депутаттары **45 сауал** жолдады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне	33
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің бірінші орынбасарына	1
Қазақстан Республикасының Премьер-Министрінің орынбасарларына	8**
Қазақстан Республикасы Қорғаныс министріне	1
Қазақстан Республикасы Ішкі істер министріне	1
Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің төрағасына	1
Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің төрағасына	*
Барлығы:	**45**

Ескертпе: 3 сауал бірнеше адресатқа жіберілді:
1. 16-13-22 д/с 13.03.2021 ҚР ПМ
2. 16-13-27 д/с 19.03.2021 ҚР ІІМ (ҚР МҚА)
3. 16-13-28 д/с 02.04.2021 ҚР ПМ

АЗАМАТТАРДЫҢ СЕНАТҚА КЕЛІП ТҮСКЕН ХАТ-ХАБАРЛАРЫ МЕН ӨТІНІШТЕРІНЕ ШОЛУ

1	1. Сенатқа келіп түскен хат-хабарлар саны оның ішінде: қызметтік хат-хабар жеке және заңды тұлғалардың өтініштері	**4924** 2430 2494
2	2. Жіберілген хат-хабардың саны оның ішінде: электронндық түрде (ЭҚАБЖ арқылы) қағаз түрде	**3620** 2927 693

Осы кезеңде Сенатқа келіп түскен өтініштер негізінен келесі мәселелерге қатысты – 2494

1	құқық қорғау органдарының, соттардың және т.б мәселелері	854
2	қаржы, банк қызметі, несие мәселелері	66
3	заңдар және заң жобаларына ұсыныстар	461
4	әлеуметтік сипаттағы мәселелер (зейнетақымен қамсыздандыру, жеңілдіктер беру, өтемақы мен жәрдемақы төлеу, қандастар)	89
5	экономика, кәсіпкерлік мәселелері (сақтандыру, энергиямен, газбен қамтамасыз ету, теміржол, су және авиакөлік, тұрғын үй, үлескерлер, тұрғын үй салуға жер телімін бөлу мәселелері, т.б.)	254
6	лауазымды адамдардың заңсыз іс-қимылдары, сыбайлас жемқорлық, мемлекеттік органдардың әрекеті	154
7	денсаулық сақтау мәселесі	140
8	білім беру, мәдениет, мемлекеттік тіл мәселелері	55
9	тұрғын үй, тасымалдау және коммуникация мәселелері	49
10	ауыл шаруашылығы, жер, халық тұрмысы, тұрғын-жай мәселелері	49
11	қоршаған ортаны қорғау экология мәселелері	4
12	ақпараттандыру, цифрландыру байланыстары, БАҚ мәселелері	22
13	басқа мәселелер (жеке қабылдау, кездесулер, қызметтер, т.б.)	297
	Барлығы:	**2494**

Өтініштердің басым көпшілігі келіп түскен депутаттар:

Өтініштердің басым көпшілігі Сенат Төрағасының атына – 1489, А.В. Лукинге – 235, В.В. Волковқа – 155, М. Бақтияруұлына – 76, О.В. Перепечинаға – 41, Ә.Ә. Бектаевқа – 30 келіп түсті.

Сенат Төрағасының атына	1489
Лукин А.И.	235
Волков В.В.	155
Бақтияруұлы М.	76
Перепечина О.В.	41
Бектаев Ә.Ә.	30
Басқа депуттарға	468
Барлығы:	**2494**

Өңірлер бойынша өтініштердің басым көпшілігі:

Өтініштердің басым көпшілігі Алматы қаласынан – 625, Нұр-Сұлтан қаласынан – 421, Шымкент қаласынан – 146; Алматы облысынан – 276, Маңғыстау облысынан – 207, Қарағанды облысынан – 164, Жамбыл облысынан - 113 келіп түсті.

1	Ақмола облысы	47
2	Ақтөбе облысы	44
3	Алматы облысы	276
4	Атырау облысы	64
5	ШҚО	65
6	Жамбыл облысы	113
7	БҚО	52
8	Қарағанды облысы	164
9	Қостанай облысы	41
10	Қызылорда облысы	39
11	Маңғыстау облысы	207
12	Павлодар облысы	56
13	СҚО	41
14	Түркістан облысы	84
15	Нұр-Сұлтан қаласы	421
16	Алматы қаласы	625
17	Шымкент қаласы	146
18	ТМД және алыс шет елдері	9
	Барлығы:	**2494**

II. ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНДАҒЫ ЗАҢ ШЫҒАРУШЫЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ

1	Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заңдар	63
2	Мәжіліс мақұлдағаннан кейін Сенат қабылдаған заңдар	58
3	Сенат енгізген өзгерістермен және толықтырулармен Мәжіліс қабылдаған заңдар	4
4	Келісу рәсімдерінен кейін қабылданған заңдар	1
5	оның ішінде: Конституциялық заңдар	 2
6	Дербес заңдар	2
7	Қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заңдар (оның ішінде Кодекстер)	28 (3)
8	Ратификациялау туралы заңдар	31
9	Қазақстан Республикасының Конституциялық Кеңесінде қаралған заң	1
10	Қазақстан Республикасының Президенті бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заң жобалары	1
11	Депутаттар бастамашы болған және Парламент қабылдаған заң жобалары	15
12	Қазақстан Республикасының Үкіметі бастамашы болған және Қазақстан Республикасының Парламенті қабылдаған заң жобалары	47

2.1. ЖЕТІНШІ ШАҚЫРЫЛҒАН ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІНІҢ БІРІНШІ СЕССИЯСЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАРДЫҢ ТІЗБЕСІ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ ЗАҢДАР

1	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.
2	«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

ДЕРБЕС ЗАҢДАР

1	Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы.
2	Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы.

ҚОЛДАНЫСТАҒЫ ЗАҢНАМАЛЫҚ АКТІЛЕРГЕ ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.
2	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Каспий теңізінде қызметті жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
4	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
5	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нормашығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
6	«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.
7	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

8	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы.
9	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
10	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
11	«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
12	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
13	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және ішкі істер органдары қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
14	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
15	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
16	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
17	«2021-2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
18	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
19	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

20	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
21	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
22	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
23	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
24	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
25	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
26	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
27	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
28	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАРТТАР МЕН КЕЛІСІМДЕРДІ РАТИФИКАЦИЯЛАУ ТУРАЛЫ ЗАҢДАР

1	2007 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
2	Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қаржы корпорациясы арасындағы Қазақстан Республикасында офистер құру және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы.
3	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің ядролық авария немесе радиациялық авариялық ахуалдың туындау жағдайына дайындықты және олардың зардаптарын жою кезіндегі өзара көмекті қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы.
4	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасындағы ЮНЕСКО аясында Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығын (2-санат) құру туралы келісімді ратификациялау туралы.
5	2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
6	2014 жылғы 12 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссияның бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде құпия ақпаратты қорғау тәртібі және оны жария еткені үшін жауаптылық туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
7	Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы.
8	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
9	Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы.
10	1993 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара көмек туралы Шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.

11	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар туралы келісімді ратификациялау туралы.
12	2005 жылғы 25 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
13	Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы.
14	Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы.
15	Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындауды беру туралы конвенциясын ратификациялау туралы.
16	Мемлекетаралық стандарттау жөніндегі құжаттарды тарату туралы келісімді ратификациялау туралы.
17	2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
18	Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы шартты ратификациялау туралы.
19	Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің темекі өнімдеріне акциздер саласындағы салық саясатын жүргізу қағидаттары туралы келісімді ратификациялау туралы.
20	Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы.
21	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы.
22	Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде талаптар белгіленбеген өнімнің Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі айналысының тәртібі және мұндай өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы.

23	Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасы арасындағы адамдарды ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы.
24	Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы.
25	Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасының арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы.
26	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
27	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырдағы хаттамаға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
28	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
29	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы.
30	1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
31	Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағытта ғарыш аппараттарын ұшыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы.

Оның ішінде:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПРЕЗИДЕНТІ БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢ ЖОБАСЫ

1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

ДЕПУТАТТАР БАСТАМАШЫ БОЛҒАН ЖӘНЕ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ПАРЛАМЕНТІ ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ

1.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы (Бекназаров Н.Қ., Козлов Е., Мусин Қ.С.).
2.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Бычкова С.Ф., Волков В.В, Кесебаева Б.Т., Мусин Қ.С., Сүлеймен Л.Ж.).
3.	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Унжакова И., Баймаханова Г.).
4.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Нұрманбетова Д., Бектұрғанов А., Мамраев Б., Мамытбеков Е.Қ.).
5.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Бычкова С.Ф., Волков В.В., Имашева С.В., Кесебаева Б.Т., Сафинов Қ.Б., Сүлеймен Л.Ж.).
6.	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы (Волков В.В., Бекназаров Н.Қ., Мусин Қ.С., Раззақ Н.).
7.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы (Волков В.В., Бекназаров Н.Қ., Мусин Қ.С., Раззақ Н.).
8.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Волков В.В., Бекназаров Н.Қ., Мусин Қ.С., Раззақ Н.).

9.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Жамалов А.М., Рау А.П.).
10.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Омарбекова Ж., Аманжолова З., Аронова И., Жұмаділдаева Н., Нұркина А., Нұрманбетова Ж., Төреғалиев Н.).
11.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Сұлтанов Е., Дүйсембаев Ғ., Төреғалиев Н., Казанцев П., Қожахметов А., Омарбекова Ж., Смышляева Н.).
12.	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Сұлтанов Е., Дүйсембаев Ғ., Төреғалиев Н., Казанцев П., Қожахметов А., Омарбекова Ж., Смышляева Н.).
13.	Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Төреғалиев Н., Сүлеймен Л., Омарбекова Ж., Абдығалиұлы Б.).
14.	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Колода Д., Мусин Қ., Симонов С., Айтпаева С., Лукин А.).
15.	Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне экология мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Бижанова Г., Қожахметов А., Нуркина А., Айтпаева С.).

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ КЕҢЕСІНДЕ ҚАРАЛҒАН ЗАҢ

1	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы (Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес деп танылды).

СЕНАТ ЕНГІЗГЕН ӨЗГЕРІСТЕРМЕН ЖӘНЕ ТОЛЫҚТЫРУЛАРМЕН МӘЖІЛІС ҚАБЫЛДАҒАН ЗАҢДАР

№	Заңның атауы	Түзетулер саны
1	«Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	3
2	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	1
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және ішкі істер органдары қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	2
4	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	2
	Барлығы:	**8**

КЕЛІСУ РӘСІМДЕРІНЕН КЕЙІН ҚАБЫЛДАНҒАН ЗАҢДАР - 1

	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.	9 (1)

СЕССИЯ СОҢЫНДА СЕНАТТЫҢ ҚАРАУЫНДА ҚАЛҒАН ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ

1	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуына байланысты өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
2	2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы.
3	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне азаматтардың жекелеген санаттарын әлеуметтік қорғау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.
4	Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік сатып алу, жер қойнауын пайдаланушылар мен табиғи монополиялар субъектілерінің сатып алуы, байланыс, автомобиль көлігі және қорғаныс мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы.

2.2. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ЕРЕКШЕ, ДЕРБЕС ҚАРАУЫНА ЖАТАТЫН МӘСЕЛЕЛЕРДІ ЖӘНЕ БАСҚА ДА МӘСЕЛЕЛЕРДІ ҚАРАУ

1. 2021 жылғы 4 наурыз - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьяларын қызметтен босату туралы. *(С.Қ. Әбнәсіров, А.С. Смолин)*

2. 2021 жылғы 27 мамыр - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын қызметтен босату туралы. (Л.А. Шепелева)

3. 2021 жылғы 10 маусым - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясын сайлау және қызметінен босату туралы.

4. 2021 жылғы 17 маусым - Қазақстан Республикасы Үкіметінің және Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «2020 жылғы республикалық бюджеттің атқарылуы туралы есептері».

5. 2021 жылғы 24 маусым - Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің мүшесін тағайындау туралы. (Н. Нұржанов).

6. 2021 жылғы 24 маусым – Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы қызметіне сайлау туралы (Г.К. Нұрбаев., Е.Ж. Өмірәлиев., Д.А. Тоқмырзина).

III. СЕНАТТА ЗАҢ ЖОБАЛАРЫН ҚАРАУ ҚОРЫТЫНДЫЛАРЫ ТУРАЛЫ

Жалпы ақпарат

2021 жылдың 15 қаңтары мен 30 сәуірі аралығында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты **63** заң жобасын қарап, қабылдады. Оның ішінде:

- Конституциялық заңдарға өзгерістер мен толықтырулар – **2;**
- дербес заңдар –**2;**
- қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді көздейтін заңдар – **28**;
- халықаралық шарттар мен келісімдерді ратификациялауға бағытталған заңдар – **31**.

Парламент Сенатының
2021 жылдың 15 қаңтары мен 30 маусымы аралығындағы
заңшығарушылық қызметі туралы ақпарат



Көрсетілген кезеңде қоғамдық өмірдің **әртүрлі саласын қамтитын** заңдар қабылданды. Атап айтқанда олар сот жүйесін, адвокаттық қызмет және заңгерлік көмек, жер қатынастары, ҚР сайлау, уран өндіру салаларын реттеу, сонымен қатар жол қозғалысы, нотариат, нормашығыармашылық, ғылым, туристік қызмет, атом энергиясын пайдалану, банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу, квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы, әлеуметтік кәсіпкерлік, мемлекеттік фельдъегерлік байланыс сұрақтарын реттеуге бағытталған заңдар болып табылады.

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге билік етуге, иелік етуге және пайдалануға құқығы бар субъектілердің құрамын нақтылау бөлігінде жер заңнамасын жетілдіру мақсатында **«Қазақстан Республикасының**

кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңы қабылданды. Заң Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың заң шығару бастамашылығының аясында дайындалды.

Заңмен шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың, шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының, халықаралық ұйымдардың, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтардың, сондай-ақ қандастардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жеке меншік немесе жер пайдалану құқығымен иеленуіне тыйым салу енгізілді.

Мемлекет басшысының Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы отырысында берген, Қазақстан Республикасында берілген жүргізуші куәлігін және көлік құралын тіркеу туралы куәлікті өзімен бірге алып жүруді жүргізушіге міндеттейтін нормаларды қолданыстағы заңнамадан алып тастауға қатысты **тапсырмасын** орындау аясында **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»** Заң қабылданды.

Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясында айтылған аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлауды ендіру туралы тапсырмасын орындау мақсатында **«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** ҚР Заңы әзірленіп қабылданды.

Аталмыш заңның басты мақсаты аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлауды ендіру болып табылады.

Қабылданған заңның негізгі міндеттері:

1) сайлау жүйесін жетілдіру;

2) жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайту;

3) сайлау кезінде саяси партиялардың өту шегін төмендету болып табылады.

2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін ағымдағы жылғы сәуірде нақтыланған 2021 – 2025 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамына сәйкес келтіру мақсатында **«2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** ҚР Заңы қабылданды.

Республикалық бюджетті нақтылаудың негізгі міндеттері:

- «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасын қаржыландыру;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау;

- COVID-19 коронавирустық инфекциямен күрес;
- бұрын қабылданған міндеттемелерді іске асыруды қамтамасыз ету болып табылды.

«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» қабылданған Заң сот жүйесін одан әрі жетілдіруге бағытталған және сот жүйесін қайта құрылымдауды және Жоғарғы Сот Төрағасы мен Жоғарғы Сот судьясы лауазымына кандидаттарға қойылатын талаптарды қайта қарауды көздейді.

Жеделдік, ашықтық және заңдылықты қамтамасыз ету, сондай-ақ нотариаттық құжаттарды ресімдеуді оңайлату мақсатында нотариаттық қызметті цифрландыруға бағытталған **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нормашығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қабылданған Заң, заң шығару қызметінің жекелеген сатыларын реформалау және жұртшылықтың заң шығару процесіне тартылуын кеңейтуді көздейді. Заңда келесі міндеттер көзделген:

- құқық қолдану практикасын жетілдіру;
- ведомствоаралық үйлестірудің тиімділігін арттыру;
- қолданыстағы рәсімдерді оңтайландыру;
- ғылыми сараптамалар рәсімдерін жетілдіру.

Адвокатура мен заң консультанттары институттарын одан әрі жетілдіру, олардың қызметін автоматтандыру және оңтайландыру, азаматтардың білікті заң көмегін алу құқықтарының кепілдіктерін арттыру шеңберінде **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

Туристік қызмет саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру мақсатында **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. Заңның қабылданған негізгі нормалары реттегіш құралдарды оңтайландыру жолымен ішкі және келу туризмін дамытуды ынталандыру бойынша құқықтық жағдайлар жасауға, туристік саланы мемлекеттік қолдау шараларын айқындауға, оңтайлы талаптарды белгілеу есебінен шығу туризмі қызметін реттеуге бағытталған.

Ғылыми-техникалық қызмет және оның нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру тетігін жетілдіру, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруды жетілдіру, ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін одан әрі арттыра отырып және алдағы уақытта

оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылата отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаудың жағдайларын жою міндеттерін көздейтін **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды.

Ядролық және радиациялық қауіпсіздік, халықтың денсаулығын қорғау саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіру аясында **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды, оның негізгі міндеттері:

- атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті реттеудің нақты шекараларын айқындау;
- реттеу объектілері мен субъектілеріне қойылатын біркелкі талаптарды белгілеу;
- ядролық және радиациялық қауіпсіздік деңгейін арттыру;
- радиациялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық талаптар мен шарттарға сәйкес келтіру болып табылады.

Қазақстан Республикасының уран өдіру саласындағы заңнамасын жетілдіру мақсатында **«Жер койнауы және жер койнауын пайдалану туралы» Казахстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң қабылданды. Қабылданған Заңмен геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есепке сәйкес бастапқы корлардан отыз және одан да көп пайыздан асатын уран кен орны корларының өсімі жағдайында уран өндіруді реттейтін бірқатар нормалар енгізілді. Мұндай келісімшарттың ережелерінде жер койнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаны іске асыру жөніндегі косымша міндеттемелері қамтылуға тиіс.

«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Заңы қабылданды. Заңмен Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерлікті заңнамалық реттеу және оны дамыту механизмдерін жүйелендіру көзделген.

Заң әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымын, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі міндеттері мен санаттарын, әлеуметтік кәсіпкер мәртебесін беру механизмін, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын бекітуге бағытталған.

Кейіннен сатып алу құқығымен жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі

ұйымдардың, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ жарғылық қызметін орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың заңнамалық негіздерін құру мақсатында **«Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы»** ҚР Заңы қабылданды.

Аталмыш заңмен сатып алуды жүзеге асырудың қағидаттары, тәсілдері, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуға қатысуына байланысты шектеулер және әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары белгіленді.

Фельдъегерлік байланыс саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, оның ішінде оның құқықтық мәртебесі мен қызметінің ұйымдастырушылық негіздерін дербес заңнамалық актіде бекіту аясындаҚР **«Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы»** Заңы қабылданды.

Заңның негізгі міндеттері:

- мемлекеттік фельдъегерлік байланыс қызметтерін көрсету саласындағы қоғамдық қатынастарды заңнамалық регламенттеуді қамтамасыз ету;
- фельдъегерлік байланыс қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздерін, міндеттері мен қағидаттарын айқындау;
- ТМД елдерінің мемлекеттік органдарымен және фельдъегерлік қызметтерімен өзара іс-қимыл тәртібін белгілеу;
- мемлекеттік фельдъегерлік байланыс қызметкерлері мен жұмыскерлерінің құқықтық жағдайын және әлеуметтік кепілдіктерін бекіту болып табылады.

Республиканың халықаралық шарттары мен келісімдерін ратификациялау аясында құқықтық көмек көрсету, сотталған адамдарды беру және ұстап беру, мемлекетаралық стандарттау, автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрес мәселелерін, өзара құқықтық көмек, көші-қон саласындағы ынтымақтастық, сондай-ақ халықаралық автомобиль қатынасы мәселелерін, ЕАЭО шеңберінде интеграциялық құжаттар және басқа да мәселелерді регламенттейтін заңдар қабылданды.

Көрсетіліп отырған кезеңде, Парламент Сенатында заң жобаларын қарау барысында **5 заң жобасына түзетулер енгізіліп, Парламент Мәжілісіне қайтарылды**, атап айтқанда:

1. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

2. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Казахстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және ішкі істер органдары қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері мәселелері бойынша өзгерістер мен

толықтырулар енгізу туралы».

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Осы аталған заң жобаларының үшеуін Сенаттың түзетулерімен Мәжіліс қабылдады. **«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»** Заң жобасы Парламент палаталары арасындағы келісу рәсімдерінен кейін қабылданды.

Парламент Сенатында тиісті заң жобаларын қарау жөніндегі бас комитет ретінде:

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 24 заң жобасын;

Қаржы және бюджет комитеті – 10 заң жобасын;

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 8 заң жобасын;

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 13 заң жобасын;

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті – 5 заң жобасын;

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 3 заң жобасын жүргізді.



3.1. СЕНАТЫНЫҢ ТҰРАҚТЫ КОМИТЕТТЕРІ БОЙЫНША ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ

3.1.1. Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті

1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л. Сүлеймен.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Н.Бекназаров, Е.Козлов, К. Мусин бастамашы болды.

Жол жүрісі саласындағы заңнаманы жетілдіру заң жобасын әзірлеудің негізгі мақсаты болып табылады.

Заң жобасы Мемлекет басшысының Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің 2019 жылғы 20 желтоқсандағы отырысында берген, Қазақстан Республикасында берілген жүргізуші куәлігін және көлік құралын тіркеу туралы куәлікті өзімен бірге алып жүруді жүргізушіге міндеттейтін нормаларды қолданыстағы заңнамадан алып тастауға қатысты тапсырмасын орындау үшін әзірленді.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

жол-көлік құралдарының тиімді және қауіпсіз жұмыс істеуі, адамның, қоғамның, мемлекеттің құқықтарын, мүдделерін қорғау;

ЖКО санын және олардан болатын салдарлардың ауырлығын төмендету.

Мәселен, ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінен Қазақстан Республикасында берілген жүргізуші куәлігін және көлік құралын тіркеу туралы куәлікті өзімен бірге алып жүруді жүргізушіге міндеттейтін нормаларды сақтамағаны үшін әкімшілік жауаптылық алып тасталады.

«Жол жүрісі туралы» ҚР Заңына мынадай:

- Қазақстан Республикасында берілген жүргізуші куәлігін және көлік құралын тіркеу туралы куәлікті өзімен бірге алып жүруді жүргізушіге міндеттейтін нормаларды қолданыстағы заңнамадан алып тастайтын;

- шығарылғанына он жылдан асқан автобустарды бастапқы тіркеуге тыйым салатын түзетулер енгізіледі. Бұл ретте, осы норманы 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап енгізу көзделеді.

Заң жобасынан күтілетін нәтиже – жол жүрісінің қауіпсіздігін жақсарту.

Заң 2021 жылы 21 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары С.Бычкова, В. Волков, Б. Кесебаев, К. Мусин, Л. Сүлеймен бастамашы болды.

Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасаған заң жобасы нотариатты ұйымдастырудың тиімділігін және оның қызметінің негізгі бағыттарын арттыруға бағытталған.

Заң жобасы халықтың өмір сүру сапасын жақсартуды көздейтін «Цифрлық Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының басты мақсаты нотариат саласындағы заңнаманы жетілдіру және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық жүйесін қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- нотариаттық қызмет көрсетудің тиімділігін арттыру, Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің жұмысын реттеу бойынша нормаларды бекіту;

- нотариаттық құжаттарды сақтау және есепке алу үшін репозиторийдің орталықтандырылған электрондық жүйесін және электрондық мұрағатты құру;

- нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өтініш білдірген жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету;

- нотариатты басқару органдарын және олардың өкілеттіктерін егжей-тегжейлі регламенттеу, жаңа нотариаттық іс-әрекеттерді енгізу;

- тәртіптік жаза шараларын нақтылау;

- нотариустың құқықтары мен міндеттерін кеңейту;

- нотариаттық қызмет көрсету саласында заңдылықты сақтау және нотариустардың құқық қолдану тәжірибесінде бірізділікті қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасында нотариаттық қызметтің құқықтық және ұйымдастырушылық негіздерін регламенттейтін, оның қызметін ұйымдастырудың негізгі қағидаттарын айқындайтын, оның ішінде нотариаттық құпияны сақтауға және оны сақтау міндетін бұзғаны үшін жауаптылыққа қойылатын талаптарды реттейтін ережелер қамтылған.

Жеделдік, ашықтық және заңдылық, сондай-ақ нотариаттық құжаттарды ресімдеуді оңайлату мақсатында нотариаттық қызметті одан әрі цифрландыру бойынша түзетулер енгізіледі.

Мәселен, электрондық құжаттың қағаз жеткізгіштегі құжатпен бірдейлігін куәландыру және қағаз жеткізгіштегі құжаттың электрондық құжатпен бірдейлігін куәландыру көзделеді.

Нотариаттық іс-әрекеттердің түрлерін кеңейту мақсатында жеке және заңды тұлғаларға өтеулі негізде нотариус көрсететін консультация беру енгізіледі. Мұндай консультация беру мәмілелердің жобаларын, өтініштер мен басқа да құжаттарды жасау, нотариаттық іс-әрекеттер жасауға байланысты емес құқықтық сипаттағы ауызша және жазбаша консультациялар жүргізу нысанында жүзеге асырылатын болады.

Заң жобасын қабылдау нәтижесінде қазіргі заманғы цифрлық технологияларды енгізу және қолдану, нотариат туралы заңнамадағы құқықтық олқылықтар мен қарама-қайшылықтарды жою, оның нормаларын бір-біріне және Қазақстан Республикасының басқа да заңнамалық актілеріне сәйкес келтіру күтіледі.

Заң 2021 жылы 28 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нормашығармашылықты жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат В. Волков.

Нормашығармашылық қызметтің жекелеген сатыларын реформалау және жұртшылықтың заң шығару процесіне тартылуын кеңейту заң жобасын әзірлеудің негізгі мақсаты болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- құқық қолдану практикасын жетілдіру;
- ведомствоаралық үйлестірудің тиімділігін арттыру;
- қолданыстағы рәсімдерді оңтайландыру;
- ғылыми сараптамалар рәсімдерін жетілдіру.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне және «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы», «Әділет органдары туралы», «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Қазакстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы туралы», «Рұқсаттар және хабарламалар туралы», «Ақпаратқа қол жеткізу туралы» және «Құқықтық актілер туралы» заңдарына түзетулер енгізіледі.

Атап айтқанда, заң жобасында мынадай жаңашылдықтар көзделеді:

- тұжырымдаманы әзірлеудің алдында болатын жаңа сатыны ендіру, атап айтқанда заң жобасының тұжырымдамасына жақын нысандағы, алайда түпкілікті шешімінсіз құжат (Реттеушілік саясаттың консультативтік құжатын) әзірлеу;
- «реттеушілік саясат» ұғымын, оның жалпы қағидаттары мен тәсілдерін ендіру;
- жаңаша реттеуге субъектілердің дайындалуы үшін нормаларды қолданысқа енгізу мерзімдерін заңнамалық ұзарту (60 күн);
- ғылыми-құқықтық сараптаманы ұйымдастырудағы тәсілдерді өзгерту (Ғылыми құқықтық сарапшылар тізілімін енгізу);
- «Е-заңнама» ақпараттық жүйесін ендіру, ол заңнамаға талдау (мониторинг) жүргізуге, сондай-ақ нормашығармашылықтың жекелеген процестерін автоматтандыруға арналған;
- құқықтық мониторингтің нормативтік құқықтық актілердің тиімділігін бағалауға мемлекеттік органдардың назарын аудару бөлігіндегі рөлін күшейту;
- заңға тәуелді НҚА әзірлеудің сапасын қамтамасыз ету жөніндегі тетіктерді жетілдіру.

Жоғарыда көрсетілгендерден басқа, заң жобасы құқық қолдану практикасындағы проблемаларды жою, заң шығарудың болжамдық-талдамалық құрамдасын жақсарту жөніндегі бірқатар іліспе міндеттерді шешуге бағытталған.

Заң жобасынан күтілетін нәтиже - заң шығару процесін жетілдіру.

Заң 2021 жылы 18 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

4. «1993 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі өзара көмек туралы Шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Р. Әбдікеров.

1993 жылғы 22 қазандағы Қазақстан Республикасы мен Моңғолия арасындағы азаматтық және қылмыстық істер бойынша өзара көмек туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттамаға (бұдан әрі – Хаттама) 2019 жылғы 10 қазанда Нұр-Сұлтан қаласында қол қойылды.

Заң жобасының негізгі мақсаттары азаматтық және қылмыстық іс жүргізу саласында құқықтық көмек көрсету жөніндегі құзыретті органдардың нақты функцияларын белгілеуге бағытталған хаттаманы ратификациялау болып табылады.

Сол арқылы осы Шарттың 4-бабына Қазақстан Республикасының аумағында шетелдік соттардың шешімдері мен өтінішхаттарын орындау саласында құқықтық көмек көрсету жөніндегі сот органдарының функцияларын нақтылау, сондай-ақ Қазақстан тарапынан орталық органдардың өзгерту; қылмыстық істер бойынша құқықтық көмек көрсету жөніндегі Бас прокуратураның функцияларын нақтылау бөлігінде Қазақстан Республикасы Қылмыстық іс жүргізу кодексінің жаңа редакциясының қабылдануына байланысты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің құзыретін көздейтін Шарттың 27-бабын алып тастау бөлігінде өзгерістер енгізіледі.

Осы Хаттаманың іске асырылуына Қазақстан Республикасынан жауапты құзыретті органдар болып Жоғарғы Сот, Бас Прокуратура және Әділет министрлігі айқындалды.

Хаттаманы ратификациялаудан күтілетін нәтиже азаматтық және қылмыстық істерді қарауда тиімді құқықтық көмек көрсету және екі мемлекет арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту үшін жағдайлар жасау болады.

Заң 2021 жылы 25 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Мәкежанов.

Қазақстан Республикасы мен Корея Республикасының арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) 2019 жылғы 22 сәуірде Нұр-Сұлтан қаласында қол қойылды.

Заң жобасының негізгі мақсаты сотталған адамдарға бас бостандығынан айыру, күзетпен қамауға алу түріндегі жазаны өздері азаматы болып табылатын мемлекетте өтеу мүмкіндігін бере отырып, осындай адамдарды беру кезінде ынтымақтастықты жақсарту болып табылады.

Шартта сотталған адамды беру, оны беру шарттары, сондай-ақ беруші тарап үшін берудің салдарлары, беру туралы сұрау салудың нысаны мен мазмұны, ақпарат алмасу, сотталған адамды транзиттеу және сотталған

адамды беруге немесе бергеннен кейін үкімді одан әрі орындауға орай туындаған шығыстармен байланысты нормалар және басқалар көзделген.

Мәселен, сотталған адамды беру мынадай шарттарда:

1) сотталған адам Корея Республикасының немесе Қазақстан Республикасының азаматы болып табылған;

2) заңды күшіне енген үкім болған;

3) беру туралы сұрау салу алынған кезде сотталған адамның жазаны өтеу мерзімі кемінде бір жыл болған;

4) жасалған әрекет екі тарапта да қылмыс деп танылған;

5) сотталған адамның өзін беруге жазбаша ниеті болған;

6) беруші және қабылдаушы тараптар беруге келіскен жағдайларда жүргізіледі.

Қазақстан Республикасының атынан Шарттың ережелерін іске асыратын орталық орган болып Бас прокуратура айқындалды.

Шартты ратификациялау сотталған адамдардың өздерінің азаматтығы тиесілі қоғамға сәтті қайта интеграциялануына ықпал етеді.

Заң 2021 жылы 25 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат А. Лукин.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары С.Бычкова, В. Волков, С. Имашева, Б. Кесебаева, В. Олейник, К. Сафинов, Л. Сүлеймен бастамашылық етті.

Заң жобасы адвокатура мен заң консультанттары институттарын одан әрі жетілдіру, олардың қызметін автоматтандыру және оңтайландыру, азаматтардың білікті заң көмегін алу құқықтарының кепілдіктерін арттыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының негізгі міндеттері азаматтардың құқықтарын қорғау кепілдіктерін арттыру, қылмыстық процестегі процестің жарыспалылығы мен тараптардың тең құқықтығын кеңейту, адвокатура мен заң консультанттары институттарын жетілдіру және құқықтық олқылықтарды жою болып табылады.

Заң жобасында 3 кодекс пен 6 заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң жобасында мынадай негізгі түзетулер көзделеді.

Қылмыстық-процестік, Қылмыстық-атқару және Азаматтық процестік кодекстеріне:

- процестің жарыспалылығын кеңейту мақсатында қорғаушы тараптың, жәбірленуші өкілінің өтінішхаты бойынша анықтаушының, анықтау органының, тергеушінің және прокурордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) және шешімдеріне шағымдар бойынша сот отырысын міндетті түрде тағайындау мүмкіндігі көзделген;

- куә мен қорғалуға құқығы бар куә арасындағы айырмашылықтарды ескере отырып, қорғалуға құқығы бар куәнің іс жүргізу кепілдіктерін көздейтін жеке норма белгіленген;

- қорғау тарапының дәлелдемелерді жинау бойынша өкілеттіктері кеңейтіледі, адвокаттың іске кіріскен сәттен бастап қылмыстық іс қозғауға (СДТБТ-де тіркеуге) негіз болған іс жүргізу құжаттарының белгілі бір тізбесімен танысуы көзделеді;

- адвокатқа білікті заң көмегін көрсету және күдіктінің, айыпталушының, куәнің мүдделерін қорғау үшін қажетті кез келген мәліметтерді, құжаттарды, заттарды талап ету құқығын беру ұсынылады;

- адвокаттың сот сараптамасын жүргізу туралы өтінішхаты бойынша сот сараптамасын тағайындау тәртібі регламенттеледі;

- мәліметтерді беру, ұсыну сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария ету болып табылмайтын жағдайлар нақтыланады;

- сотталғандардың консультациялар, анықтамалар, құқықтық сипаттағы құжаттар жасау түрінде мемлекет кепілдік берген заң көмегін алу құқығы белгіленеді;

- сот органдарының адвокаттар алқасымен өзара іс-қимылына бағытталған түзету және басқалар көзделеді.

«Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына адвокаттық қызмет бөлігінде:

- өзекті мәселелер бойынша шешімдер қабылдаудың жеделдігі үшін адвокаттық қызметтің ұйымдастырушылық нысандарын жақсартатын түзетулер ұсынылады, төралқаның өкілеттіктері кеңейтіледі және адвокаттарға Республикалық адвокаттар алқасының басшы және атқарушы органдарына қатарынан екі мерзімге дейін сайлану құқығы беріледі;

- адвокаттардың біліктілігін арттыру жөніндегі жұмысты ұйымдастырудағы рөлін күшейту және оның басқа да мұқтаждықтары үшін Республикалық адвокаттар алқасына адвокаттар үшін кемінде бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы аударымдар белгіленеді;

- лицензиясынан айырылған адвокатқа үш жылдан кейін белгілі бір талаптарда оны қайта алуға және кәсібіне оралуға мүмкіндік беретін түзетулер көзделеді.

Заң консультанттарының қызметі бөлігінде:

- заң консультанттары палаталарының қызметін тиімді үйлестіру және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыру мақсатында Республикалық заң консультанттары алқасын және оның басқару органдарын құру, сондай-ақ олардың өкілеттіктері көзделеді;

- реттеушілік әсерді талдауды ескере отырып, заң консультанттары палатасына бірігетін кемінде 200 мүше (бұрын 50 адам болған) сандық өлшемшарт айқындалды, ол үшін өтпелі ережелер көзделген;

- заң көмегінің бірыңғай ақпараттық жүйесін Республикалық адвокаттар алқасына және республикалық заң консультанттары алқасына сенімгерлік басқаруға беру ұсынылады.

Бұдан өзге, «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» және «Нотариат туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес тиісті ақпараттық жүйелер Жеке сот орындаушыларының республикалық палатасы мен Республикалық нотариаттық палатаның сенімгерлік басқаруына беріледі.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер:

- қылмыстық процесте процестің жарыспалылығы мен тараптардың тең құқықтығын кеңейту және қылмыстық процеске қатысушылардың құқықтары мен заңды мүдделерінің сақталуын қамтамасыз етудің тиімділігі;

- адвокатура мен заң консультанттары институттарын жетілдіру;

- құқықтық олқылықтарды жою, заң жобасының нормаларын басқа заңнамалық актілерге сәйкес келтіру.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат депутаттарының ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады.

Заң жобасында адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзыретін қысқарту есебінен Республикалық адвокаттар алқасы төралқасының өкілеттіктерін кеңейту көзделеді. Бұл ретте адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысының (конференциясының) айрықша құзыретінен заң жобасымен Республикалық адвокаттар алқасының төралқасына берілетін кейбір өкілеттіктер алып тасталмаған.

Адвокаттың кәсіби қызметімен айналысуға өмір бойы тыйым салуға алып келетін нормалар алып тасталады.

Бұдан басқа, 2026 жылғы 1 қаңтарға дейін адвокаттар алқалары мен заң консультанттары палаталарына тиісінше Республикалық адвокаттар алқасы мен Республикалық заң консультанттары алқасының жалпы мұқтаждықтарына әрбір адвокат пен заң консультанты үшін кемінде бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ай сайынғы жарналарды жүзеге асыру ұсынылады.

Бұл ретте заң жобасында адвокаттар мен заң консультанттарының кейбір санаттарына мүшелік жарналарды төлеу кезінде жеңілдіктер белгілеу ұсынылады.

Көрсетілген мерзім аяқталғаннан кейін, мыналарға:

- адвокаттар алқасы мүшелерінің жалпы жиналысында (конференциясында) Республикалық адвокаттар алқасының;

- Республикалық заң консультанттары алқасының съезінде Республикалық заң консультанттары алқасының жалпы мұқтаждықтарына ай сайынғы жарналардың мөлшері мен аудару тәртібін айқындау ұсынылады.

Сонымен қатар, Республикалық заң консультанттары алқасы және оны құрудың ұйымдастырушылық рәсімдері ұғымдарының аражігін ажырату мақсатында жақсартушы редакция ұсынылады.

Әділет органдарынан шығарылған адамдарды, сондай-ақ мемлекеттік органдардың заң қызметтерінде заң мамандығы бойынша кемінде он жыл жұмыс істеген адамдарды заң консультанты ретінде аттестаттаудан өткізуден босату жөніндегі норманы алып тастау ұсынылады.

Республикалық заң консультанттары алқасының қаржылық-шаруашылық қызметінің ашықтығы мен есептілігін қамтамасыз ету үшін интернет-ресурста барлық түсімдер мен шығыстар туралы ақпаратты, сондай-ақ қаржылық тексеру нәтижелерін қамтитын Республикалық заң консультанттары алқасының қаржылық-шаруашылық қызметі туралы жылдық есепті ашық қолжетімділікте орналастыру ұсынылады.

Заң 2021 жылы 4 наурызда Сенат отырысында қаралып өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп Парламент Мәжілісіне жіберілді.

Заң жобасы Парламент палаталары арасындағы келісу рәсімдерінен кейін қабылданды.

7. «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары: В. Волков, Н. Бекназаров, К.Мусин, Н. Раззақ бастамашы болды.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасады және ол сот жүйесін жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының негізгі міндеті сот жүйесін әкімшілік юстицияның жаңа жағдайларына бейімдеу болып табылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің қабылдануы және оның 2021 жылғы 1 шілдеден қолданысқа енуі сот жүйесінің жұмысына түзетулер енгізуді талап етті.

Осыған байланысты заң жобасымен Қазақстан Республикасының Жоғарғы Сотында әкімшілік істер жөніндегі сот алқасын құру және жұмыс істеп тұрған мамандандырылған сот алқасын тарату көзделеді.

Бұл түзету әкімшілік юстицияны енгізудің бастапқы кезеңінде жүктемені бірқалыпты бөлуге, сондай-ақ деликтілер мен жария дауларды қарау бойынша сот практикасының аражігін ажыратуға мүмкіндік береді.

Өңірлерде істерді бөлуге байланысты тұрақты түрде өзгеріп отыратын жағдайға уақтылы ден қою мақсатында Жоғарғы Сот Төрағасының ұсынуы бойынша Жоғарғы Соттың жалпы отырысының шешімімен облыстық соттардың сот алқаларын құру және тарату көзделеді.

Бұдан басқа заң жобасымен Қазақстан Республикасының Президенті ұсынатын Жоғарғы Сот Төрағасы және Жоғарғы Соттың судьясы лауазымдарына кандидаттарға қойылатын талаптарға қатысты өзгерістер енгізіледі.

Республика Президенті аталған судьялық лауазымдарға сайлау үшін ұсынатын тұлғалардың жеткілікті тәжірибесі бар екенін, кәсіби маман болып табылатынын ескере отырып, заң жобасында олардың біліктілік емтиханын тапсыруы туралы қолданыстағы ережені алып тастау және заңгерлік кәсібі бойынша кемінде жиырма жыл жұмыс өтілі болуы туралы талаптың күшін жою ұсынылады.

Заң жобасын қабылдау Мемлекет басшысының Жолдауы шеңберінде сот жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаны іске асыруға ықпал етеді.

Заң 2021 жылы 11 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

8. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары: В. Волков, Н. Бекназаров, К.Мусин, Н. Раззақ бастамашы болды.

Заң жобасы қолданыстағы заңнаманы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңы жобасының ережелеріне сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының негізгі мақсаты инвесторлардың қатысуымен дауларды қараудың сатылылығын қайта қарау болып табылады.

Осыған байланысты заң жобасымен Азаматтық процестік кодекске, Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 29 маусымдағы Заңға түзетулер көзделеді.

Заң жобасымен мынадай негізгі түзетулер көзделеді.

Азаматтық іс жүргізу кодексінде:

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген жағдайларда қаржы ұйымдарын және банк конгломератына бас ұйым ретінде кіретін және қаржы ұйымдары болып табылмайтын ұйымдарды қайта құру туралы істерді, дара кәсіпкерлер мен заңды тұлғалардың берешегін қайта құру, оңалту және банкроттығы, сондай-ақ банкроттық рәсімін қозғамай оларды тарату туралы істерді қарауды мамандандырылған ауданаралық экономикалық соттарға беру ұсынылады;

- Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотының қарауына жататын істерден басқа, инвестициялық даулар бойынша азаматтық істерді, сондай-ақ инвестордың инвестициялық қызметіне байланысты мемлекеттік органдардың инвесторларға талап қоюларын: Қазақстан Республикасының аумағында кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлғаның (оның филиалының, өкілдігінің); дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан да көп пайызы шетелдік инвесторға тиесілі, Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шетелдік қатысумен құрылған заңды тұлғаның; инвестицияларды жүзеге асыруға мемлекетпен жасалған келісімшарт болған кезде инвесторлардың қатысуымен қарауды Нұр-Сұлтан қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотына беру көзделеді;

- заң жобасында мамандандырылған соттардың сақталуын, сот қорғауының толыққанды үш сатылы жүйесін және Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының сот алқасының кассациялық іс жүргізуді жүзеге асыруын ескере отырып, инвесторлар қатысатын даулардың сатылылығын айқындау және басқа да түзетулер ұсынылады.

Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте:

- норма көзделеді, оған сәйкес республикалық маңызы бар қалалардың және астананың, облыс орталықтарының шегінде орналасқан мамандандырылған аудандық және оларға теңестірілген әкімшілік соттардың соттылығына жататын істерді қоспағанда, талап қоюшының өтініші бойынша мамандандырылған аудандық және оған теңестірілген әкімшілік соттың соттылығына жатқызылған істерді соттың талап қоюшының тұрғылықты жері бойынша қарауы мүмкін;

- құқықтық олқылықтарды жою және заң жобасының нормаларын жоғарыда көрсетілген ұсынылған түзетулерге сәйкес келтіру мақсатында Азаматтық кодекске басқа да түзетулер енгізіледі.

Бұдан басқа, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік заңнамасы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 29 маусымдағы Заңда ұсынылған өзгерістерге сәйкес келтіру бойынша Азаматтық процестік кодексте түзетулер енгізіледі.

Тұтастай алғанда, заң жобасын қабылдау адамның құқықтары мен бостандықтарының, қоғам мен мемлекет мүдделерінің қорғалуының жаңа сапалық деңгейін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, сондай-ақ Қазақстанның ұлттық инвестициялық климатына оң әсер етеді.

Заң 2021 жылы 11 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

9. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Айтпаева.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары: В. Волков, Н. Бекназаров, К.Мусин, Н. Раззақ бастамашы болды.

Заң жобасы қолданыстағы заңнаманы «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңы және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңы жобаларының ережелерімен сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Атап айтқанда, Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстен «Жоғарғы Соттың мамандандырылған сот алқасы» ұғымы алып тасталады.

Бұл ағымдағы жылы жария құқық қатынастар саласындағы дауларды шешу жөніндегі әкімшілік рәсімдермен және арнайы сот ісін жүргізумен

байланысты қоғамдық қатынастарды реттеуге бағытталған Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексін енгізумен байланысты.

Бұдан басқа, заң жобасымен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 804-бабына сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі уәкілетті органға әкімшілік сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар бойынша іс қозғау құқығын беретін түзету ұсынылады.

Бұл Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігін 2019 жылғы маусымда екі ведомствоға – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне және Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігіне бөлінуіне байланысты.

Заң жобасын қабылдау нәтижесінде сот жүйесін одан әрі жетілдіру және заң жобасының нормаларын Қазақстан Республикасының өзге заңнамалық актілерімен сәйкес келтіру күтіледі.

Заң 2021 жылы 11 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

10. «2005 жылғы 25 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л. Сүлеймен.

2005 жылғы 25 қарашадағы Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына (бұдан әрі – ТМД) қатысушы мемлекеттердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күрестегі және оларды қайтаруды қамтамасыз етудегі ынтымақтастығы туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттамаға (бұдан әрі – Хаттама) 2018 жылғы 20 шілдеде Қазақстан Республикасының ескертпесімен Баку қаласында (Әзербайжан Республикасы) қол қойылды.

Заң жобасының негізгі мақсаты ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің аумақтарында автокөлік құралдарына қылмыстық қол сұғушылыққа қарсы іс-қимыл жүйесін жетілдіруге бағытталған Хаттаманы ратификациялау болып табылады.

Хаттаманың міндеттері ТМД-ға мүше мемлекеттер арасындағы автокөлік құралдарының ұрлануын болдырмау және олардың қайтарылуын қамтамасыз ету мәселелеріндегі өзара қарым-қатынастарды реттеу болып табылады.

Бұл ретте ақпараттық дерекқорды мемлекеттік шекараны кесіп өтетін автокөлік құралдары туралы мәліметтермен қолдап отыру мәселелері ескертпеге сәйкес Қазақстан Республикасына қолданылмайды.

Хаттамамен мынадай өзгерістер енгізіледі:

1) автокөлік құралдарының ұрлануына қарсы күресті ұйымдастыру және олардың қайтарылуын қамтамасыз ету, сондай-ақ автокөлік құралдарын қайтару туралы шешім қабылдау немесе автокөлік құралының меншік иесінде оны қайтаруға мүдделіліктің жоқтығы туралы хабардар ету;

2) басқа Тараптардың ақпараттық дерекқорларында қамтылған автокөлік құралдары туралы мәліметтерді алу;

3) мыналар туралы:

- есептен шығарылған автокөлік құралдары туралы;

- мемлекеттік шекараны кесіп өтетін автокөлік құралдары туралы; заңнамаға сәйкес мемлекеттік шекараны кесіп өту кезінде мәліметтері кеден органдарының ақпараттық дерекқорларына енгізілуі тиіс автокөлік құралдары туралы;

- жол-көлік оқиғасы, өрт, дүлей зілзала және өзге де жағдаяттар немесе үшінші тұлғалардың әрекеттері салдарынан зақымданған, оның ішінде конструкциялық жарамсыз болып қалған автокөлік құралдары туралы мәліметтермен алмасу үшін автокөлік құралдары туралы ақпараттық дерекқорды қалыптастыру және қолдау.

Хаттаманы ратификациялаудан күтілетін нәтижелер.

Енгізіліп отырған түзетулер ТМД-ға қатысушы елдердің автокөлік құралдарын жымқыруға қарсы күресте қажетті ақпаратты жедел алуда бірлескен әрекетін күшейтуге мүмкіндік береді, сондай-ақ жымқырылған көлік құралдарын қайтаруды барынша қамтамасыз етеді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 18 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

11. «Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Бекназаров.

Қазақстан Республикасы мен Болгария Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) 2019 жылғы 13 мамырда Софияда жасалған.

Заң жобасының мақсаты екі мемлекеттің сотталған адамдарды беру саласындағы екіжақты ынтымақтастығы үшін құқықтық негіз құруға бағытталған Шартты ратификациялау болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті – бас бостандығынан айыруға сотталған адамдарды отанына беру мәселесін реттеу саласындағы ынтымақтастықты нығайту.

Шарт шеңберінде сотталған адамдардың өзі азаматы болып табылатын мемлекетте жазасын одан әрі өтеуі үшін оларды беру мәселелері бойынша жағдайлар жасалады.

Қазақстан Республикасынан осы Шартты іске асыру үшін жауапты құзыретті орган ретінде Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындалған.

Осы Шартты ратификациялаудан күтілетін нәтижелер мемлекетке ел Конституциясы 11-бабының 2-тармағында көзделген құқық қорғау функциясын іске асыруға мүмкіндік береді, оған сәйкес Қазақстан

Республикасы өз азаматтарына оның шегінен тысқары жерлерде қорғауға және оларға қамқорлық жасауға кепілдік береді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Шарт ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 18 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

12. «Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы шартты ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Қ. Сафинов.

Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілері, қызмет көрсету белгілері және тауарлар шығарылған жерлердің атаулары туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) 2020 жылғы 3 ақпанда Мәскеу қаласында жасалды.

Заң жобасының мақсаты бір өтінім беру арқылы Еуразиялық экономикалық одақ аумағында тауар белгілері мен тауар шығарылған жерлердің атауларына қатысты бірыңғай қорғау құжатын алудың өңірлік жүйесін құруға бағытталған Шартты ратификациялау болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті Еуразиялық экономикалық одақтың тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін және тауарлары шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғауды қамтамасыз ету болып табылады.

Шартта тауар белгілерін, қызмет көрсету белгілерін және тауар шығарылған жерлердің атауларын құқықтық қорғау ерекшеліктері, оның қолданылу қағидаттары, өтінім берушілер мен құқық иеленушілердің құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ ұлттық патенттік ведомстволардың өзара іс-қимыл жасау тәртібі көзделген.

Ұсынылып отырған жүйе шеңберінде бес ұлттық патенттік ведомствоның кез келгені өтінім беру ведомствосының функцияларын орындайтын болады және өтінім берушілерге бір патенттік ведомствомен өзара іс-қимыл жасау оңайырақ болады, ал тауар белгісіне құқықтық қорғау бір мезгілде Еуразиялық экономикалық одақтың бүкіл аумағында берілетін болады.

Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі Қазақстан Республикасынан осы Шартты іске асыруға жауапты уәкілетті орган болып айқындалды.

Еуразиялық нарыққа бағдарланған отандық тауар өндірушілердің құқықтарын қорғау деңгейін арттыру, зияткерлік меншікке құқықтарды бұзу тәуекелдерін азайту, Еуразиялық экономикалық одақтың бүкіл аумағында бір қорғау құжаты арқылы отандық тауар өндірушілердің зияткерлік меншікке құқықтарын қорғау ратификациялаудан күтілетін нәтижелер болып табылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 1), 8) және 9) тармақшаларына сәйкес Шарт ратификациялауға жатады.

Заң 2021 жылы 18 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

13. «Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындауды беру туралы конвенциясын ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Р. Әбдікеров.

Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығына қатысушы мемлекеттердің бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаларды орындауды беру туралы конвенциясы (бұдан әрі – Конвенция) 2019 жылғы 11 қазанда Ашғабатта жасалды.

Заң жобасының негізгі мақсаты халықаралық ынтымақтастықтың құқықтық негіздерін белгілеуге және бас бостандығынан айырумен байланысты емес қылмыстық жазаларды орындау саласындағы өзара көмекті кеңейтуге бағытталған Конвенцияны ратификациялау болып табылады.

Бұл ретте Қазақстан Республикасы Конвенцияға мынадай ескертпемен қол қойды: «Қазақстан Республикасы осы Конвенцияның 2, 3 және 4-баптарында айтылған «заңды өкіл» термині Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік және азаматтық-процестік заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасы үшін «қорғаушы» термині ретінде түсінілетінін мәлімдейді.».

Конвенцияның ережелері солардың негізінде бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазалар тағайындалған және (немесе) заңды күшіне енген қылмыстық-құқықтық сипаттағы шаралар қолданылған сот шешімдеріне (үкімдеріне) қатысты қолданылады.

Конвенция медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын белгілеу туралы сот шешімдерін, соларға сәйкес жаза ретінде айыппұл немесе мүліктік сипаттағы өзге де жаза, сондай-ақ тәркілеу айқындалған үкімдерді орындаумен байланысты мәселелерге қолданылмайды.

Конвенцияда ұғымдық аппарат біріздендірілген, Уағдаласушы Тараптардың құзыретті органдарының өзара ынтымақтастығының бағыттары мен нысандары айқындалған, бас бостандығынан айырумен байланысты емес жазаға сотталған адамға қатысты жазаны орындауды беру мүмкін болатын жағдайлар көрсетілген. Қазақстан Республикасынан Конвенцияны іске асыруға жауапты құзыретті орган болып Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы айқындалды.

Конвенцияны ратификациялаудан күтілетін нәтиже ТМД-ға қатысушы мемлекеттер арасындағы қылмыстық сот төрелігі саласындағы өзара ынтымақтастықты нығайту болады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Конвенция ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 1 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

14. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Бекназаров.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) 2019 жылғы 27 қарашада Бішкекте жасалды.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Қырғыз Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті көші-қон процестері мен азаматтық мәселелерін реттеу, сондай-ақ заңсыз көші-қон арналарын анықтау бойынша мәліметтер алмасуды жүзеге асыру үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

Қазақстан Республикасынан Келісімді іске асыруға жауапты құзыретті органдар болып Ішкі істер министрлігі мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі айқындалды.

Келісімге сәйкес тараптар мынадай негізгі бағыттар бойынша ынтымақтастықты жүзеге асырады:

- статистикалық, құқықтық және ғылыми-әдістемелік ақпаратпен алмасу;
- Тараптар мемлекеттерінің аумақтарындағы Тараптар мемлекеттерінің азаматтары туралы мәліметтермен алмасу;
- ынтымақтастық процесінде туындайтын мәселелер бойынша тәжірибе алмасу және практикалық көмек көрсету;
- Тараптар мемлекеттері азаматтарының құқықтарын оларға тұруға берілген рұқсат мерзімі ішінде қорғау;
- Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында болу (тұру) үшін негіздері бар адамдардың құқықтық мәртебесі туралы ақпарат алмасу.

Осы Келісімді ратификациялау кезінде күтілетін нәтижелер заңсыз көші-қонға қарсы іс-қимылда және көші-қон процестерін реттеуде екі ел ынтымақтастығының тиімділігін арттыру бойынша құқықтық негіз құру болып табылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 8 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

15. «Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасы арасындағы адамдарды ұстап беру туралы шартты ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Бекназаров.

Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасы арасындағы адамдарды ұстап беру туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) 2019 жылғы 22 тамызда Скопье қаласында жасалған.

Заң жобасының мақсаты қылмысқа қарсы күресте екі ел арасындағы тиімді ынтымақтастық үшін құқықтық негіз құруға бағытталған Шартты ратификациялау болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті – бір Тараптың аумағында жүрген және екінші Тараптың құзыретті органдары адамды ұстап беруге әкеп соғатын қылмыстар үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту немесе сот үкімін орындау үшін іздестіріп жатқан адамдарды ұстап беру саласындағы екі жақты ынтымақтастықты нығайту.

Шартта ұстап беруге әкеп соғатын негіздер туралы, ұстап беруден бас тарту туралы, ұстап беруді кейінге қалдыру немесе уақытша ұстап беру туралы, ұстап беру туралы сұрау салу және қажетті құжаттар туралы, адамды ұстап берудің және қайта берудің оңайлатылған рәсімі туралы және басқа да ережелер қамтылған.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасынан осы Шартты іске асыруға жауапты орталық орган болып айқындалды.

Шартты ратификациялаудан күтілетін нәтиже қылмысқа қарсы күресте екі мемлекет арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Шарт ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 22 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

16. «Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартты ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Мәкежанов.

Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасы арасындағы сотталған адамдарды беру туралы шартқа (бұдан әрі – Шарт) тараптар 2019 жылғы 22 тамызда Скопье қаласында қол қойды.

Заң жобасының негізгі мақсаттары – екі ел арасындағы құқықтық ынтымақтастықты нығайту және сотталған адамдардың өздері азаматы болып табылатын мемлекетте немесе тұрақты тұрғылықты жері бойынша қылмыстық жазасын өтеуі үшін олардың қоғамға бейімделуіне жәрдемдесу.

Шартта уағдаласушы тараптардың құзыретті органдарының сотталған адамдарды беру саласындағы өзара іс-қимыл жасау тәртібі, Үкім шығарушы тарап және Үкім орындаушы тарап үшін берудің шарттары, салдарлары, сұрау салудың нысаны мен мазмұны, ақпарат алмасу, сотталған адамды транзиттеу және сотталған адамды беруге орай туындаған шығыстармен байланысты нормалар және басқалар көзделген.

Сотталған адамды беру мынадай жағдайларда:

- сотталған адам Үкімді орындаушы тараптың азаматы болса;

- адам Үкімді орындаушы тараптың заңдары бойынша да қылмыс болып табылатын іс-әрекет үшін соталса;

- беру туралы сұрау салу алынған кезде сотталған адамға қатысты шығарылған сот шешімі түпкілікті болса және сотталған адам өтеуге тиісті уақыт кезеңі кемінде алты айды құраса;

- сотталған адамның немесе сотталған адамның жасына, физикалық немесе психикалық жай-күйіне байланысты оның заңды өкілінің беруге жазбаша келісімі болса;

- екі Тарап беруге келіссе жүргізіледі.

Айрықша жағдайларда Тараптар, тіпті егер сотталған адам өтеуге тиісті мерзім алты айдан аз болса да, беруге келісуі мүмкін.

Шартта бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын орталық органдар айқындалған, Қазақстан атынан – Бас прокуратура, Солтүстік Македония Республикасы атынан – Әділет министрлігі.

Шартты ратификациялау Қазақстан Республикасы Конституциясы 11-бабының 2-тармағында кепілдік берілген Қазақстан азаматтарының оның тыс жерлерінде қорғалу және оларға қамқорлық жасалу құқықтарын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Шарт ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 22 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

17. «Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шартты ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Р. Әбдікеров.

Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасы арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек туралы шарт (бұдан әрі – Шарт) 2019 жылғы 22 тамызда Скопье қаласында жасалған.

Заң жобасының негізгі мақсаты қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету тәртібін белгілеуге, сондай-ақ қылмысқа қарсы күрес саласында тиімді өзара іс-қимыл жасауға бағытталған шартты ратификациялау болып табылады.

Шарттың негізгі міндеті Қазақстан Республикасы мен Солтүстік Македония Республикасы арасындағы екі мемлекеттің аумақтарындағы қылмысқа қарсы іс-қимыл саласында құқықтық ынтымақтастықты нығайту болып табылады.

Шартта мемлекеттер арасындағы қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмекті іске асырудың ұйымдастырушылық-құқықтық тетігі егжей-тегжейлі регламенттелген.

Шарттың ережелері көмек көрсету туралы сұрау салулардың нысаны мен мазмұнын, құқықтық көмек көрсетуден бас тартудың немесе кейінге қалдырудың тәртібі мен шарттарын, сұрау салуды орындауды, күзетпен ұсталатын адамдарды уақытша беруді және қорғау шараларын қамтиды.

Банктегі шоттарды анықтау мен қаржылық ақпарат, құжаттарды, материалдарды немесе заттарды ұсыну, қылмыстық талқылаулар туралы ақпарат алмасу мәселелеріне жеке норма арналған.

Қазақстан Республикасының Бас прокуратурасы Қазақстан Республикасынан осы Шартты іске асыруға жауапты орталық орган болып айқындалды.

Шартты ратификациялаудан күтілетін нәтиже өзара құрмет пен теңдік негізінде қылмысқа қарсы іс-қимыл саласында екі мемлекет арасындағы өзара ынтымақтастықты нығайту үшін қолайлы жағдайлар жасау болып табылады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Шарт ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 22 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

18. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л. Сүлеймен.

Заң жобасы Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына Жолдауын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы VII шақырылымдағы Парламенттің бірінші сессиясында айтылған аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлауды ендіру туралы тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобасының мақсаты аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін тікелей сайлауды ендіру болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

1) сайлау жүйесін жетілдіру;

2) жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайту;

3) сайлау кезінде саяси партиялардың өту шегін төмендету болып табылады.

Заң жобасы мынадай жаңалықтарды көздейді:

1. Аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдігіне кандидаттарды:

- өзін-өзі ұсыну тәртібімен (тиісті қалада немесе ауылдық округте тұратын сайлаушылардың кемінде 1%-ының кандидатты қолдап қол жинауы);
- саяси партиялардың өз мүшелері қатарынан ұсыну;
- егер ұсыну мерзімінің соңына екіден кем кандидат ұсынылған жағдайда, аудан (облыстық маңызы бар қала) әкімінің ұсынуы.

2. Кандидаттарға қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасының азаматы; жасы 25-тен кіші емес; осы лауазымға қойылатын біліктілік талаптары; барлық мемлекеттік қызметшілерге қойылатындай жалпы шектеулер (соттылық, әрекетке қабілетсіздік және т.б.).

3. Кандидаттың Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген ең төменгі жалақының бір еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын енгізуі.

4. Сайлау 40 күн бұрын жарияланады, ал сайлаудың өзі жұмыс істеп жүрген

әкімнің өкілеттік мерзімі аяқталғанға дейін 10 күн бұрын өтеді. Сайлау науқанының мерзімі – 30 күн.

5. Ауыл әкімдерінің тікелей сайлауын қаржыландыру жергілікті бюджет арқылы жүзеге асырылатын болады.

6. Сайлау кезінде саяси партиялардың өту шегін дауыс беруге қатысқан сайлаушылар дауыс санының 7%-ынан 5%-ына дейін төмендету жөнінде нормалар енгізілді.

7. Барлық деңгейдегі сайлау бюллетеньдерінің нысандарына «Бәріне қарсымын» бағанын енгізу.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер: сайлау жүйесін дамыту және жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жергілікті қоғамдастық алдындағы жауапкершілігін арттыру.

Тұтастай алғанда, заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқпайды.

Заң 2021 жылы 20 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

19. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сайлау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л. Сүлеймен.

Заң жобасы Мемлекет басшысының Қазақстан халқына 2020 жылғы 1 қыркүйектегі Жолдауын, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Президентінің 2021 жылғы 15 қаңтардағы жетінші шақырылған Қазақстан Республикасы Парламентінің бірінші сессиясында берілген, аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін төте сайлауды ендіру туралы тапсырмасын орындау мақсатында әзірленді.

Заң жобасын әзірлеудің негізгі мақсаты Қазақстан Республикасының сайлау жүйесін жетілдіру болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері жергілікті өзін-өзі басқару жүйесін нығайту, жергілікті халықтың өз конституциялық құқықтарын іске асыру кезіндегі белсенділігін арттыру, саяси партиялардың рөлін күшейту болып табылады.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының мына заңдарына:

1. «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңға ауыл әкімін лауазымға сайлау және оның өкілеттіктерін тоқтату тәртібі бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Сайланған әкімнің өкілеттіктері ауданның аумақтық сайлау комиссиясы оны тіркеген кезден бастап басталады.

Әкімнің өкілеттіктері:

- әкім қайтыс болған, заңды күшіне енген сот шешімі бойынша әрекетке қабілетсіз, әрекет қабілеті шектеулі, хабарсыз кеткен деп танылған не оны қайтыс болды деп жариялау туралы сот шешімі бойынша танылған;

- өзін ұсынған саяси партияны қайта ұйымдастыру және тарату жағдайларын қоспағанда, саяси партияға мүшелігі тоқтатылған;

- жоғары тұрған әкім аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихаты депутаттарының әкімге қатысты білдірген сенімсіздігін қабылдаған;

- Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған;

- ауданның (облыстық маңызы бар қаланың) аумақтық сайлау комиссиясы жаңадан сайланған әкімді тіркеген жағдайларда;

- Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген өзге де жағдайларда тоқтатылады.

2. «Саяси партиялар туралы» Заңға саяси партиялардың жарғысын, ауыл әкіміне кандидаттарды ұсыну жөніндегі құқықтары мен міндеттерін толықтыру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

3. «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Заңға аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдері болып сайланған әскери міндеттілерді әскери жиындарға шақырудан босату бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

4. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Заңға:

- аудандық (қалалық) сайлау комиссиясынан құжаттарды алған кезден бастап отыз күн ішінде кандидаттың арнайы тексеруден өтуі;

- ауыл әкімдерін тәртіптік теріс қылығы мен жазасы үшін ротациялауды, аттестаттауды және лауазымын төмендетуді алып тастау бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң жобасынан күтілетін нәтиже – жергілікті мемлекеттік басқару органдарының жергілікті қоғамдастық алдындағы жауапкершілігін арттыру.

Заң 2021 жылы 20 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

20. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Мәкеженов.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Әзербайжан Республикасының Үкіметі арасындағы көші-қон саласындағы ынтымақтастық туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) тараптар 2019 жылғы 14 қазанда Баку қаласында қол қойған.

Келісімнің негізгі мақсаты – уағдаласушы мемлекеттердің көші-қон саласындағы екіжақты ынтымақтастығы үшін құқықтық негіз құру, сондай-ақ заңсыз көші-қонға қарсы күрес және онымен күрестегі ынтымақтастық бойынша бірлескен шараларды жүзеге асыру.

Келісімде көші-қон саласында ақпаратпен және мәліметтермен; тараптар мемлекеттерінің аумақтарында болатын азаматтарды анықтау және құқықтық мәртебесін айқындау мақсатында олар туралы дербес деректермен алмасу; ынтымақтастық нысандары; тәжірибе алмасу және ынтымақтастық процесінде туындайтын мәселелер бойынша практикалық көмек көрсету жөніндегі сұрау салудың мазмұны және басқалар көзделген.

Тараптар қажет болған жағдайда және өзара уағдаластық бойынша анықталған көші-қон заңнамасын бұзушылықтар және заңсыз көші-қон

арналары туралы, екі тарап аумақтарында жұмыс істейтін, заңсыз көші-қонды ұйымдастыруға және жүзеге асыруға қатысы бар заңды және жеке тұлғалар туралы, заңсыз көші-қонның алдын алуға бағытталған практика мен шаралар туралы ақпаратпен және мәліметтермен алмасуды жүзеге асырады.

Келісімді іске асыру жөніндегі құзыретті органдар:

Қазақстан Республикасынан – Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі;

Әзербайжан Республикасынан – Әзербайжан Республикасының Мемлекеттік Көші-қон Қызметі болып табылады.

Келісімді ратификациялау көші-қон саласындағы ақпаратпен және мәліметтермен алмасу, қос азаматтық фактілерінің жолын кесу бойынша көші-қон процестерін реттеу, заңсыз көші-қонмен күресті ұйымдастыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал ететін болады.

Сенаттың тұрақты комитеттерінің осы заң жобасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 1) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 3 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

21. «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Бекназаров.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің Заң жобалау жұмыстарының жоспарына сәйкес әзірленді.

Заң жобасының басты мақсаты - фельдъегерлік байланыс саласындағы қолданыстағы заңнаманы жетілдіру, оның ішінде оның құқықтық мәртебесі мен қызметінің ұйымдастырушылық негіздерін дербес заңнамалық актіде бекіту.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- мемлекеттік фельдъегерлік байланыс қызметтерін көрсету саласындағы қоғамдық қатынастарды заңнамалық регламенттеуді қамтамасыз ету;
- фельдъегерлік байланыс қызметін ұйымдастырудың құқықтық негіздерін, міндеттері мен қағидаттарын айқындау;
- ТМД елдерінің мемлекеттік органдарымен және фельдъегерлік қызметтерімен өзара іс-қимыл тәртібін белгілеу;
- мемлекеттік фельдъегерлік байланыс қызметкерлері мен жұмыскерлерінің құқықтық жағдайын және әлеуметтік кепілдіктерін бекіту.

Заң жобасын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- мемлекеттік фельдъегерлік қызметтің құқықтық мәртебесін арттыру;
- ел ішінде де, үкіметаралық қарым-қатынастарда да фельдъегерлік байланыстың тиімді жүйесін қалыптастыру;

- мемлекеттік фельдъегерлік қызмет қызметкерлері мен олардың отбасы мүшелерінің қауіпсіздігі мен әлеуметтік қамтамасыз етілуінің құқықтық кепілдіктерін күшейту.

Заң 2021 жылы 17 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

22. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметінің мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н. Бекназаров.

Заң жобасының басты мақсаты – «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» салалық Заңды әзірлеуге, сондай-ақ ішкі істер органдарының қызметін жаңғыртуды заңнамалық сүйемелдеуді іске асыруға байланысты қолданыстағы заңнамаға өзгерістер енгізу болып табылады.

Заң жобасымен 17 заңнамалық актіге, оның ішінде 1 кодекске өзгерістер мен толықтырулар енгізу ұсынылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- «Мемлекеттік фельдъегерлік байланыс туралы» Заң жобасын әзірлеуге байланысты мемлекеттік фельдъегерлік байланыс саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін заңнамалық нормаларды сәйкес келтіру;

- төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс және өрт қауіпсіздігі саласында Ішкі істер министрлігіне тән емес функциялар мен өкілеттіктерді беруді заңнамалық бекіту;

- мемлекеттік өртке қарсы қызмет органдарының өкілеттіктерінде анықтау функцияларын бекіту;

- полицияның сервистік моделін дамытуда учаскелік инспекторлардың мәртебесін арттыру;

- экономикалық тергеу қызметінің қызметкерлері үшін жоғары басшы құрамның қосымша біліктілік сыныбын белгілеу;

- тиісті қаржыландырудың болмауына байланысты дактилоскопиялық тіркеуді қолданысқа енгізу мерзімін 2023 жылғы 1 қаңтарға дейін тоқтата тұруды шешу болып табылады.

Заң жобасын іске асырудан күтілетін нәтижелер:

- мемлекеттік фельдъегерлік байланыс және ішкі істер органдары қызметін заңнамалық реттеудегі құқықтық олқылықтарды жою;

- өрт қауіпсіздігі органдарының мәртебесін арттыру;

- учаскелік инспекторлардың рөлін күшейту және олардың қызметінің тиімділігін арттыру.

Заң 2021 жылы 17 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

23. «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Қ. Сафинов.

Заң жобасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне

персонал беру жөніндегі қызметтерді көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының ережелерін бекіту мақсатында әзірленген және Қазақстан Республикасы Конституциясы 24-бабының кепілдігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Заң жобасының негізгі міндеті әкімшілік құқық бұзушылық туралы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасында заңсыз тексерулер және бақылаудың өзге де нысандарын жүргізгені үшін лауазымды адамдарды әкімшілік жауаптылыққа тарту үшін ескіру мерзімі ұлғайтылады, алауларда және стационарлық көздерде жағудан болатын ластағыш заттардың шығарындылары үшін айыппұлды есептеу кезінде кемсітушілік тәсіл жойылады.

Сонымен бірге:

- жұмыскерге қатысты еңбекке ақы төлеу, жұмыс уақыты режимі мен демалысы бойынша кемсітушілікке жол бермеу жөніндегі жұмыс берушінің немесе қабылдаушы тараптың жауаптылығы;

- прокурордың қаулысын орындамағаны үшін жауаптылық;

- азаматқа, ұйымға немесе мемлекетке едәуір нұқсан немесе өзге де елеулі зиян келтірген Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құқық қорғау немесе арнаулы мемлекеттік органдар күзететін объектіге, сондай-ақ жеке күзет ұйымы күзететін қауіпті өндірістік объектіге заңсыз кіргені үшін жауаптылық;

- Мемлекеттік фельдьегерлік қызмет қызметкерінің заңды өкімін немесе талабын орындамағаны үшін жауаптылық көзделеді.

Учаскелік инспекторлардың әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы (132 (бірінші бөлігінде), 441-1, 480 (бірінші бөлігінде), 614-баптары) істердің жекелеген санаттарын қарау және солар бойынша жаза қолдану жөніндегі өкілеттіктері кеңейтіледі.

Бұдан басқа, прокурордың қаулысын орындамағаны үшін әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қарау бойынша судьяның құзыреті, сондай-ақ осы санаттардағы істерді қозғау бойынша прокурордың құзыреті нақтыланады.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер – азаматтардың, кәсіпкерлердің заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау.

Заң 2021 жылы 24 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

24. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымына кедергі келтіретін шараларды күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат В.Волков.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары С.М.Айтпаева, Д.В.Колода, А.И.Лукин, К.С.Мусин, С.А.Симонов бастамашылық жасады және мыналарды:

- Мемлекет басшысының 2019 жылғы 2 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 37-тармағын;

- Мемлекет басшысының 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауын іске асыру жөніндегі Жалпыұлттық іс-шаралар жоспарының 110, 111, 112-тармақтарын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобасының негізгі міндеті Қылмыстық, Қылмыстық-процестік кодекстерге, «Прокуратура туралы» және «Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу болып табылады, олар мынадай негізгі түзетулерді көздейді:

Қылмыстық кодексте:

- корпоративтік даулар бойынша кәсіпкерлерге қатысты рейдерлік фактілері бойынша қылмыстық жауаптылықты күшейту көзделеді, бизнесті басып алу, оның ішінде құқық қорғау және бақылаушы органдардың билік өкілеттіктерін пайдалана отырып немесе сот тәртібімен корпоративішілік басып алу тәсілдері нақтыланады;

- кәсіпкерлерді салықтық құқық бұзушылықтар үшін қылмыстық жауаптылыққа тарту үшін күнтізбелік жылға төленуге жататын салықтардан 10 пайыздық криминалдық шек енгізіледі;

- заңды кәсіпкерлік қызметке кедергі жасау тәсілдері нақтыланады: тексерулер жүргізу тәртібін бұзу, лицензия беруден заңсыз бас тарту, қызметті заңсыз тоқтата тұру, жеке кәсіпкерлік субъектісін қайырымдылыққа және өзге де іс-шараларға құқыққа қайшы мәжбүрлеп тарту, бизнеске елеулі зиян келтіруге әкеп соққан жеңілдіктер мен преференцияларды қолданудан заңсыз бас тарту, қолданбау немесе кедергі жасау;

- бағалы металдардың заңсыз айналымы үшін шараларды күшейту мақсатында «Күзетілетін объектіге заңсыз кіру» және «Бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының, сондай-ақ зергерлік бұйымдардың заңсыз айналымы» деген қылмыстардың жаңа құрамдары енгізіледі.

Қылмыстық-процестік кодексте:

- коммерциялық немесе өзге де ұйымның арызы бойынша қылмыстық жауаптылыққа тартудың ерекше тәртібі алып тасталады;

- санкцияланбаған қарап-тексерулерге, тінтулерге, алуды жүргізуге, мүлікке билік етуді уақытша шектеуге және басқа да іс-әрекеттерге бизнес пен азаматтардың шағымдарын қарау мерзімдерін үш тәулікке дейін қысқарту ұсынылады;

- тергеушінің уақытша шектеу мерзімі өткенге дейін сот алдында мүлікке тыйым салу туралы өтінішхат қозғалғаны туралы банктерді, мүлікті тіркеу органдарын хабардар ету не осы шектеулерді өз бетінше алып тастау жөніндегі міндеттері белгіленеді;

- бизнеске коммерциялық құпияны қорғауға кепілдікті арттыру

мақсатында сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүзеге асыратын адамның тергеу судьясының мемлекеттік құпияларды немесе заңмен қорғалатын өзге де құпияны қамтитын заттарды, ақпаратты тінтуді және алуды санкциялауы көзделеді.

«Прокуратура туралы» Заңда:

- егер мемлекеттік органдар тарапынан араласу фактілері бойынша бизнестің мүдделері қозғалса, прокурордың тексеруді дереу тағайындауы көзделеді;

- тексеру мерзімінің жұмыс күндерімен есептелуі (қазір 30 күнтізбелік күн), сондай-ақ оны ұзарту құқығын тиісті прокурорларға беру белгіленеді;

- прокурордың жүргізілген талдау шеңберінде құжаттар мен өзге де материалдарды талап етіп алдыру құқығы белгіленеді;

- ауыр және орны толмас салдардың туындауын болғызбау үшін прокурордың тыйым салу немесе шектеу сипатындағы шаралардың дереу күшін жоюды талап ету құқығы нақтыланады.

«Бағалы металдар мен асыл тастар туралы» Заңда:

- «бағалы металдар мен асыл тастардың, құрамында бағалы металдар бар шикізат тауарларының, зергерлік және басқа да бұйымдардың айналымы» ұғымын кеңейту бойынша түзету көзделуде;

- бағалы металдардың барлық көлемін бақылау мақсатында аффинаждауға жататын бағалы металдардың тізімін кеңейту ұсынылады

Тұтастай алғанда, заң жобасының нормалары азаматтардың құқықтарын қорғауды арттыруға, прокуратура қадағалауын кәсіпкерлер проблемаларын тиімді шешуге қайта бағыттауға, кәсіпкерлік қызметке заңсыз араласудан кепілдіктерді күшейтуге, сондай-ақ бағалы металдардың заңсыз айналымына қарсы күреске мүмкіндік береді.

Заң 2021 жылы 24 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.2. ҚАРЖЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасы мен Халықаралық қаржы корпорациясы арасындағы Қазақстан Республикасында офистер құру және олардың қызметі туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат О.Перепечина.

Заң жобасының мақсаттары:

Дүниежүзілік банк тобының бес институтының бірі болып табылатын және Біріккен Ұлттар Ұйымының мамандандырылған мәртебесі бар Қазақстан Республикасындағы Халықаралық қаржы корпорациясы (бұдан әрі – ХҚК) офистерінің мәртебесін, артықшылықтарын және иммунитеттерін айқындау.

Заң жобасының міндеттері:

- ХҚК-ның мүліктеріне, активтеріне және архивтеріне қол сұқпаушылық;
- ХҚК-ны және ХҚК қызметкерлерін салықтар және басқа да міндетті аударымдар төлеуден босату;
- Қазақстан Республикасындағы ХҚК қызметкерлерімен еңбек қатынастарына қатысты барлық жағдайларда басым күшке ие болатын ХҚК-ның ішкі ережелері;
- ХҚК қызметкерлерін, олардың жұбайлары мен асырауындағы адамдарды елге кіруге және шетелдіктерді тіркеуге шектеулерден босату;
- халықаралық дағдарыстар уақытында валюта айырбастауға, репатрация бойынша жеңілдіктерге қатысты дипломатиялық миссиялар құрамына кіретін тиісті дәрежедегі лауазымды адамдар пайдаланатын дәл сондай артықшылықтарды ұсыну;
- егер Офис басшысы Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмаған жағдайда, Офис басшысына, оның жұбайына (зайыбына), асырауындағы адамдарға Қазақстан Республикасындағы басқа халықаралық ұйымдардың немесе дипломатиялық миссиялардың тұрақты өкілдеріне берілетіндерден кем емес қолайлы артықшылықтар, иммунитеттер, жеңілдіктер мен шарттар беру;
- ХҚК-ның шетелдік қызметкерлеріне Қазақстан Республикасында лауазымға бастапқыда орналасқан кезде Қазақстанға жиһаз бен мүлікті бажсыз кіргізу құқығын беру;
- коммуникацияларға қатысты ХҚК-ның артықшылықтарын белгілеу;
- ХҚК-ға бағалы қағаздарды шығаруға және оларды кепілдендіруге байланысты жағдайлардан басқа сот процесінің кез келген нысанынан иммунитет ұсыну;
- қаржылық бақылаумен, қағидалармен немесе мораторийлармен шектеусіз ХҚК-ның ақша қаражаты, алтын, валюта айналымын жүзеге асыру мүмкіндігі;
- ХҚК-ны қызмет бабында пайдалану үшін заттарды және өз басылымдарын әкелу және әкету кезінде импорттық және экспорттық тыйым салулар мен шектеулерден босату бойынша нормалар белгілеу.

Осындай нормалар тұрақты өсім үшін негіз қалыптастыратын отандық экономиканың шешуші салаларын инвестициялау бойынша ХҚК офистерінің қызметі үшін қолайлы жағдай жасайды және тұтынушыларға қолжетімді қызметтерді ұсынады, жұмыс орындарын құрады және шағын, орта кәсіпорындардың өсімін ынталандырады. ХҚК офистерінің қызметі Қазақстандағы Халықаралық Қайта құру және Даму Банкінің қызметін толықтырады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық, саяси-құқықтық, экологиялық және демографиялық салдарларға әкеп соқтырмайды.

Заң 2021 жылы 21 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

2. «2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Карплюк.

2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттама 2019 жылғы 29 мамырда Нұр-Сұлтан қаласында жасалды.

Хаттамамен мүше мемлекеттер үкіметтері басшыларының, Армения Республикасы Премьер-Министрі Әкімшілігі Басшысының және Армения Республикасы Премьер-Министрінің Күзет қызметі бастығының жеке багажын тексеріп қараудан босату бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі 321-бабының 2-тармағына өзгерістер енгізу көзделеді.

Бұған қоса, Қырғыз Республикасының Қорғаныс кеңесі хатшысы қызметінің атауына өзгеріс енгізілді, «Қорғаныс» деген сөз «Қауіпсіздік» деген сөзге ауыстырылды.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 28 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

3. «2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Карплюк.

Заң жобасының мақсаты:

2011 жылғы 22 маусымдағы Кеден одағына мүше мемлекеттердің кеден қызметтерінің Біріккен алқасы туралы шартты (бұдан әрі – Шарт) 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың және 2017 жылғы 11 сәуірдегі Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексі туралы шарттың ережелеріне сәйкес келтіру.

Заң жобасының міндеттері:

Хаттамада Шартқа өзгерістер енгізу көзделеді, атап айтқанда

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің орталық кеден органдары айқындалады, Еуразиялық экономикалық комиссияға берілген, кедендік реттеуді жүзеге асыратын кеден қызметтерінің Біріккен алқасы функцияларының бір бөлігі алып тасталады және Біріккен алқаның кедендік әкелу баждарын есепке алу және бөлу жөніндегі келісілген қағидаларды қолдану бөлігінде құқықтары оңтайландырылады.

Күтілетін нәтиже:

Шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден органдарының өзара іс-қимылын неғұрлым нақты және тиімді үйлестіруге, Еуразиялық экономикалық одақтың мақсаттары мен міндеттерін іске асыруды қамтамасыз етуге ықпал ететін болады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 11 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

4. «Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің темекі өнімдеріне акциздер саласындағы салық саясатын жүргізу қағидаттары туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ғ. Дүйсембаев.

Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің темекі өнімдеріне акциздер саласындағы салық саясатын жүргізу қағидаттары туралы келісім (бұдан әрі – Келісім) 2019 жылғы 19 желтоқсанда Санкт-Петербург қаласында жасалды.

Келісімнің мақсаты

Темекі өніміне арналған акциздердің мөлшерлемелерін үйлестіру (жақындастыру) және темекі өнімдерінің айналымы саласында бәсекелес ортаны қамтамасыз ету, сондай-ақ заңсыз өнімдердің көлемін барынша азайту жолымен Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде темекі өнімдері нарығының жұмыс істеуі үшін тиісті жағдайлар жасау.

Келісімнің міндеттері

- темекі өніміне акциздердің индикативтік мөлшерлемесін және акциздердің нақты мөлшерлемелерінің одан ауытқу диапазондарын қолдану;
- ұлттық валютаның еуроға қатысы бойынша бағамдарының құбылмалылығы жағдайында консультациялық тетікті бекіту;
- негізделген экономикалық орындылығы болған кезде Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесіне акциздердің индикативтік мөлшерлемелерін бекіту, өзгерту жөнінде өкілеттіктер беру;
- мүше мемлекеттердің қолданылатын акциз мөлшерлемелерінің түрлерін (адвалорлық, ерекшелікті, аралас) дербес айқындау құқығын қамтамасыз ету болып табылады.

Акциздер мөлшерлемелерін үйлестіру (жақындастыру) 2024 жылдан бастап мүше мемлекеттерде әрбір 5 жыл сайын бірыңғай индикативтік

мөлшерлеме мен ауытқу диапазонын қолдану тетігі арқылы жүзеге асырылатын болады.

Индикативтік мөлшерлеме мүше мемлекеттердің акциздерінің орташа мөлшерлемесіне жақындатылған ретінде есептелетін болады.

2024 жылы мүше мемлекеттер сигареттерге 1000 дана үшін 35 евроға баламалы мөлшерде ұлттық валютадағы индикативтік мөлшерлемені қолданатын болады. Бұл ретте мүше мемлекеттерде қолданылатын акциздердің нақты мөлшерлемелері индикативтік мөлшерлемеден азайтылу немесе көбейтілу жағына қарай 20 пайыздан асырылмай ауытқуы мүмкін.

Күтілетін нәтиже:

Келісім Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің аумағында темекі өнімдерінің акциздеріне салық салуды қолданудың бірыңғай тәжірибесін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының Халықаралық шарттары туралы» 2005 жылғы 30 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Келісім ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 18 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

5. «Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде бағалы металдармен және асыл тастармен операцияларды жүзеге асыру ерекшеліктері туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ж. Нұрғалиев.

Заң жобасының мақсаттары:

Мыналарға:

- Еуразиялық экономикалық одаққа (бұдан әрі – ЕАЭО) мүше мемлекеттердің бәсекелестік артықшылықтарын құруға;

- бағалы металдар мен асыл тастардың айналымын бақылау және есепке алу бойынша тиімді шараларды әзірлеу мақсатында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің өзара іс-қимыл жасауына;

- ЕАЭО кедендік аумағында бағалы металдар мен асыл тастардың еркін айналысын қамтамасыз ету үшін жағдай жасауға бағдарланған өзара тиімді сауда-экономикалық тетіктерді қалыптастыру.

Заң жобасының міндеттері:

Мынадай бағыттар бойынша құқықтық негіздер мен бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар нарығына қойылатын талаптарды айқындау:

- бағалы металдармен, өңделмеген асыл тастармен, бірегей және аффинаждауға жатпайтын саф түрлерімен мәмілелерді жүзеге асыру;

- өңделмеген табиғи алмастарды сертификаттаудың халықаралық схемасының талаптарына сәйкес мүше мемлекеттер арасында өңделмеген табиғи алмастарды ауыстыру (Кимберлий процесі);

- нормативтік-техникалық құжаттама негізінде мәмілелер жасау және асыл тастардың сыныптамалық және құндық сипаттамаларын айқындау;

- мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес заңды тұлғалар мен дара

кәсіпкерлерде түзілетін сынықтар мен қалдықтарды жинау және міндетті есепке алу;

- одақтың кедендік аумағына әкелінген және ішкі тұтыну үшін шығарудың кедендік рәсіміне сәйкес шығарылған зергерлік және басқа да бұйымдарды сынамалау, талдау және таңбалау;

- уәкілетті органдар арасында заңнамалық және өзге де нормативтік құқықтық актілер туралы ақпаратпен және сынамалық таңбалар бедерлерінің үлгілерімен алмасу;

- мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес бағалы металдар мен асыл тастардың және олардан жасалған бұйымдардың заңсыз айналымы үшін жауапкершілік шараларын қолдану.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер:

ЕАЭО кедендік аумағында бағалы металдар мен асыл тастардың еркін айналымы үшін қажетті жағдайлар жасау.

Келісімді ратификациялау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарларға әкеп соқтырмайды, сондай-ақ республикалық бюджеттен қосымша қаражат бөлуді талап етпейді.

Заң 2021 жылы 1 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

6. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасында банктік, микроқаржылық және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат О.Перепечина.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаттары А.П. Рау және А.М. Жамалов бастамашылық жасаған.

Заң жобасының мақсаттары:

- азаматтардың одан әрі кредитті көп алуының өсуіне жол бермеу және кредиттеудің оңтайлы өсу қарқынын қамтамасыз ету;

- этикалық талаптарды ескере отырып, коллекторлық агенттіктердің борышкерлермен және үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауын регламенттеу.

Заң жобасының міндеттері:

Ломбард қызметтерін қоса алғанда, қаржылық және басқа да қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғауды күшейту:

1) банктік қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өтіп кеткен берешекті реттеудің бірыңғай құқықтық режимін енгізу, проблемалық берешек туындаған кезде борышкерге уәкілетті органға жүгіну құқығын беру;

2) проблемалық берешек туындаған кезде сыйақы, тұрақсыздық айыбы және өзге де төлемдерді, барлық ипотекалық қарыздар бойынша төлемдерді төлеу жөніндегі банк талаптарына, негізгі борыш сомасына капиталдандырылған мерзімі өткен сыйақыға, тұрақсыздық айыбына және өзге де төлемдерге сыйақыны есепке жазуға тыйым салуды белгілеу;

3) кепіл мүлкін сатқаннан кейін қалған ипотекалық тұрғын үй қарызы бойынша бланктік қалдықтарды есептен шығару шарттарын нақтылау;

4) кепіл ұстаушының қарыз алушының проблемалық берешегін реттеу жөніндегі өтінішін қарау кезеңінде ломбардтың кепіл нысанасын өткізуге, сондай-ақ мұндай мүліктің ломбардың меншігіне өтуіне тыйым салу.

Коллекторлық қызмет туралы заңнаманы жетілдіру:

1) коллекторлық агенттіктің жарғылық капиталының ең төмен мөлшеріне талаптар белгілеу;

2) коллекторлық агенттікке тіркелмеген телефон нөмірлері арқылы борышкерлермен байланыс жасауға тыйым салу;

3) борышкермен өзара іс-қимыл жасау кезінде аудио- және видео тіркеуді жүзеге асыру бойынша міндеттемелерді белгілеу;

4) коллектордың үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасау тәртібін айқындау;

5) есептік тіркеуден өтетін кезде борышкерлермен байланыс жасауға арналған телефон нөмірлері туралы мәліметтер беру;

6) коллекторлық агенттік қызметкерлеріне техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білімінің бар-жоғына қойылатын талаптарды алып тастау.

Проблемалық қарыздары бар қарыз алушыларды оңалту:

кредит тарихын сақтау мерзімін 10 жылдан 5 жылға дейін қысқарту.

Микроқаржы қызметін реттеу:

1) микрокредит беру туралы шарттың мазмұнына, ресімделуіне қойылатын талаптарды белгілеу және жарнама таратылған және (немесе) орналастырылған кезде жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (бұдан әрі – ЖТСМ) көрсету міндеті;

2) банк заңнамасына ұқсас тұрақсыздық айыбының мөлшері бойынша шектеу белгілеу жатады;

3) микрокредиттер беруге ниеттенген заңды тұлғаларға «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясында микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйым ретінде мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу) туралы қаржы мониторингін жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органды хабардар ету жөніндегі міндеттерді белгілеу;

4) микроқаржы қызметін жүзеге асыратын ұйымның ірі қатысушыларына ғана қойылатын талаптарды белгілеу;

5) 2021 жылға дейін құрылған және 2021 жылғы 1 маусымға дейін Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (бұдан әрі – Қаржы нарығын РДА) лицензия беру туралы өтініш бермеген кредиттік серіктестіктерге қайта ұйымдастыру не тарату жөніндегі талаптарды қолданбау, сондай-ақ кредиттік серіктестіктердің микроқаржы қызметін жүзеге асыруына лицензия беру туралы өтініш беру мерзімін 2021 жылғы 1 маусымға дейін ұзарту.

Кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің асып кету фактілеріне жедел ден қою:

1) Мемлекеттік кредиттік бюроның Қаржы нарығын РДА-ға атаулы мөлшерлемелер туралы ақпарат беруі жөніндегі міндетті белгілеу, ЖТСМ;

2) банктердің / микроқаржы ұйымдарының кредиттік бюроларға банктік қарыз/микрокредит шартын жасасу күніне кредит бойынша номиналды мөлшерлемелер және ЖТСМ туралы ақпарат беру міндетін белгілеу;

3) қаржы ұйымдары жарнамасының мониторингін жүзеге асыру жөніндегі Қаржы нарығын РДА-ның өкілеттіктерін бекіту.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер:

- азаматтардың кредитінің болу деңгейін төмендету, тұтынушылық кредит беру көлемінің теңгерімді өсуі үшін жағдай жасау;

- борышкерлермен және үшінші тұлғалармен өзара іс-қимыл жасауы кезінде коллекторлық агенттіктердің заңнамалық талаптарды адал сақтауы.

Заң 2021 жылы 29 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

7. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Армения Республикасының қосылуы туралы 2014 жылғы 10 қазандағы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Карплюк.

Заң жобасының мақсаты:

Заң жобасы Армения Республикасының кедендік баждарын Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлемелеріне кезең-кезеңмен интеграциялауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Заң жобасының міндеттері:

Заң жобасы Армения Республикасы үшін ең сезімтал тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифі толық орындалғанға дейін осы ел үшін өтпелі кезеңді 1 жылға ұзартуды көздейді.

Армения Республикасының тауарлар тізбесі 981 тауарлық позициядан *(ет, жармалар, автомобильдер, химиялық өнімдер, дәрілік заттар, жабдықтардың, аспаптардың және бағалы тастардың кейбір түрлері)* тұрады.

2020 жылы алып қою тізбесі 647 тауарлық позицияны құрады, оның 553 тауарлық позициясы (2019 жылдан 2020 жылға ұзартылған) 2021 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданыста болды, 94 тауарлық позиция 2022 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылады.

Армения Республикасының Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифіне толық өтуі 2022 жылғы 1 қаңтарда жүзеге асырылады.

Күтілетін нәтиже:

Заң жобасын қабылдау Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Армения Республикасының сауда-экономикалық қатынастарын жақсартуға жәрдемдеседі.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 13 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

8. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты Қырғыз Республикасының 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты, Еуразиялық экономикалық одақтың құқығына кіретін жекелеген халықаралық шарттарды және Еуразиялық экономикалық одақ органдарының актілерін қолдануы жөніндегі жағдайлар мен өтпелі ережелер туралы 2015 жылғы 8 мамырдағы хаттамаға өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Орынбеков.

Заң жобасының мақсаты:

Заң жобасы Қырғыз Республикасының Кедендік баждарын Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлемелеріне кезең-кезеңмен интеграциялауды қамтамасыз етуге бағытталған.

Заң жобасының міндеттері:

Заң жобасында Қырғыз Республикасы үшін ел үшін барынша сезімтал тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифін толық имплементациялауға дейін осы өтпелі кезең мерзімін 1 жылға ұзарту көзделген.

2020 жылға дейін Қырғыз Республикасының алып қоюлар тізбесі 222 тауар позициясынан *(азық-түлік тауарлары, дәрілік заттар, көлік құралдары, түсті металдардан жасалған кейбір бұйымдар мен жабдықтар)* тұрды. 2020 жылы өтпелі кезең 139 тауар позициясына қатысты ұзартылды.

Қырғыз Республикасы 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап барлық тауарларға қатысты Еуразиялық экономикалық одақтың Бірыңғай кедендік тарифінің мөлшерлемелеріне толығымен көшті.

Күтілетін нәтиже:

Заң жобасын қабылдау Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде Қырғыз Республикасының сауда-экономикалық қатынастарын жақсартуға жәрдемдесетін болады.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 13 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

9. «2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат О.Перепечина.

Заң жобасының мақсаты:

Заң жобасы 2021 – 2023 жылдарға арналған республикалық бюджеттің параметрлерін ағымдағы жылғы сәуірде нақтыланған 2021 – 2025 жылдарға арналған макроэкономикалық көрсеткіштер болжамына сәйкес келтіру мақсатында әзірленді.

Әлем экономикасының ағымдағы жағдайын, тауар нарықтарындағы

баға конъюнктурасын ескере отырып, Қазақстан Республикасының 2021 – 2025 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық даму болжамы шеңберінде 2021 жылға арналған макроэкономикалық көрсеткіштердің болжамы нақтыланды.

Тұтастай алғанда, 2021 жылдың қорытындысы бойынша Қазақстанның ЖІӨ-нің нысаналы өсімі 3,1% деңгейінде жоспарланған (бұрын 2,8 % болжанған).

Номиналды ЖІӨ 2021 жылы 77 869 млрд. теңге көлемінде болжануда, бұл мақұлданған болжамнан 1 207 млрд. теңгеге жоғары.

Халықтың жан басына шаққандағы ЖІӨ 9 655 мың АҚШ долларын құрайды.

Халықаралық қаржы ұйымдары ағымдағы жылға мұнай бағасын 1 баррельге 44 АҚШ долларынан 67 долларға дейін болжап отыр.

Осыған сүйене отырып, мұнайдың әлемдік бағасы бойынша болжам 1 баррельге 35 АҚШ долларынан 50 долларға дейін өсті.

Ұлттық банктің болжамы бойынша экспорт 10,8 млрд. АҚШ долларына 52,2 млрд. АҚШ долларына дейін, импорт – 0,7 млрд. АҚШ долларына 37,1 млрд. АҚШ долларына дейін ұлғаяды.

Инфляцияның нысаналы деңгейі бұрын бекітілген 4,0 – 6,0 % дәлізде сақталды.

Заң жобасының міндеттері:

Республикалық бюджетті нақтылаудың негізгі міндеттері:

- «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасын қаржыландыру;

- Қазақстан Республикасы Президентінің 2020 жылғы 1 қыркүйектегі «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында айтылған тапсырмаларын орындау;

- COVID-19 коронавирустық инфекциямен күрес;

- бұрын қабылданған міндеттемелерді іске асыруды қамтамасыз ету.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер:

Өзгерістерді ескере отырып, 2021 жылға арналған республикалық бюджет параметрлері мыналарды құрайды:

түсімдер – 12 574,0 млрд. теңге;

шығыстар – 15 334,0 млрд. теңге;

тапшылық – 2 760,0 млрд. теңге немесе жалпы ішкі өнімнің 3,5 %.

Республикалық бюджеттің шығыстарын жалпы сомасы 1 487,1 млрд. теңгеге ұлғайтудың негізгі бағыттары мынадай бағыттар бойынша топтастырылды:

1. «Nur Otan» партиясының 2025 жылға дейінгі «Өзгерістер жолы: Әр азаматқа лайықты өмір» сайлауалды бағдарламасының іс-шараларын іске асыру – 884,4 млрд. теңге, оның ішінде:

республикалық және жергілікті жолдарды салу, реконструкциялау, жөндеу және күтіп ұстау – 140,2 млрд. теңге;

«Бақытты отбасы» жобасын іске асыру – 40,0 млрд. теңге;

Ішкі істер органдарының жалақысын арттыру бойынша шаралар қабылдау – 30,3 млрд. теңге;

медицина қызметкерлерінің жалақысын ұлғайту – 8,6 млрд. теңге;

жоғары оқу орындары студенттерінің стипендиялары мөлшерін ұлғайту – 9,6 млрд. теңге;

талап етілетін даярлау бағыттары бойынша жоғары білім алу үшін гранттар санын ұлғайту – 3,4 млрд. теңге;

ғылымды дамыту – 7,1 млрд. теңге;

пенитенциарлық мекемелерде және полицияның қызметтік үй-жайларында жаппай бейнебақылау енгізу – 4,2 млрд. теңге;

сумен жабдықтау қызметтеріне, оның ішінде қалалар мен ауылдарда қолжетімділікті қамтамасыз ету – 32,4 млрд. теңге;

өңдеу өнеркәсібі өндірісі көлемін ұлғайту – 81,0 млрд. теңге;

агроөнеркәсіптік кешен саласындағы субсидиялау – 30,5 млрд. теңге;

агроөнеркәсіптік кешенде инвестициялық жобаларды іске асыру – 15,0 млрд. теңге;

шағын және орта бизнесті дамыту – 73,7 млрд. теңге;

Жұмыспен қамтудың 2020 – 2021 жылдарға арналған жол картасы шеңберінде іс-шараларды іске асыру – 90,9 млрд. теңге;

дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдардың қажетті резервін қамтамасыз ету, сондай-ақ медициналық жабдықпен жарақтандыру деңгейін арттыру – 29,3 млрд. теңге;

күтілетін орташа өмір сүру ұзақтығын ұлғайту – 25,8 млрд. теңге;

газ тасымалдау жүйесін дамыту – 8,7 млрд. теңге;

3500-ден астам ауылды жаңғырту – 70,8 млрд. теңге;

жылумен, сумен жабдықтау және су бұру желілерінің тозуын төмендету – 27,8 млрд. теңге;

азаматтардың тұрғын үй жағдайын жақсарту – 25,0 млрд. теңге;

туризмді дамыту – 10,5 млрд. теңге;

аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің әкімдерін сайлауды қамтамасыз ету және өткізу – 4,7 млрд. теңге.

«Nur Otan» партиясының сайлауалды бағдарламасының іс-шараларын іске асыру Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан 850,0 млрд. теңге сомасында нысаналы трансферт тарту есебінен жүзеге асырылатын болады.

2. Коронавирустық инфекцияға қарсы күреске бағытталған іс-шаралар – 265,3 млрд. теңге, оның ішінде:

коронавирустық инфекция бойынша карантиндік іс-шараларды жүргізуге тартылған медицина қызметкерлеріне қосымша ақы – 69,5 млрд. теңге;

COVID-19 таралуына жол бермеу мақсатында провизорлық стационарға емдеуге жатқызылған пациенттер үшін стационарлық медициналық көмек көлемін өтеуге, сондай-ақ ПТР зерттеулер жүргізуге арналған медициналық қызметтер – 80,3 млрд. теңге;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервін ұлғайту – 100,0 млрд. теңге;

иммунобиологиялық препараттар шығаратын биофармацевтикалық зауыттың құрылысын аяқтау – 1,5 млрд. теңге;

COVID-19 коронавирустық инфекциясына қарсы суббірлікті және

белсенділігі жойылған отандық кандидаттық вакцинаның клиникалық зерттеулерінің I/II және III фазаларын жүргізу – 1,4 млрд. теңге;

жеке қорғану құралдарын сатып алу – 12,3 млрд. теңге.

3. Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауларында берілген тапсырмаларын, оның ішінде Президенттің бастамаларына арналған резерв есебінен іске асыру – 154,6 млрд. теңге.

4. Мемлекеттің бұрын қабылдаған міндеттемелерін іске асыру – 182,7 млрд.теңге.

Қазақстан Республикасының Ұлттық қорына (бұдан әрі – Ұлттық Қор) мұнай секторы ұйымдарынан түсетін түсімдердің 2021 жылға арналған нақтыланған болжамы 235,0 млрд. теңгеге кемітіле отырып, 1 721,0 млрд. теңге сомасында айқындалған.

Ұлттық қорға түсетін кірістер мұнайдың әлемдік бағасы 1 баррельге 50 АҚШ доллары, мұнай өндіру 86 млн.тонна және теңгенің АҚШ долларына шаққандағы бағамы 425 теңге болған кезде есептелді.

Республикалық бюджетке трансферттердің түсімдері 2021 жылы 5 201,4 млрд.теңге сомасында, оның ішінде Ұлттық қордан 4 550,0 млрд. теңге сомасында болжанып отыр.

Тұтастай алғанда, заң жобасы мемлекеттік бюджеттік жоспарлау жүйесінің нормаларын айқындайтын Қазақстан Республикасы Бюджет кодексінің ережелеріне сәйкес келеді.

Заң 2021 жылы 20 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

10. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Шелпеков.

Заң жобасының мақсаты:

Заң жобасы аванстық төлемдерді кедендік әкелу, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне есепке алу мүмкіндігі бөлігінде Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінің және Қазақстан Республикасы Кеден кодексінің ережелерін іске асыруға бағытталған.

Заң жобасының міндеттері:

Заң жобасымен:

аванстық төлемдерді кедендік әкелу, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне есепке жатқызу мүмкіндігін белгілеу;

мүше мемлекеттің уәкілетті органының бірыңғай шотында жоғарыда көрсетілген баждарды есепке жатқызу тәртібі мен есепке жатқызу жүргізілуге тиісті мерзімдерді айқындау;

Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың ережелерін Еуразиялық экономикалық одақтың Кеден кодексінде және Қазақстан Республикасының Кеден кодексінде пайдаланылатын терминологияға сәйкес келтіру көзделеді.

Күтілетін нәтижелер:

Заң жобасын қабылдау:

кедендік әкелу, арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждарын төлеу үшін бірнеше төлем тапсырмаларын пайдалану қажеттігіне байланысты сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың шығындарын барынша азайтуға;

кедендік әкелу, арнайы, демпингке қарсы және өтемақы баждары мен өзге де төлемдерді әкімшілендіруді оңайлатуға мүмкіндік береді.

«Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 2) тармақшасына сәйкес Хаттама ратификациялануға жатады.

Заң 2021 жылы 27 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.3. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР, ҚОРҒАНЫС ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК КОМИТЕТІ

1. «ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің ядролық авария немесе радиациялық авариялық ахуалдың туындау жағдайына дайындықты және олардың зардаптарын жою кезіндегі өзара көмекті қамтамасыз ету бойынша өзара іс-қимылы туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұсабаев.

2018 жылғы 2 қарашада өткен Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығы үкіметтерінің басшылары кеңесінің отырысында ядролық авария немесе радиациялық авариялық жағдай туындаған жағдайда дайындықты және олардың зардаптарын жою кезінде өзара көмекті қамтамасыз ету жөніндегі ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің өзара іс-қимылы туралы келісімге (бұдан әрі – Келісім) қол қойылды.

Келісімнің мақсаты аумағында ядролық авария болған немесе радиациялық авариялық жағдай туындаған Тарапқа олардың салдарларын барынша азайту және халықтың денсаулығын, мүлікті және қоршаған ортаны радиоактивті шығарындылардың және иондаушы сәуленің әсерінен қорғау үшін шұғыл көмек көрсетуге жәрдемдесу болып табылады.

Келісімде мыналар:

- Тараптың қызметін үйлестіруге жауапты және ядролық авариялар мен радиациялық авариялық жағдайларға ден қоюды жүзеге асыру және оларды жою жөніндегі өкілеттіктер берілген уәкілетті (құзыретті) органды айқындау;

- сұрау салушы Тараптың өзара іс-қимыл жасау және ұсынушы Тараптың қажетті көмек көрсету, оның ішінде осындай көмектің түрі мен көлемін айқындау, сондай-ақ көмек көрсету жөніндегі топтарды үйлестіру кезіндегі тетігі;

- мемлекеттік шекараны кесіп өту, Келісімге қатысушы мемлекеттің аумағы арқылы ұсынушы Тарапқа көмек көрсету жөніндегі топтардың, сондай-ақ сұрау салушы Тараптың аумағына уақытша әкелінетін арнайы техниканың, жабдықтың, жарақтардың, құрал-саймандардың, материалдардың транзитінің тәртібі;

- сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумағында көмек көрсетуге байланысты шығыстарды өтеуге, көмек көрсету жөніндегі топтарға қамауға алудан, ұстаудан және сот талқылауынан иммунитетті беруге, сондай-ақ әкелінетін және әкетілетін арнайы техникаға, жабдыққа, жарақтандыруға, құрал-саймандарға және басқаларға қатысты салықтардан, баждар мен алымдардан босатуға байланысты өзге де мәселелер көзделеді.

Келісімді ратификациялаудың күтілетін нәтижесі болып ТМД-ға қатысушы мемлекеттердің уәкілетті (құзыретті) органдары арасындағы өзара іс-қимылдың жеделдігі мен өнімділігін арттыру, атом энергиясын бейбіт мақсаттарда пайдалануға байланысты кез келген ықтимал оқыс оқиғаларға уақтылы ден қою болады.

Заң 2021 жылы 21 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Каспий теңізінде қызметті жүзеге асыруға байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат М. Құл-Мұхаммед.

Заң жобасының негізгі мақсаты заңнаманы 2019 жылғы 8 ақпандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Каспий теңізінің құқықтық мәртебесі туралы конвенцияның (бұдан әрі – Конвенция) ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады.

Конвенцияда Каспий теңізінің жағалауында орналасқан мемлекеттердің–ҚазақстанРеспубликасының,ӘзербайжанРеспубликасының, Иран Ислам Республикасының, Ресей Федерациясы мен Түрікменстанның Каспий теңізінің суын, теңіз түбін, жер қойнауын, табиғи ресурстарын және теңіз үстіндегі әуе кеңістігін қоса алғанда, оны пайдалануға қатысты құқықтары мен міндеттемелері айқындалады және реттеледі.

Сукодексіне,«Жерқойнауыжәнежерқойнауынпайдаланутуралы»кодексте, сондай-ақ «Терроризмге қарсы іс-қимыл туралы», «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы», «Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы», «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы», «Сыртқы барлау туралы» және «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы» заңдарға түзетулер енгізуді көздейтін заң жобасының міндеттері:

- Қазақстан Республикасының аумақтық суларының енін он екі теңіз милінен он беске дейін ұлғайту;

- балық аулау аймағы режимін, яғни балық аулау аймағында су биологиялық ресурстары кәсіпшілігінің және оларды зерттеулердің тәртібін енгізу, оның сақталуын бақылау жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға, сондай-ақ Шекара қызметіне жүктеледі;

- қазақстандық кәсіпшілік кемелерінің тәуліктің кез келген уақытында ішкі және аумақтық суларда, балық аулау аймағында және ортақ су кеңістігінде қозғалу және балық аулауды жүзеге асыру мүмкіндігі;

- жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік органға балық аулау аймағында және ортақ су кеңістігінде су биологиялық ресурстарын аулауға өзі берген рұқсаттар туралы Шекара қызметін хабардар ету тәртібін әзірлеу және бекіту құқығын бекітіп беру;

- Ұлттық қауіпсіздік комитетіне Шекара қызметі кемелерінің танып айыру белгілері мен сыртқы бояуының сипаттамасын және оларды қолдану қағидаларын бекіту құқығын беру;

- негізгі ұғымдарды Конвенция терминдеріне сәйкес келтіру болып белгіленген.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтиже Қазақстан Республикасының жекелеген заңдарын Конвенция ережелеріне сәйкес келтіру болып табылады, бұл Каспий теңізінде қызметті жүзеге асыруды кеңейтуге мүмкіндік береді.

Заң 2021 жылы 4 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Қ. Қожамжаров.

Заң жобасының мақсаты дипломатиялық қызмет органдарының қызметін одан әрі жетілдіру, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердегі олқылықтар мен коллизияларды жою, Сыртқы істер министрлігінің Алматы қаласындағы өкілдігінің заңды мәртебесін бекіту, сондай-ақ дипломатиялық қызмет персоналы мен ардагерлерін әлеуметтік қорғауды арттыру болып табылады.

Заң жобасымен «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі туралы» Заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі, атап айтқанда:

- дипломатиялық поштаны пайдалану тәртібін, сондай-ақ дипломатиялық поштаны жоспарлау, жинақтау, ресімдеу және жеткізуді қамтамасыз ету жөніндегі Үкіметтің, Сыртқы істер министрлігінің және басқа да мемлекеттік органдардың функцияларын айқындайтын жаңа бап енгізіледі. 1961 жылғы Дипломатиялық қатынастар туралы Вена конвенциясының нормаларына сүйене отырып, дипломатиялық пошта мен дипломатиялық курьердің ережесі, құқықтық мәртебесі регламенттелген;

- шетелдік мекемелердің бюджетті жоспарлау, бекіту, қаржыландыру және атқару тәртібін айқындау бойынша Сыртқы істер министрінің құзыреті белгіленеді;

- бұрын Қазақстан Республикасынан Халықаралық ұйымдарға жұмысқа жіберілген дипломатиялық қызмет персоналы халықаралық ұйымда қызметінен босатылған күннен бастап үш ай ішінде конкурстық рәсімдер өткізілмей Сыртқы істер министрлігінде жұмысқа орналасатын норма көзделеді;

- «Қазақстан Республикасы дипломатиялық қызметінің ардагері» мәртебесі, сондай-ақ 2021 жылғы 1 шілдеден бастап Төтенше және Өкілетті Елші, халықаралық ұйым жанындағы Тұрақты (Өкілетті) өкіл қызметін атқарған немесе Төтенше және Өкілетті Елші дипломатиялық дәрежесі бар ардагерлерге ай сайынғы ақшалай төлемді жүзеге асыру айқындалады;

- ведомстволық бағыныстағы ұйымдарды материалдық-шаруашылық қамтамасыз ету, сондай-ақ дипломатиялық қызмет персоналына кепілдіктер мен өтемақылар мәселелері реттелді.

Заң жобасы дипломатиялық қызмет органдары жүйесінің жұмысын нормативтік реттеуді ретке келтіруге және жүйелеуге, дипломатиялық қызмет ардагерлері мен персоналын әлеуметтік қорғау деңгейін арттыруға, дипломатиялық пошта мәселелерін регламенттеуге, қаржы тәртібін нығайтуға, сондай-ақ дипломатиялық қызмет органдарына қатысты заңнамадағы олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Заң жобасын талқылау барысында Сенат депутаты мен Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитетінің ескертулері мен ұсыныстарын ескере отырып, Мәжіліс мақұлдаған заң жобасына мынадай бөлікте түзетулер енгізу қажеттігі туындады:

- осы санатқа жататын адамдар тобын қайта қарау арқылы «дипломатиялық қызмет ардагері» ұғымын түзету;

- дипломатиялық қызмет персоналы мен бірге жүретін отбасы мүшелерінің жеке пайдалануына арналған заттар мен техниканы дипломатиялық пошта арқылы жіберу құқығын болдырмау.

Заң жобасы 2021 жылы 11 ақпанда Сенат отырысында қаралып, толықтырулар мен өзгерістер енгізіліп Парламент Мәжілісіне жіберілді.

4. «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Нұржігітова.

Заң жобасы Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының қолданылу тәртібі мен шарттарын белгілеу бөлігінде Қазақстан Республикасы Конституциясының 4-бабы 3-тармағының жаңа редакциясын іске асыру мақсатында әзірленді. Заң жобасымен «Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары туралы» Заңға түзетулер енгізіледі, атап айтқанда:

- жаңа бап енгізіледі, оған сәйкес Қазақстан Республикасының қолданыстағы ратификацияланған халықаралық шарттарының оның заңдарының алдында басымдығы болады және халықаралық шарттан оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайларды қоспағанда, тікелей қолданылады;

- халықаралық шарттардың немесе олардың жекелеген ережелерінің қолданысын тоқтата тұру не орындалуын тоқтата тұру түріндегі жауап шараларын (қарсы шараларды) қолдану тәртібі көзделеді;

- халықаралық шарттар мәртебесіндегі өзгерістер бойынша жұртшылықты хабардар ету міндеті белгіленеді.

Заң жобасы халықаралық шарттардың немесе олардың жекелеген ережелерінің орындалуын тоқтата тұру түрінде жауап шараларын (қарсы шараларды) қабылдау арқылы Қазақстан Республикасының алдында алған міндеттемелерді орындамайтын мемлекеттермен және халықаралық ұйымдармен өзара қарым-қатынастарда Қазақстанның мүдделерін ескеруді қамтамасыз етуге; халықаралық шарттар мәртебесіндегі өзгерістер туралы жұртшылықты хабардар етуге; халықаралық шарттарды тоқтату тәртібін реттеу бөлігіндегі олқылықтарды жоюға мүмкіндік береді.

Заң 2021 жылы 25 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар, жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және ішкі істер органдары қызметкерлеріне тұрғын үй төлемдері мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Ершов.

Заң жобасының мақсаты өнеркәсіптік қауіпсіздік, индустриялық аймақтар,

жануарлар дүниесі, ерекше қорғалатын табиғи аумақтар, энергетика, табиғи монополиялар және тұрғын үй қатынастары саласында заңнамалық актілерді одан әрі жетілдіру болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті:

- кәсіби авариялық-құтқару қызметтерін аттестаттауды енгізу, өндірістік бақылау деңгейін арттыру, қауіпті өндірістік объектілерді уақтылы жаңарту және техникалық қайта жарақтандыру, осы салада мемлекеттік органдардың өкілеттіктерінің аражігін ажырату, сондай-ақ мемлекеттік қадағалау шараларын күшейту арқылы өндірістік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің қолданыстағы жүйесінің тиімділігін арттыруға;

- индустриялық аймақтардың экономикалық қызметін жақсартуға, атап айтқанда аумақтарында халықаралық құрылыс нормалары мен қағидаларын, шетел мемлекеттерінің стандарттарын тікелей қолдануға жол берілетін ерекше индустриялық аймақты құруды және оның жұмыс істеуін құқықтық регламенттеуге;

- қайталама энергетикалық ресурстарды пайдаланатын объектілерге қаржы-есеп айырысу орталығынан білікті шартты тұтынушылардың электр энергиясын сатып алуы бойынша өзара есеп айырысулар бөлігінде жаңартылатын энергия көздерін қолдау тетігін қолдану арқылы электр энергиясын генерациялау үшін қайталама энергетикалық ресурстардың пайдаланылуын қолдауға;

- мемлекеттік ұлттық табиғи парктер учаскелерінде объектілер салған кезде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетігін қолдануға;

- шаруашылықаралық және шаруашылықішілік бұру арналары бар магистральдық арналарды сенімгерлік басқаруға беруге және оларды беру жөніндегі сенімгерлік басқару шарттарын келісу бөлігінде табиғи монополиялардың тиісті салаларында мемлекеттік органның құзыретін белгілеуге;

- ішкі істер органдары қызметкерлерінің жекелеген санаттарын тұрғын үйді тек жалға (арендаға) алғаны үшін берілетін қолданыстағы өтемақы жүйесінің орнына жұмыс істеп тұрған ипотекалық бағдарламалар шеңберінде тұрғын үй сатып алу құқығымен тұрғын үй төлемдерін жүзеге асыруды көздейтін тұрғын үймен қамтамасыз етудің жаңа жүйесін қолдануға;

- кәсіпшілік балық аулауды ынталандыруға және балық өсіру шаруашылықтарын дамытуға бағытталған шараларды заңнамалық тұрғыдан бекіту болып табылады.

Өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін жетілдіру, ерекше индустриялық аймақтарды құру және олардың жұмыс істеуі арқылы экономикаға инвестициялар тарту, мемлекеттік ұлттық табиғи парктер учаскелерінде туристік және рекреациялық қызметті дамыту, кәсіпшілік балық аулаудың артуы және балық өсіру шаруашылықтарының санын көбейту, энерго- және ресурсүнемдеуді одан әрі тарату, сондай-ақ ішкі істер органдары қызметкерлерінің тұрғын үйге құқықтарын іске асыруы заң жобасынан күтілетін нәтижелер болып табылады.

Заң жобасымен жұмыс істеу барысында Бас комитет қызметтік міндеттерін атқару кезінде мертіккен (жараланған, жарақаттанған, контузия алған) ішкі істер органдарының қызметкерлерін, сондай-ақ қызмет өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) ішкі істер органдары қызметкерінің отбасы мүшелерін ипотекалық шарт және кейіннен сатып алатын тұрғын үйді жалдау шарты бойынша міндеттемелер орындалғанға дейін оларға бұрын тағайындалған тұрғын үй төлемдерінің сақталуы бөлігінде әлеуметтік қорғауға бағытталған түзетулер ұсынды.

Заң 2021 жылы 4 наурызда Сенат отырысында қаралып өзгертулер мен толықтырулар енгізіліп Парламент Мәжілісіне жіберілді.

6. «Суға батқан кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Ершов.

Конвенция Халықаралық теңіз ұйымының аясында 2007 жылғы 18 мамырда Найроби қаласында (Кения) қабылданды, оның негізгі мақсаты суға батқан кемелерді тиімді жою және теңіз авариясының салдарын жою жөніндегі бірыңғай ережелер мен рәсімдерді айқындау болып табылады.

Конвенцияның ережелерінде суға батқан кемелер, егер олар жойылмаса, кеме қатынасы немесе теңіз ортасы үшін қауіп төндіруі мүмкін екендігін негізге ала отырып, мыналар:

- авариялар туралы хабарламалар тәртібі, суға батқан кеменің тұрған жерін белгілеу және оны жоюды жеңілдету жөніндегі шаралар;

- кеме иесінің суға батқан кеменің бортындағы объектілерді қоса алғанда, осындай кеменің, оның кез келген бөлігінің орналасқан жерін анықтау, белгілеу және жою үшін қаржылық жауапкершілігін белгілеу;

- теңіз кемелерінің бортында (жалпы сыйымдылығы 300 және одан да көп тіркелімдік тонна) суға батқан кемелерді жою үшін сақтандыру немесе жауапкершілікті өзге де қаржылық қамтамасыз ету туралы куәліктің болу қажеттілігін белгілеу көзделген, ол кеме иесінің авариялы жою жөніндегі қажетті шығыстарды өтеуінің кепілі болып табылады, сондай-ақ суға батқан кеменің меншік иесінің сақтандыру компаниясына шығыстарды тікелей өтеу туралы талаптар қоюға мүмкіндік береді;

- капитанның және кеме иесінің, егер нәтижесінде олардың кемесі суға батып кеткен теңіз апатына тартылған жағдайда, жағалаудағы мемлекетке дереу хабарлау міндеті көзделген. Мұндай хабарламада: кеменің меншік иесінің атауы мен орналасқан жері; суға батқан немесе қайраңға түскен кеменің нақты орналасқан жері; кеменің типі, өлшемдері мен конструктивтік деректері және ерекшеліктері; суға батқан кеменің зақымдану сипаты, оның жай-күйі және басқалары қамтылуға тиіс.

Конвенция қатысушы мемлекеттің ерекше экономикалық аймағына қолданылады, бұл аумақтық суларда суға батқан кеменің меншік иесі оны жоюды жүзеге асырудан бас тартуы бойынша жағдайлардың алдын алу үшін алдын алу тетігін жасауға мүмкіндік береді.

Конвенцияны ратификациялаудан күтілетін нәтиже Қазақстанның аумақтық суларында теңіз авариялары туындаған кезде оның ұлттық мүдделерін қорғау үшін қажетті жағдайлар жасау болады.

Заң 2021 жылы 11 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

7. «1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұсабаев.

2018 жылғы 9 қарашада Петропавл қаласында қол қойылған 1994 жылғы 10 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы «Байқоңыр» кешенін жалға беру шартына өзгеріс енгізу туралы хаттаманы (бұдан әрі – Хаттама) ратификациялаудың мақсаты 2004 жылғы 9 қаңтардағы Қазақстан Республикасы мен Ресей Федерациясы арасындағы «Байқоңыр» кешенін тиімді пайдалану жөніндегі ынтымақтастықты дамыту туралы келісімде көзделген міндеттемелерді іске асыру болып табылады.

«Байқоңыр» кешенін жалға беру шартының 4-бабына түзетулер енгізу бөлігінде Хаттаманы ратификациялау туралы заң жобасы «Байқоңыр» кешенін 2050 жылға дейін жалға алуды ұзарту және пайдалану туралы міндетті іске асыруға мүмкіндік береді.

Хаттаманы ратификациялаудан күтілетін нәтиже бұрын алынған міндеттемелерді үйлестіру болады, ол «Байқоңыр» кешенінің ғылыми-техникалық, өндірістік, әлеуметтік-мәдени әлеуетін сақтауға, тиімді пайдалануға және дамытуға мүмкіндік береді, сондай-ақ өңірдегі әлеуметтік-экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз етеді.

Заң 2021 жылы 10 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

8. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағытта ғарыш аппараттарын ұшыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Т. Мұсабаев.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Ресей Федерациясының Үкіметі арасындағы поляр маңындағы орбиталарға солтүстік бағытта ғарыш аппараттарын ұшыру үшін «Байқоңыр» ғарыш айлағынан «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандарды ұшыруды жүзеге асыру жөніндегі ынтымақтастық туралы келісімге 2019 жылғы 20 маусымда Нұр-Сұлтан қаласында қол қойылды.

Ратификациялаудың мақсаты:

Осы келісім «Байқоңыр» ғарыш айлағының коммерциялық ұшырулар жүктемесін ұлғайтуға мүмкіндік беретін, Интернетке кең жолақты

қолжетімділікті қамтамасыз етуді мақсат еткен «OneWeb» ірі халықаралық жобасын іске асыру үшін ғарыш аппараттарын «Байқоңыр» ғарыш айлағынан ұшыруды жүргізу кезінде Қостанай облысының аумағында «Союз-2» типіндегі тасымалдағыш зымырандардың бөлінетін бөліктерінің құлау ауданын Ресей тарапының пайдалану тәртібін реттейді.

Жылына үш реттен асырмай ұшыруды есепке алғанда құлау ауданын пайдаланғаны үшін төлемақы 460 000 АҚШ долларын құрайды, ал қосымша ұшыру жүзеге асырылған жағдайда, әрбір қосымша ұшыру үшін 50 000 АҚШ доллары мөлшерінде төлемақы жүргізеді.

Ратификациялаудың міндеті:

Келісімнің шарттарына сәйкес құлау ауданын пайдаланушы ұйым («Бәйтерек» Қазақстан-Ресей бірлескен кәсіпорны» АҚ) ұшыруды жүргізетін ұйымның қаражаты есебінен алдағы ұшырылу туралы құлақтандыруды, құлау ауданын уақытша жабуды және тұрғындарды құлау ауданынан эвакуациялауды, сондай-ақ қоршаған ортаның экологиялық жай-күйін бағалай отырып ұшыруларды сүйемелдеуді қамтамасыз етеді. Ұшыруды жүргізетін ұйым – «Жерүсті ғарыш инфрақұрылымының объектілерін пайдалану орталығы» федералды мемлекеттік біртұтас кәсіпорны.

Келісімді ратификациялаудан күтілетін нәтиже – Қазақстан-Ресей ынтымақтастығын кеңейту және «Союз-2» тасымалдағыш зымырандарын ұшыру кезінде қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін тараптардың міндеттерінің нақты аражігін ажырату.

Заң 2021 жылы 10 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.4. ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ, ИННОВАЦИЯЛЫҚ ДАМУ ЖӘНЕ КӘСІПКЕРЛІК КОМИТЕТІ

1. «2007 жылғы 6 наурыздағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Грузия Үкіметі арасындағы Халықаралық автомобиль қатынасы туралы келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат С. Лұқпанов.

Заң жобасының мақсаты екіжақты, транзиттік жүк тасымалдауға, сондай-ақ үшінші елдерге немесе үшінші елдерден автомобиль көлігімен жүктерді тасымалдауға рұқсат беру жүйесін енгізу болып табылады.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер:

- қазақстандық тасымалдаушылардың үлесін ұлғайту арқылы халықаралық автотасымалдау нарығында тепе-теңдікті белгілеу;

-тасымалдау көлемін ұлғайту есебінен қазақстандық тасымалдаушылардың табысын ұлғайту және автомобиль паркін жаңарту.

Заң 2021 жылы 21 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

2. «2014 жылғы 12 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссияның бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде құпия ақпаратты қорғау тәртібі және оны жария еткені үшін жауаптылық туралы келісімге Армения Республикасының қосылуы туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д.Әділбеков.

Заң жобасының мақсаты 2014 жылғы 12 қарашадағы Еуразиялық экономикалық комиссияның бәсекелестіктің бірыңғай қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді жүзеге асыруы кезінде құпия ақпаратты қорғау тәртібі және оны жария еткені үшін жауаптылық туралы келісімге Армения Республикасының қосылуын заңдық тұрғыдан ресімдеу болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеті – Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің субъектілеріне қатысты бәсекелестіктің жалпы қағидаларының сақталуын бақылау жөніндегі өкілеттіктерді іске асыруға Армения Республикасының қатысуын қамтамасыз ету.

Армения Республикасының келісімге қосылуы трансшекаралық нарықтардағы бәсекелестіктің жалпы қағидаларының бұзылуы туралы өтініштерді қарау, тергеулер жүргізу және істерді қарау кезінде құпия ақпаратты жария еткені үшін Еуразиялық экономикалық комиссияның және Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің монополияға қарсы органдарының барлық лауазымды адамдарына-қызметкерлеріне тең шамада жауапкершілікті қолдануға мүмкіндік береді.

Заң 2021 жылы 28 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Бір тараптан Еуразиялық экономикалық одақ пен оған мүше мемлекеттер және екінші тараптан Сербия Республикасы арасындағы еркін сауда туралы келісімді ратификациялау туралы».

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Мамытбеков.

Заң жобасының мақсаты ЕАЭО-ға мүше мемлекеттер мен Сербия Республикасы арасында өзара сауданы жақсарту үшін жағдайлар жасау болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері алып қою тауарларынан басқа, ЕАЭО елдеріне Сербия Республикасынан және Сербия Республикасына ЕАЭО елдерінен тауарлар әкелу кезінде әкелу кедендік баждарын алып тастау, сондай-ақ бірқатар тауарларды бажсыз әкелуге квота беру болып табылады.

Келісімді ратификациялау Сербия Республикасымен сауда-экономикалық қатынастарды жақсартуға және тауар айналымын ұлғайту үшін алғышарттар жасауға әкеледі.

Заң 2021 жылы 28 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

4. «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы»

Заң жобасының мақсаты Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – ЕАЭО) 2014 жылғы 29 мамырдағы шартының ережелерін жетілдіру және оның ережелерінің ЕАЭО Кеден кодексінің ережелерімен үйлесімдігін қамтамасыз ету болып табылады.

Заң жобасын жүргізген депутат Л. Рысбекова.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

1) ЕАЭО-ның қолданыстағы құқығындағы бар олқылықтарды жою;

2) Еуразиялық экономикалық комиссияға энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарын қалыптастыру шеңберінде ұйымдастыру-техникалық қамтамасыз ету, ЕАЭО актілерінің мониторингі, актілерді бекіту және техникалық реттеу, макроэкономика, Бәсекелестік және ветеринария салаларында белгілі бір функцияларды жүзеге асыру бойынша қосымша өкілеттіктер беру.

Заң жобасын қабылдау кезінде күтілетін нәтижелер: энергетикалық ресурстардың ортақ нарықтарын қалыптастыру, ЕАЭО актілерінің мониторингі, актілерді бекіту және техникалық реттеу салаларындағы жекелеген функцияларды жүзеге асыру шеңберінде Еуразиялық экономикалық комиссияның ұйымдық-техникалық қамтамасыз ету жөніндегі өкілеттіктерін кеңейту; ЕАЭО шартының терминологиясын нақтылау; аванстық төлемдерді кедендік әкелу, арнайы, демпингке қарсы, өтемақы баждарын төлеу есебіне есепке жатқызу мүмкіндігіне қатысты олқылықтарды жою; мүше мемлекеттердің өз заңнамаларында ЕАЭО-ға мүше мемлекеттердің аумақтарында бәсекелестік қағидаларын бұзғаны үшін ескерту беру және алдын ала ескерту шығару тәртібі мен негіздерін белгілеуі.

Келісімді ратификациялау мемлекеттік бюджеттен қаржы қаражатын бөлуді талап етпейді.

Заң 2021 жылы 28 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне атом энергиясын пайдалану мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Мамытбеков.

Заң жобасының мақсаты ядролық және радиациялық қауіпсіздік, халықтың денсаулығын қорғау саласындағы құқықтық реттеуді жетілдіру болып табылады.

Заң жобасының міндеттері:

атом энергиясын пайдалану саласындағы қызметті реттеудің нақты шекараларын айқындау;

2) реттеу объектілері мен субъектілеріне қойылатын біркелкі талаптарды белгілеу;

3) ядролық және радиациялық қауіпсіздік деңгейін арттыру;

4) радиациялық қауіпсіздік саласындағы халықаралық талаптар мен шарттарға сәйкес келтіру болып табылады.

Сонымен қатар, заң жобасында:

- «Атом энергиясын пайдалану туралы» және «Халықтың радиациялық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы заңдарының терминологиясын және ұғымдық аппаратын нақтылау;

- атом энергиясын пайдалану саласында көрсетілетін мемлекеттік қызметтерді оңтайландыру;

- уәкілетті мемлекеттік органдардың өкілеттіктері мен функцияларының аражігін ажырату;

- ядролық материалдарды, радиоактивті заттар мен радиоактивті қалдықтарды тасымалдау кезіндегі авариялық дайындық пен ядролық және радиациялық авариялларға ден қоюды регламенттеу;

- ядролық қауіпсіздікке және (немесе) радиациялық қауіпсіздікке және (немесе) ядролық физикалық қауіпсіздікке қайта сараптама жүргізу рәсімін жетілдіру;

- атом энергиясын пайдалану объектілерінде жұмыс істейтін персоналға аттестаттаудан қайта өту құқығын беру көзделеді.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер:

- Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының атом энергиясын пайдалану саласындағы қауіпсіздікті және қызметтің реттелуін қамтамасыз ету бөлігіндегі құқықтық олқылықтарды жою;

- МАГАТЭ-нің қауіпсіздік жөніндегі халықаралық талаптарын орындау;

- атом энергиясын пайдалану объектілерінің зиянды әсерінен қоршаған ортаны және халықтың денсаулығын қорғау саласындағы мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру;

- атом энергиясын пайдалану саласындағы кәсіпкерлік қызметке жүктемені және әкімшілік кедергілерді азайту;

- «бір өтініш» қағидаты бойынша мемлекеттік қызметтер көрсету.

Заң жобасы мемлекеттік бюджеттен қаражат бөлуді талап етпейді.

Заң 2021 жылы 11 ақпанда Сенат отырысында қабылданды.

6. «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазахстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б. Қаниев.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары И.Унжакова, Г. Баймаханова бастамашылық етті.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының уран өндіру саласындағы заңнамасын жетілдіру мақсатында әзірленген.

Заң жобасымен геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есепке сәйкес бастапқы корлардан отыз және одан да көп пайыздан асатын уран кен орны корларының өсімі жағдайында уран өндіруді реттейтін бірқатар нормалар енгізіледі. Мұндай келісімшарттың ережелерінде жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаны іске асыру жөніндегі қосымша міндеттемелері қамтылуға тиіс.

Заң жобасында уран өндіру кезеңінде уран кен орнының геологиялық құрылымы мен корларын нақтылау мақсатында өндіру учаскесіне жете зерттеу (жете барлау) жүргізуге мүмкіндік беру көзделеді.

Сонымен бірге заң жобасымен уран өндіру саласындағы жобалау құжаттарына мемлекеттік сараптама шеңберінде жобалау құжаттарының және игеру талдаулардың тәуелсіз сараптама операторы жүргізетін тәуелсіз сараптама ұсынылады. Тәуелсіз сараптама операторын уран өндіру саласындағы уәкілетті орган айқындайды және ол қатысу үлестерінің жүз пайызы мемлекетке тиесілі заңды тұлға болып табылады.

Бұдан басқа уран өндіру саласындағы жобалау құжаттарының тізбесі уран өндіру салдарларын жою жобаларымен толықтырылады.

Заң жобасы шеңберінде жер қойнауын пайдаланушының кен орындарын әзірлеу жобаларын осы жобаны жасаған жобалау ұйымының жыл сайынғы авторлық қадағалау жүргізуі арқылы орындауын мониторингтеу алып тасталады. Кен орнына тәжірибелік-өнеркәсіптік өндіру және игеру жобаларының орындалуына мониторингті үш жылда кемінде бір рет орындалатын уран кен орнын игеруге талдау жүргізу арқылы жүзеге асыру көзделеді. Бұл ретте кен орнын игеруді талдау жобалау құжаттарының мемлекетік сараптамасына жатқызылуы тиіс.

Заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар түзетулер ұсынды, олар бойынша қорытынды алу үшін Қазақстан Республикасының Үкіметіне жіберілді. Үкіметтің 17.02.2021 жылғы № 537//17-7/421 зж келіп түскен қорытындысына сәйкес Мемлекет басшысының 2021 жылғы 26 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Үкіметінің кеңетілген отырысында **мемлекеттік және жеке операторларды құруға тыйым салу** жөніндегі берген тапсырмасына байланысты 1 (бір) позиция қолдау тапқан, қалған 5 (бес) позицияны Үкімет қолдамады.

Заң жобасы 2021 жылы 18 ақпанда Сенат отырысында қаралып, түзетулер енгізіліп Парламент Мәжілісіне жіберілді.

7. «Мемлекетаралық стандарттау жөніндегі құжаттарды тарату туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Е.Сұлтанов.

Мемлекетаралық стандарттауды дамыту, ТМД-ның Мемлекетаралық стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі кеңесі қабылдайтын құжаттарды тарату мен пайдаланудың бірыңғай қағидаттарын қамтамасыз ету заң жобасының мақсаты болып табылады.

Заң жобасының міндеттері:

ТМД-ның Мемлекетаралық стандарттау, метрология және сертификаттау жөніндегі кеңесі қабылдайтын құжаттарды таратудың бірыңғай қағидалары мен қағидаттарын қамтамасыз ету үшін құқықтық негіз жасау;

мемлекетаралық стандарттау жөніндегі құжаттарды таратудың, қалпына келтірудің, көбейтудің, аударудың және оларға санкциясыз қол жеткізуден қорғаудың шарттарын айқындау.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтиже: мемлекетаралық стандарттау бойынша қабылданатын құжаттардың анықтығы мен өзектілігін қамтамасыз ету; мемлекетаралық стандарттау жөніндегі құжаттарды таратудың бірыңғай қағидаттарын бекіту; стандарттау жөніндегі ұлттық органдарға немесе олар уәкілеттік берген ұйымдарға мемлекетаралық стандарттау жөніндегі құжаттарды таратуға айырықша құқық бекіту.

Келісімді ратификациялау мемлекеттік бюджеттен қаржы қаражатын бөлуді талап етпейді.

Заң 2021 жылы 1 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

8. «Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық регламенттерінде талаптар белгіленбеген өнімнің Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі айналысының тәртібі және мұндай өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидалары туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Л. Рысбекова.

Заң жобасының мақсаты Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберінде өзіне қатысты міндетті талаптар белгіленетін өнімнің бірыңғай тізбесіне енгізілмеген өнімнің, сондай-ақ бірыңғай тізбеге енгізілген, бірақ Одақтың техникалық регламенттері қабылданбаған немесе күшіне енбеген өнімнің Одақ шеңберіндегі айналысының тәртібін және мұндай өнімнің қауіпсіздігін қамтамасыз ету қағидаларын белгілеу болып табылады.

Қаралып отырған Келісімнің ережелері оған қатысты қолданылмайтын өнім айқындалған.

Өнімнің қауіпсіздігін дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген жеке және заңды тұлғалар, оның ішінде Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес өмірлік циклінің барлық сатыларында өнімді өндіруді және (немесе) өткізуді

жүзеге асыратын өнімді дайындаушылар, сатушылар және импорттаушылар қамтамасыз ететін болады.

Бұл ретте қауіпті өнімді айналысқа шығару және оның айналысы үшін жауаптылық Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес белгіленеді.

Сондай-ақ Келісімде бірыңғай тізбеге енгізілген, бірақ оған қатысты Одақтың техникалық регламенттері қабылданбаған немесе күшіне енбеген өнім, егер ол өнімді айналысқа шығару қағидаларына және Одаққа мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасында белгіленген қауіпсіздіктің міндетті талаптарына сәйкес келсе, қауіпсіз деп есептелетін болады деп көзделген.

Қауіпті өнімнің айналысына байланысты зиян келтірудің және адамның өмірі мен денсаулығына немесе жануарлар мен өсімдіктерге, сондай-ақ мүлік пен қоршаған ортаға залал келтірудің анықталған жағдайлары туралы ақпарат Одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің ортақ ақпараттық ресурстарында орналастырылатын болады.

Заң 2021 жылы 15 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

9. «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Сұлтанов.

Заң жобасының мақсаты кейіннен сатып алу құқығымен жеке тұлғаларға немесе мемлекеттік емес заңды тұлғаларға сенімгерлік басқаруға берілген, дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингке, ұлттық холдингке, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі заңды тұлғаларды қоспағанда, ұлттық басқарушы холдингтердің, ұлттық холдингтердің, ұлттық компаниялардың және дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызы ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық компанияларға тікелей немесе жанама тиесілі ұйымдардың, сондай-ақ әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялардың (бұдан әрі – квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілері) жұмыс істеуін қамтамасыз ету, сондай-ақ жарғылық қызметін орындау үшін қажетті тауарларды, жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді сатып алудың заңнамалық негіздерін құру болып табылады.

Заң жобасында сатып алуды жүзеге асырудың қағидаттары, тәсілдері, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуға қатысуына байланысты шектеулер және әлеуетті өнім берушіге қойылатын біліктілік талаптары белгіленеді.

Сондай-ақ, заң жобасында Сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі енгізіледі, сонымен бірге оны қалыптастыру, жүргізу тәртібі және оған енгізу және одан шығару үшін негіздер айқындалады.

Заң жобасы шеңберінде жекелеген субъектілердің сатып алу саласындағы уәкілетті органының құзыреті, сондай-ақ квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алу саласындағы құзыреті бекітіледі.

Сонымен қатар, заң жобасында Қазақстан Республикасының жекелеген квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сатып алу туралы заңнамасы

талаптарының сақталуын бақылау регламенттеледі және тапсырыс берушінің, сатып алуды ұйымдастырушының, тендерлік комиссияның (аукциондық комиссияның), сатып алу жөніндегі сарапшының, сатып алу жөніндегі сараптама комиссиясының, ақпараттық жүйе операторының әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне шағым жасау жөніндегі нормалар енгізіледі.

Заң 2021 жылы 27 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

10. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Е. Сұлтанов.

Заң жобасының мақсаты Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілерін «Квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру болып табылады.

Заң жобасымен Кәсіпкерлік кодексте, сондай-ақ: «Төтенше жағдай туралы», «Акционерлік қоғамдар туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Ұлттық әл-ауқат қоры туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы», «Ақпараттандыру туралы» заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Заң жобасында Қор және дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызын Қор тікелей немесе жанама түрде иеленетін ұйымдардың тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуы Қазақстан Республикасының квазимемлекеттік сектордың жекелеген субъектілерінің сатып алуы туралы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылатын болады деп белгіленеді. Бұл ретте Қордың және дауыс беретін акцияларының елу және одан да көп пайызын Қор тікелей немесе жанама түрде иеленетін ұйымдардың сатып алуды жүзеге асыру тәртібін бекітуі Ұлттық әл-ауқат қоры директорлар кеңесінің құзыретінде көзделеді.

Сонымен қатар заң жобасымен ұлттық басқарушы холдингтер (Ұлттық әл-ауқат қорын қоспағанда) кеңесінің, ұлттық холдингтердің сатып алуды бақылау жөніндегі орталықтандырылған қызметтің сандық құрамын, өкілеттік мерзімін, жұмыс тәртібін айқындау, оның басшысы мен жұмыскерлерінің өкілеттіктерін тағайындау және тоқтату, оның қызметкерлеріне еңбекақы төлеудің мөлшері мен өзге де шарттарын айқындау бөлігіндегі айрықша құзыреті толықтырылады.

Заң жобасымен енгізілген нормаларға сәйкес сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметі өз өкілеттіктерін атқарушы органға, квазимемлекеттік сектор субъектісінің лауазымды адамдарына тәуелсіз жүзеге асыратын болады және директорлар кеңесіне, байқау кеңесіне немесе өзге де тәуелсіз басқару органына есеп беретін болады.

Заң 2021 жылы 27 мамырда Сенат отырысында қабылданды.

11. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ә. Құртаев.

Заң жобасы Қазақстан Республикасында әлеуметтік кәсіпкерлікті заңнамалық реттеу және оны дамыту механизмдерін жүйелендіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасы әлеуметтік кәсіпкерлік ұғымын, әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің негізгі міндеттері мен санаттарын, әлеуметтік кәсіпкер мәртебесін беру механизмін, сондай-ақ мемлекеттік қолдау шараларын бекітеді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі бағытталатын халықтың әлеуметтік осал топтары (бұдан әрі - ХӘОТ) айқындалды.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері үшін мынадай өлшемшарттар белгіленді:

1) жұмыскерлердің жалпы санының кемінде 50 пайызын ХӘОТ үшін жұмыс орындарын қамтамасыз ету;

2) ХӘОТ үшін арналған тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) өндіру;

3) ХӘОТ өндірген тауарларды (жұмыстар, қызмет көрсетулер) сатуға жәрдемдесу;

4) заң жобасында айқындалған әлеуметтік қызметтер көрсету.

Бұл ретте 2), 3) және 4) тармақтар бойынша мыналар міндетті шарттар болып табылады:

- осындай қызметтен кіріс жалпы кірістің кемінде 50 пайызын құрауға тиіс;

- осындай қызметті (қайта инвестициялау) жүзеге асыруға бағытталған таза кірістің үлесі кемінде 50 пайызды құрайды.

Сол сияқты мемлекеттік қолдау көрсету мақсатында кәсіпкерлерді есепке алу үшін Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін қалыптастыру механизмі мен тәртібі айқындалды.

Мемлекеттік қолдаудың мынадай шаралары көзделді:

- оның ішінде, екінші деңгейдегі банктер беретін кредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемесіне субсидиялар беру шеңберінде қаржылық қолдау, кепілдік қаржыландыру;

- мемлекеттік мүлікті жеңілдікті шарттармен жалға беру;

- кәсіптік және қосымша білім беруді ұйымдастыру;

- іскерлік әріптестерді іздестіруге жәрдемдесу және басқалары.

Бұдан басқа, халықтың іскерлік белсенділігін ынталандыруға, оларды жұмыспен қамтуға және кірістерін өсіруге бағытталған кәсіпкерлікті қолдау және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша түзетулер енгізілді.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер:

1) кәсіпкерлік субъектілерінің әлеуметтік проблемаларды шешуге, оның

ішінде әлеуметтік инновацияларды ендіру және әлеуметтік қызметтер көрсетуге жәрдемдесу арқылы қатысуын қамтамасыз ету;

2) халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге жәрдемдесу және олар үшін қоғамдық пайдалы қызметке қатысуға басқа азаматтармен тең мүмкіндіктер жасау;

3) әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері өндіретін тауарларды, орындайтын жұмыстарды, көрсететін қызметтерді нарыққа халықтың әлеуметтік осал топтарының өз еңбегімен қатысуы арқылы жылжыту.

Заң 2021 жылы 10 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

12. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ә. Құртаев.

Заң жобасы әлеуметтік кәсіпкерлікті мемлекеттік қолдау шараларын заңнамалық бекіту мақсатында әзірленді.

Заң жобасы мынадай мемлекеттік қолдау шараларын:

- салық салынатын кірісті халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал топтары болып табылатын жұмыскерлерді мамандығы бойынша оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға ақы төлеуге жұмсалған шығыстар мөлшерінде, бірақ айлық есептік көрсеткіштің 120 еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде;

- мүлік салығын салықтық базаның 0,5%-ы мөлшерлемесі бойынша азайтуға құқығы көзделген.

Бұдан басқа, заң жобасын Мәжілісте қарау барысында іскерлік белсенділікті, жұмыспен қамтамасыз етуді ынталандыруға және халықтың табысын арттыруға бағытталған кәсіпкерлікті қолдау жөніндегі Қазақстан Республикасы Президентінің жекелеген тапсырмаларын орындау шеңберіндегі түзетулер енгізілді. Сондай-ақ міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыруды одан әрі дамытуға және «Қызылжар» арнаулы экономикалық аймағына қатысты түзетулер енгізілді.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілеріне салықтық жеңілдіктер беруді қамтамасыз ету заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтиже болып табылады.

Заң 2021 жылы 10 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

13. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне аудандық, қалалық және ауылдық билік деңгейлерінің дербестігі мен жауапкершілігін кеңейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Әділбеков.

Заң жобасы жергілікті мемлекеттік басқаруды және өзін-өзі басқаруды

дамыту, ағымдағы мәселелерді шешуде жеделділікті қамтамасыз ету үшін жергілікті билік органдарына қосымша функциялар мен өкілеттіктер беру, сондай-ақ бюджеттік реттеуді жетілдіру мақсатында әзірленді.

Заң жобасымен мәслихат сессиясының төрағасы лауазымын қысқарту және оның өкілеттіктерін мәслихат хатшысына беру көзделеді. Мәслихаттың тұрақты комиссиялары төрағаларының қызметі регламенттеледі. Облыс, республикалық маңызы бар қала, астана мәслихаттарының тұрақты комиссияларының тұрақты негізде жұмыс істейтін төрағаларының екі лауазымы енгізіледі. Мәслихат депутаттарының тиісті жергілікті бюджет қаражаты есебінен біліктілігін арттыруға құқық беріледі.

Жергілікті өзін-өзі басқару бюджетін нығайту мақсатында мынадай салықтар мен төлемдер төртінші деңгейдегі бюджетке беріледі: бірыңғай жер салығы; жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлемдер; жер учаскелерін сатудан түсетін түсімдер (ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін қоспағанда); жер учаскелерін жалға беру құқығын сатқаны үшін төлемақы.

Заң жобасымен ағымдағы қаржы жылына бекітілген (нақтыланған) бюджет бойынша бюджеттік бағдарлама шығыстары көлемінің жиырма пайызынан аспайтын көлемде қаражат қайта бөлінген жағдайда, аудандық маңызы бар қаланың, ауылдың, кенттің, ауылдық округтің бюджетін түзету мүмкіндігі көзделеді. Сондай-ақ аудандық маңызы бар қалалардың, ауылдардың, кенттердің, ауылдық округтердің бюджеттерін аудан (облыстық маңызы бар қала) мәслихатының жекелеген шешімдерімен бекітуге мүмкіндік беретін норма енгізіледі. Ағымдағы қаржы жылы ішінде аудандық (облыстық маңызы бар қала) бюджет пен аудандық маңызы бар қалалар, ауылдар, кенттер, ауылдық округтер бюджеттері арасындағы жалпы сипаттағы трансферттер көлемдерін өзгертуге жол берілмейді.

Бұдан басқа, заң жобасымен әкімшілік-аумақтық бірлік санаттарын нақтылау бойынша, сондай-ақ әкімшілік-аумақтық бірлік санатын өзгерту тәртібін айқындау бойынша нормалар енгізіледі.

Заң 2021 жылы 24 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.5. ӘЛЕУМЕТТІК-МӘДЕНИ ДАМУ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ

1. «Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Білім, ғылым және мәдениет мәселелері жөніндегі Біріккен Ұлттар Ұйымы (ЮНЕСКО) арасындағы ЮНЕСКО аясында Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығын (2-санат) құру туралы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат М. Бақтияруұлы.

Заң жобасының мақсаты Келісімді ратификациялау болып табылады, оған сәйкес «Мәдениеттерді жақындастыру орталығы «Республикалық мұражайы» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының базасында Алматы қаласында ЮНЕСКО аясында Мәдениеттерді жақындастыру халықаралық орталығының (2-санат) (бұдан әрі – Орталық) жұмыс істеуі басталады.

Орталық ЮНЕСКО Бас конференциясының 36-сессиясында қолдау тапқан ЮНЕСКО шеңберінде Мәдениеттерді жақындастырудың халықаралық онжылдығын (2013-2022 жылдар) өткізу туралы Қазақстан Республикасының бастамасын институционалдық қолдауды қамтамасыз етеді.

Заң жобасының күтілетін нәтижесі Қазақстан үшін бірқатар қосымша артықшылықтар болады, олардың ішінде еліміздің ЮНЕСКО-ның мәдениетаралық диалог саласындағы саясатын әзірлеуге қатысуы, Орталықтың базасында осы саладағы ғылыми зерттеулер үшін өңірлік хабтың құрылуы.

Осы заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және құқықтық салдарға әкеп соқпайды, республикалық бюджеттен қосымша қаржы шығындарын талап етпейді.

Заң 2021 жылы 28 қаңтарда Сенат отырысында қабылданды.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Б.Жұмағұлов.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Д.Нұрмағанбетова, А.Бектұрғанов, Б.Мамраев, Е. Мамытбеков бастамашылық етті.

Заң жобасының мақсаты ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет және оның нәтижелерін коммерцияландыру саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық қаржыландыру тетігін жетілдіру;

- ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтің нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруды жетілдіру;

- ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін одан әрі арттыра

отырып және алдағы уақытта оның бәсекеге қабілеттілігін жоғарылата отырып, сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасаудың жағдайларын жою.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының Бюджет және Еңбек кодекстеріне, «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, «Білім туралы», «Ғылым туралы», «Мемлекеттік мүлік туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы», «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы», «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы», «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» және «Педагог мәртебесі туралы» Заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне енгізілетін түзетулерге сәйкес «жалпы сипаттағы мемлекеттік функциялар» бағыты шеңберіндегі республикалық бюджет шығыстарына іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулер жүргізуге, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыруға арналған шығыстар қосылады.

Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне енгізілетін түзетулерге сәйкес еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік орган айқындайтын азаматтық қызметке кіру және азаматтық қызметшінің бос лауазымына орналасуға конкурстар өткізу тәртібі мемлекеттік білім беру ұйымының бірінші басшысы мен педагогіне қолданылмайды.

«Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының Кодексінде ағзаларды (ағзаның бөлігін) және (немесе) тіндерді (тіннің бөлігін) алуды, консервациялауды, сақтауды, тасымалдауды және ауыстырып салуды жүзеге асыратын медициналық ұйымдарға қосымша дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) 100 % мемлекетке тиесілі медициналық ұйымдар, сондай-ақ «Назарбаев университеті» медициналық ұйымдары жатқызылды.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымының эндаумент-қоры», «мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялау» ұғымдарын нақтылайтын түзетулер енгізіледі, «мемлекеттік оқу бітіру емтиханына» анықтама беріледі, сондай-ақ оған сәйкес мүгедек, жүкті, көпбалалы ата-ана (қорғаншы), он төрт жасқа дейінгі баланы тәрбиелеп отырған жалғызбасты ата-ана болып табылатын, мүгедек балалары, оның ішінде асырап алған балалары бар (қорғаншы болып табылатын) немесе асырауында қарт ата-анасы бар мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын басқа жерге көшуге байланысты ротациялауға олардың келісімімен ғана жол берілетін норма енгізіледі.

Сонымен бірге, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына еңбек жөніндегі уәкілетті органмен бірлесіп, білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыретіне мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға конкурстық тағайындау, лауазымынан босату қағидаларын әзірлеу және бекіту өкілеттігін

орындайтыны бойынша түзетулер енгізіледі. Облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарының құзыреті мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу қағидаларына сәйкес мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшыларын ротациялауды жүргізу жөніндегі функциямен толықтырылады.

«Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына ұғымдық аппаратты «ғылыми бағыттар сыныптауышы» және «ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы есеп» анықтамаларымен толықтыратын түзетулер енгізіледі. Ғылым мен техниканы дамытуға үлес қосқан ғалымдарды, ғылыми ұйымдар мен жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының ғылыми қызметкерлерін көтермелеу мақсатында олардың республикалық бюджет туралы заңда белгіленген және тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын айлық есептік көрсеткіштің 2000 еселенген мөлшеріндегі «Үздік ғылыми қызметкер» жыл сайынғы сыйлығын алуға ұсынылуы мүмкін болатын норма енгізіледі.

Сондай-ақ, «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына уәкілетті органның құзыретіне мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс шеңберінде қалыптастырылатын ғылыми, ғылыми-техникалық жобалар мен бағдарламаларды қоспағанда, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулердің ғылыми, ғылыми-техникалық жобалары мен бағдарламаларын үйлестіру бойынша, мемлекеттік бюджеттен қаржыландырылатын ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын мемлекеттік есепке алу қағидаларын және олардың орындалуы жөніндегі есептерді бекіту бойынша, «Үздік ғылыми қызметкер» жыл сайынғы сыйлығын беру қағидаларын бекіту бойынша, ғылыми бағыттар сыныптауышын бекіту бойынша, ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметке мониторингті жүзеге асыру және ғылымды басқару жүйесін ақпараттық қамтамасыз ету, ғылым саласындағы ақпараттандыру объектілерін ұйымдастыру және олардың жұмыс істеуі қағидаларын бекіту бойынша толықтырулар енгізіледі.

«Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген түзетулермен сәйкес келтіруге бағытталған.

«Педагог мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген түзетулерге сәйкес педагогтер аттестаттаудан өтеді, соның нәтижелері бойынша білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайтын тәртіппен біліктілік санаттары беріледі (расталады).

«Мемлекеттік мүлік туралы», «Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы туралы», «Инновациялық технологиялар паркі» инновациялық кластері туралы», «Қорғаныс өнеркәсібі және мемлекеттік қорғаныстық тапсырыс туралы» Қазақстан Республикасының Заңдары терминологияны

бірізді қолдану мақсатында «Ғылым туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген түзетулермен сәйкес келтіріледі.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер:

ғылым саласындағы мемлекеттік реттеуді және заңнаманың сапасын жетілдіру;

ғылымның ел экономикасын дамытуға қосатын үлесін ұлғайту және ғылыми әлеуеттің бәсекеге қабілеттілігін арттыру.

Заң 2021 жылы 4 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне туристік қызмет мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Нүкетаева.

Заң жобасы Тұңғыш Президент – Елбасы Н.Ә. Назарбаев 2018 жылғы 1 қыркүйекте алтыншы шақырылымдағы Қазақстан Республикасы Парламентінің төртінші сессиясының ашылуында берген тапсырмасын орындау үшін әзірленді.

Заң жобасының мақсаты туристік қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіру болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- реттеуші құралдарды оңтайландыру арқылы ішкі және келу туризмін дамытуды ынталандыру бойынша құқықтық жағдай жасау;

- туристік саланы мемлекеттік қолдау шараларын айқындау;

- оңтайлы талаптар белгілеу есебінен шығу туризмі қызметін реттеу.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының 2 кодексіне және 9 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Қазақстан Республикасының Бюджет кодексіне оларға сәйкес республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджеттеріне түсетін салықтық емес түсімдер шетелдіктер үшін туристік жарналармен толықтырылатын түзетулер енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексіне туристік қызметті мемлекеттік қолдау жүзеге асырылатын жеке кәсіпкерлік бағытына қосу бойынша түзету енгізіледі, сондай-ақ басым туристік аумақтарда туристің қажеттіліктерін қанағаттандыра алатын объектілер құру кезінде инвестициялық преференциялар беру жөніндегі нормамен толықтырылады, бұл ретте заңды тұлға инвестицияларының мөлшері айлық есептік көрсеткіштің кемінде екі жүз мың еселенген мөлшерін құрауға тиіс.

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының Заңына:

- республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) мәслихаттарының құзыретін шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемелерін бекіту жөніндегі функциямен;

- республикалық маңызы бар қала, астана әкімдігінің және аудандық (облыстық маңызы бар қала) әкімдіктердің құзыретін Қазақстан

Республикасының Үкіметі бекітетін, шетелдіктер үшін туристік жарна төлеу қағидаларының негізінде әзірленетін, шетелдіктер үшін туристік жарнаның мөлшерлемесін әзірлеу және тиісті мәслихатқа бекітуге ұсыну функцияларымен толықтыратын нормалар енгізіледі.

«Қазақстан Республикасындағы туристік қызмет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына: «сақтандыру сертификаты», «туризм инфрақұрылымы», «туристендіру картасы», «туристік агент», «туристік код», «туристік көрсетілетін қызметтерді өтеу», «туристік оператор», «шығу туризмі саласындағы туроператорлық қызмет», «ішкі туризм саласындағы туроператорлық қызмет» сияқты жаңа ұғымдар енгізіледі, сондай-ақ туристік қызмет субъектілерінің тізбесін нақтылау жөніндегі және Қазақстан Республикасында туризмнің сыныпталуын айқындайтын нормалар енгізіледі. Сонымен қатар басым туристік аумақтар субъектілерінің қызметін регламенттейтін және осы аумақтардың мақсатын айқындайтын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес преференцияларды көздейтін жаңа баптар енгізіледі. Ішкі және келу туризмін дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі құратын ұйымның өкілеттігі айқындалады.

«Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына түзетулер енгізу көзделеді, оларға сәйкес туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган да ерекше қорғалатын табиғи аумақтар саласында мемлекеттік басқаруды жүзеге асыратын болады. Туристік қызмет саласындағы мемлекеттік басқару функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы органның құзыреті белгіленеді. Табиғат қорғау мекемелерінің қаражатын қалыптастыру көздерін айқындайтын норма көзделген.

«Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында туристік операторлық қызметке берілетін лицензияны екі кіші түрге: шығу туризмі саласындағы; келу туризмі мен ішкі туризм саласындағы лицензияға бөлу көзделеді.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер:

- туристік саладағы мемлекеттік реттеудің одан әрі жетілдірілуі;
- туристік қызмет саласындағы заңнама сапасының көтерілуі;
- инвестициялар тарту тетігі арқылы туристік саланы дамытуда оң серпіннің пайда болуы.

Заң жобасы қабылданған жағдайда келеңсіз құқықтық, әлеуметтік-экономикалық және экологиялық салдарлар күтілмейді.

Заң 2021 жылы 8 сәуірде Сенат отырысында қабылданды.

4. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Д. Нүкетаева.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары

Ж. Омарбекова, З. Аманжолова, И. Аронова, Н. Жұмаділдаева, А. Нұркина, Ж. Нұрманбетова, Н. Төреғалиев бастамашылық жасады.

Заң жобасының мақсаты инклюзивті білім беру саласындағы заңнамадағы құқық қолдану практикасы процесінде анықталған құқықтық олқылықтарды жою болып табылады.

Заң жобасының негізгі міндеттері:

- инклюзивті және арнайы білім берудің нормативтік құқықтық базасын жетілдіру;

- Қазақстан Республикасының заңнамасын Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы және Мүгедектердің құқықтары туралы конвенция қағидаттарына сәйкес келтіру.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының 4 заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына заң жобасымен мынадай түзетулер енгізіледі:

- Үкіметтің құзыретінен мүмкіндігі шектеулі балалар үшін арнаулы мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың және арнаулы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын әзірлеу, бекіту тәртібін айқындау жөніндегі функция, білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыретінен арнаулы мектепке дейінгі тәрбие беру мен оқытудың және бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің мемлекеттік білім беру стандарттарын белгілеу, мүмкіндігі шектеулі балалар оқитын арнайы сыныптардың (топтардың) шекті толымдылығын айқындау алып тасталады, өйткені бұл құзыреттер «Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларында көзделген;

- мүмкіндігі шектеулі балаларға медициналық, арнаулы білім беру және арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдар және арнаулы білім беру қызметтерінің тізбесі, балаларды тексеру мен оларға консультация беруді, білім алу үшін ерекше білім беру қажеттіліктері мен арнайы жағдайларын бағалауды, білім беру бағдарламасын айқындауды жүзеге асыратын, сондай-ақ мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға жіберетін білім беру ұйымы ретінде психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның функциялары нақтыланды.

«Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына енгізілген тиісті өзгерістер енгізіледі.

«Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыретінен мүгедектерді оқытуды жүзеге асыратын арнаулы білім беру ұйымдарының білім беру қызметін регламенттейтін Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін әзірлеу және бекіту жөніндегі норма алып тасталады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына заң жобасымен мынадай түзетулер енгізіледі:

- мүмкіндігі шектеулі балаларды мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарына қабылдау және оқыту тәртібі нақтыланды;

- білім беру саласындағы уәкілетті органның құзыреті білім беру ұйымдарында психологиялық-педагогикалық қолдау қағидаларын, ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау қағидаларын, мүмкіндігі шектеулі балаларды арнайы психологиялық-педагогикалық қолдауға мемлекеттік білім беру тапсырысын орналастыру қағидаларын әзірлеу және бекіту жөніндегі жаңа өкілеттіктермен толықтырылады;

- білім беру ұйымдары ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдарды (балаларды) оқыту үшін білім беру бағдарламаларын білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жеке даму ерекшеліктері мен әлеуетті мүмкіндіктеріне сәйкес бейімдеуі тиіс деп айқындалған;

- білім беру ұйымына қабылдаудың үлгілік қағидаларын бұзғаны немесе білім алу үшін арнайы жағдайлар жасамағаны үшін білім беру ұйымы басшысының жауапкершілігі белгіленеді;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды арнаулы психологиялық-педагогикалық қолдауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы білім алушылардың және (немесе) тәрбиеленушілердің санын және бір білім алушыға және (немесе) тәрбиеленушіге жұмсалатын шығыстардың орташа құнын қамтуға тиіс.

Заң жобасынан күтілетін нәтижелер:

- ерекше білім беру қажеттілігі бар адамдардың қолжетімді білім беруге құқықтарын кемсітусіз және мүмкіндіктер теңдігі негізінде іске асыру, оларды оқытудың барлық деңгейлерінде инклюзивті білім берумен қамтамасыз ету;

- мүмкіндігі шектеулі балаларды ерте анықтау және оларға ерте арнайы психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету саласындағы ведомствоаралық өзара іс-қимылды күшейту.

Қазақстан Республикасы Сенаты тұрақты комитеттерінің заң жобасы бойынша ескертулері мен ұсыныстары жоқ.

Баяндалғанды ескере отырып, Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті «Қазақстан Республикасы Парламентінің комитеттері мен комиссиялары туралы» Қазақстан Республикасы Заңы 29-бабының 1), 7) тармақшаларын басшылыққа ала отырып, Парламент Мәжілісі мақұлдаған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын Сенат отырысының қарауына енгізеді және Қазақстан Республикасы Конституциясы 61-бабының 4-тармағына сәйкес оны қабылдауды ұсынады.

Заң 2021 жылы 10 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

5. «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне қашықтан жұмыс істеудің құқықтық реттелуін жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Н.Жүсіп.

Заң жобасына Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары Н.Төреғалиев, Л.Сүлеймен, Ж.Омарбекова, Б.Әбдіғалиұлы бастамашылық жасады.

Заң жобасына еңбек заңнамасын қашықтан жұмыс істеу рәсімдерін реттеу бөлігінде жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Парламентінің депутаттары бастамашылық жасады және әзірледі.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне мынадай өзгерістер енгізілді:

- Кодекстің негізгі ұғымдары «қашықтан аралас жұмыс істеу» және «қашықтан жұмыс істеу» деген жаңа анықтамалармен толықтырылады, олар тараптардың келісуі бойынша жұмыскердің немесе жұмыс берушінің бастамасы бойынша белгіленуі мүмкін. Бұл ретте жұмыс беруші жұмыскерді еңбек міндеттерін орындау үшін қажетті жабдықпен, Қазақстан Республикасының ақпараттандыру туралы заңнамасына сәйкес ақпараттандыру объектілерімен, көрсетілетін байланыс қызметтерімен және өзге де құралдармен қамтамасыз етеді;
- жұмыс уақытының күнделікті ұзақтығының шектеулерін сақтай отырып, жұмыскердің жұмыс уақытының шегінде жұмыс берушімен байланыс үшін қолжетімділік режимінде болу мәселесі реттелді;
- қашықтан жұмыс істеген кезде жұмыскерді іссапарға жіберуге қатысты нормалар нақтыланды;
- жұмыс берушінің және қабылдаушы тараптың жұмыскерлердің еңбек қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі міндеттері қарастырылған.

Заң жобасымен хабарламаларды, түсініктемелерді дайындау кезінде құжаттардың қағаздағы нысанымен қатар электрондық цифрлық қолтаңба арқылы куәландырылған электрондық құжатты пайдалану мүмкіндігі беріледі.

Жұмыскерлердің сайланбалы өкілдерін сайлаудың және оларға уәкілеттік берудің, оның ішінде қашықтан дауыс беруді пайдалану мүмкіндігін ескере отырып, сайлаудың және оларға уәкілеттік берудің тәртібі бекітіледі.

Заң 2021 жылы 24 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

3.1.6. АГРАРЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕР, ТАБИҒАТТЫ ПАЙДАЛАНУ ЖӘНЕ АУЫЛДЫҚ АУМАҚТАРДЫ ДАМЫТУ КОМИТЕТІ

1. «Еуразиялық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізуді біріздендіруге бағытталған шаралар турлы келісімді ратификациялау туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат М. Жұмағазиев.

Келісім Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде ауыл шаруашылығы жануарларымен селекциялық-асыл тұқымдық жұмыс жүргізу мәселелері бойынша келісілген (үйлестірілген) аграрлық саясатты іске асыруға, соның ішінде біріздендіру арқылы:

- ауыл шаруашылығы жануарларының шығарылған жаңа типтерін, желілерін (тұқымдарын) және кростарын өткізу;

- асыл тұқымды өнімге молекулалық генетикалық сараптама, асыл тұқымды жануарлардың тұқымдарын анықтау және асыл тұқымдық құндылықты бағалау жүргізуге бағытталған.

Заң жобасын қабылдау кезінде күтілетін нәтижелер: ЕАЭО шеңберінде асыл тұқымдық мал шаруашылығының жалпы нарығын дамыту және отандық асыл тұқымдық өнімнің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын өзара саудадағы кедергілерді жою.

Заң 2021 жылы 4 наурызда Сенат отырысында қабылданды.

2. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастары мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат Ә. Нұралиев.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К.Тоқаевтың заң шығару бастамасы тәртібімен дайындалды.

Заң жобасының мақсаты ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге билік етуге, иелік етуге және пайдалануға құқығы бар субъектілердің құрамын нақтылау бөлігінде жер заңнамасын жетілдіру болып табылады.

Көрсетілген мақсаттар үшін заң жобасымен Жер кодексіне, «Мемлекеттік мүлік туралы», «Халықтың көші-қоны туралы», «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» және «Қазақстан Республикасы Жер кодексінің жекелеген нормаларының қолданысын және «Қазақстан Республикасының Жер кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2015 жылғы 2 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының қолданысқа енгізілуін тоқтата тұру туралы» Заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізу көзделеді.

Бұл ретте, заң жобасымен шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдардың, шетелдік заңды тұлғалардың, шетелдік қатысуы бар Қазақстан Республикасының заңды тұлғаларының, халықаралық ұйымдардың, халықаралық қатысуы бар ғылыми орталықтардың, сондай-

ақ қандастардың ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелерін жеке меншік немесе жер пайдалану құқығымен иеленуіне тыйым салу енгізіледі.

Осыған байланысты заң жобасымен жоғарыда көрсетілген жер құқықтық қатынастарының субъектілеріне ауыл шаруашылығы жерлеріне құқық беру мәселелерін регламенттейтін қолданыстағы заңнамадан құқықтың материалдық нормалары алып тасталады.

Заң жобасында сондай-ақ 2016 жылғы 1 шілдеге дейін берілген ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскелеріне уақытша жер пайдалану құқығы жалдау шартының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қолданылатыны және ұзартылуға жатпайтыны көзделген.

Заң жобасында сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығы тоқтатылған және шетелдік азаматтар мен заңды тұлғалар Қазақстан Республикасының заңды тұлғасына қатысушылар құрамына кірген жағдайларда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді иеліктен шығару мәселелері регламенттелген.

Осылайша, заң жобасы қабылданған жағдайда ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге Қазақстан Республикасының азаматтары мен шетелдік қатысуы жоқ Қазақстан Республикасының заңды тұлғалары ғана ие бола алады.

Заң жобасын талқылау барысында тұрақты комитеттер мен жекелеген депутаттардың қорытындыларын ескере отырып, оған жекеше орман өсіру мәселесіне қатысты өзгерістер мен толықтырулар енгізу қажеттігі туындады.

Ұсынылған ескерту мен толықтыру салыстырма кестеге жинақталған.

Заң жобасы 2021 жылы 29 сәуірде Сенат отырысында қаралып, түзетулер енгізіліп Парламент Мәжілісіне жіберілді.

3. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»

Заң жобасын жүргізген депутат А. Күрішбаев.

Заң жобасымен Қазақстан Республикасының 4 Кодексіне және 5 Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

Заң жобасы Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында және Жер реформасы жөніндегі комиссия қызметінің нәтижелері бойынша әзірленді және ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді жалға беру институтын реттеу мәселелері бойынша жер заңнамасын жетілдіруге және жерлерді пайдалануға мемлекеттік бақылауды күшейтуге бағытталған. Заң жобасының жекелеген нормалары телерадио хабарларын тарату саласында мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі кейбір мәселелерді реттеуге де бағытталған.

Заң жобасымен отандық жер пайдаланушылар үшін жалға беру институтын сақтау туралы және Жер кодексінің ауыл шаруашылығы жерлерін жеке меншікке беру жөніндегі нормаларының қолданылуына мораторийді

2026 жылғы 31 желтоқсанға дейін ұзарту туралы тұжырымдамалық шешім қабылданды.

Бұдан басқа, заң жобасымен жергілікті атқарушы органдардан тиісті функцияларды Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Жер ресурстарын басқару комитетіне қайтару арқылы жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды күшейту; мемлекеттен жалға алу құқығын сатып алусыз ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер пайдалану (жалға алу) құқығын иеліктен шығару мүмкіндігі көзделеді, бұл жер пайдалану нарығын қалыптастыруға мүмкіндік береді; ауыл тұрғындарының жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын ұстап-бағу және жаю үшін жайылымдық жерлер аумағын айқындау; жер комиссиясының хаттамалық шешіміне шағым жасау рәсімдерін нақтылау, сондай-ақ жер заңнамасын одан әрі жетілдіруге бағытталған жекелеген нормаларды енгізу көзделеді.

Заң жобасымен енгізілетін түзетулермен ұштастыру үшін Қазақстан Республикасының Су және Орман кодекстеріне уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің атаулары және орман қорының жер учаскелерін беру бөлігінде өзгерістер көзделеді.

Қазақстан Республикасының «Телерадио хабарларын тарату туралы» және «Жайылымдар туралы» Заңдарына тиісті лицензиясы жоқ телерадио хабарларын тарату операторларының көрсетілетін қызметтеріне шартты қолжетімділік карталарын таратуға тыйым салу жөніндегі талаптардың сақталуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру және ауыл тұрғындарының жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларын ұстап-бағуына және жаюына арналған жайылымдық жерлерді беруге тыйым салу бөлігінде түзетулер енгізілді.

Заң 2021 жылы 24 маусымда Сенат отырысында қабылданды.

IV. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ БАСТАМАШЫЛЫҒЫМЕН ӘЗІРЛЕНГЕН ЗАҢ ЖОБАЛАРЫ

Заңнаманы жетілдіру мақсатында Парламент депутаттарының бастамышылығымен **15 заңнамалық акті әзірленіп, қабылданды**.

Бұл:

1) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»;

2) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

3) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

4) «Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»;

5) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

6) «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы»;

7) «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

8) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының заң жобалары.

9) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы банк, микроқаржы және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

10) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

11) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

12) «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Қазақстан Республикасының Кодексін қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық кодексі);

13) «Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне телефонмен жұмыс істеуді құқықтық реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

14) «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікке қарсы күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымының алдын алу шараларын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»;

15) «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы».

Оның ішінде, Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының қатысуымен – **13 заңнамалық акт** («Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы банк, микроқаржы және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» қоспағанда).

№ б/б	*Атауы*	*Қысқаша мазмұны*	*Президенттің қол қойған күні*
1.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жол жүрісі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	Заң жол қозғалысы саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Заң: 1) автокөлік құралдарын тиімді және қауіпсіз пайдалану, адамның мүдделері мен қоғамның және мемлекеттің құқықтарын қорғау; 2) жазатайым оқиғалар санын және олардың салдарының ауырлығын азайтуды қамтамасыз етеді.	01.02.2021 № 1-VII ЗРК
2.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне нотариат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң нотариат саласындағы заңнаманы жетілдіру және жеке және заңды тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғаудың құқықтық жүйесін қамтамасыз етуге бағытталған. Заң: - нотариаттық қызмет көрсетудің тиімдігін арттыру, Бірыңғай нотариаттық ақпараттық жүйенің жұмысын реттеу бойынша нормаларды бекіту; - нотариаттық құжаттарды сақтау және есепке алу үшін репозиторийдің орталықтандырылған электрондық жүйесін және электрондық мұрағатты құру; - нотариаттық іс-әрекеттер жасауға өтініш білдірген жеке және заңды тұлғалардың мүдделерін қорғауды қамтамасыз ету; - нотариатты басқару органдарын және олардың өкілеттіктерін егжей-тегжейлі регламенттеу, жаңа нотариаттық іс-әрекеттерді енгізу; - тәртіптік жаза шараларды нақтылау; - нотариустың құқықтары мен міндеттерін кеңейту; - нотариаттық қызмет көрсету саласында заңдылықты сақтау және нотариустардың құқық қолдану тәжірибесінде біркелкілікті қамтамасыз етеді.	15.02.2021 № 5-VII ЗРК

3.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне адвокаттық қызмет және заң көмегі мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң адвокатура мен заң консультанттарының қызметін одан әрі жетілдіру, цифрландыруды енгізу және азаматтардың білікті заң көмегін алуға конституциялық құқықтарын қамтамасыз ету кепілдіктерін арттыруға бағытталған. Заң процестің жарыспалылығы мен қылмыстық процестегі тараптардың тең құқықтығын кеңейту, адвокатура мен заң консультанттары институттарын жетілдіру және құқықтық олқылықтарды жоюға бағытталған.	
4.	«Қазақстан Республикасының сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы»	Заң сот жүйесін жетілдіруге бағыттылған. Заң сот жүйесіне әкімшілік юстицияның жаңа жағдайларына сай бейімдеуін қамтамасыз етеді.	20.03.2021 № 19-VII
5.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сот жүйесін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң қолданыстағы заңнаманы «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Конституциялық заңы жобасының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған. Заң инвесторлардың қатысуымен дауларды қарауды сатылылығын қайта қарауды іске асыруға бағытталған.	20.03.2021 № 20-VII ЗРК
6.	«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер енгізу туралы»	Заң қолданыстағы заңнаманы «ҚР сот жүйесі мен судьяларының мәртебесі туралы» ҚР Конституциялық заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Конституциялық заңы жобасының ережелеріне сәйкес келтіруге бағытталған.	20.03.2021 № 21-VII
7.	«Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне уран өндіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң Қазақстан Республикасының уран өндіру саласындағы заңнаманы жетілдіруге бағытталған. Заңға геологиялық қорларды есептеу жөніндегі есепке сәйкес бастапқы қорлардан отыз және одан да көп пайыздан асатын уран кен орны қорларының өсімі жағдайында уран өндіруді реттейтін бірқатар нормалар енгізілген. Мұндай келісімшарттың ережелерінде жер қойнауын пайдаланушының өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына бағытталған жобаны іске асыру жөніндегі қосымша міндеттемелері қамтылуы тиіс.	09.03.2021 № 14-VII ЗРК

8.	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ғылым мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң ғылыми, ғылыми-техникалық қызмет саласындағы заңнаманы жетілдіру және оның нәтижелерін коммерцияландыру үшін әзірленді. Заң: - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметті гранттық және бағдарламалық-мақсатты қаржыландыру механизмін жетілдіру; - ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыруды жетілдіру; - ел экономикасын дамытуға ғылымның үлесін одан әрі арттыру және оның бәсекеге қабілеттілігін одан әрі арттыру арқылы сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарды жасау жағдайларын жоюды қамтамасыз етеді.	31.03.2021 № 24-VII ЗРК
9	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасындағы банктік, микроқаржы және коллекторлық қызметті реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заңның негізгі міндеттері: - Қазақстан Республикасының азаматтарына қарыз ауыртпалығын төмендету; -Азаматтардың одан әрі қарыз ауыртпалығын болдырмау және тұтынушылық несиелеудің оңтайлы өсу қарқынын қамтамасыз ету; - коллекторлық агенттіктердің талаптары мен жауапкершілігін арттыру, сондай-ақ олардың санын азайту және т.б.	24.05.2021 № 43-VII ЗРК
10	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инклюзивті білім беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң инклюзивті және арнайы білім берудің нормативтік құқықтық негіздерін жетілдіру, Қазақстан Республикасының заңнамасын Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы мен мүгедектердің құқықтары туралы конвенция қағидаларына сәйкестендіруге бағытталған. Заңды қамтамасыз ету мақсатында ерекше білім беру қажеттілігі бар балалардың сапалы білімге тең қол жеткізуге деген негізгі құқықтары реттелген.	Парламент қабылдаған
11	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кәсіпкерлік, әлеуметтік кәсіпкерлік және міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң әлеуметтік кәсіпкерліктің тұжырымдамасы мен негізгі міндеттерін заңнамалық деңгейде жіктеп, өлшемдерін анықтауға бағытталған. Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі ретіндегі ұйым және әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің қызметі халықтың әлеуметтік осал санаттарын анықтауға бағытталған.	24.06.2021 № 52-VII ЗРК

12	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін енгізу туралы «Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер (Салық кодексі)»	Заңда кәсіпкерлікті әлеуметтік қолдаудың келесі мемлекеттік шаралары қарастырылған: -әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі үшін салық салынатын кірісті осындай әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісімен еңбек қатынастарында тұрған халықтың әлеуметтік осал санаттарын оқытуға, біліктілігін арттыруға немесе қайта даярлауға кеткен шығындардың 2 еселенген мөлшерінде азайту; -әлеуметтік кәсіпкерлік субъектісі үшін мүлік салығын салық базасына 0,5 пайыз мөлшерінде есептеу.	24.06.2021 № 53-VII ЗРК
13	«Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне телефонмен жұмыс жасауды құқықтық реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң жұмыс берушінің орналасқан жерінен тыс жерлерде еңбек процесін қызметкерлердің телефонмен қамтамасыз ету, уақытша жұмыспен және/немесе аралас жұмыс жасау арқылы жүзеге асырудың арнайы нысандарын нақтылауға бағытталған.	Парламент қабылдаған
14	«Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне рейдерлікпен күресті күшейту, кәсіпкерлік қызметті мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заңсыз араласуынан қорғау және бағалы металдардың заңсыз айналымының алдын алу шараларын күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заңда мыналарды қарастыратын түзетулер ұсынылады: кәсіпкерлерді, атап айтқанда, кәсіпкерлік субъектілерін қорғау жөніндегі жоғары қадағалау құралдарын күшейту мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының олардың қызметіне заңсыз араласу фактісі бойынша прокуратураға тікелей хабарласу құқығы беріледі; салықтық бұзушылықтар үшін кәсіпкерлерді қылмыстық жауапкершілікке тартудың қолданыстағы шектерін қайта қарау. Қылмыстық кодекске енгізілген түзетулер күнтізбелік жылға төленетін салықтардың 10% қылмыстық шегін енгізді; кәсіпкерлікті қылмыстық қудалау органдарының шектен тыс араласуынан қорғау және тіркелген кәсіпкерлерге қатысты тергеу әрекеттерін сот пен прокурордың келісімімен ғана жүзеге асыру; құқық қорғау және бақылаушы органдардың кәсіпкерлерге қатысты рейдерлік және заңсыз әрекеттерімен күресті күшейту, сондай-ақ бағалы металдардың заңсыз айналымының алдын алу шаралары.	Парламент қабылдаған

15	«Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы»	Заң қолданыстағы заңнаманы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне кадрлармен қамтамасыз ету қызметін көрсету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заңының ережелеріне сәйкес келтіруге, ластаушы зат үшін айыппұлды есептеу кезіндегі дискриминациялық тәсілді болдырмауға бағытталған. Заңда газды жағу және стационарлық көздерден шығарындылар, әкімшілік құқық бұзушылық жасағаны үшін ескіру мерзімінің аяқталуына байланысты әкімшілік жауапкершіліктен босату, прокурордың қаулысын орындамағаны үшін жауапкершілікті белгілеу мәселелері реттелген.	Парламент қабылдаған

V. СЕНАТ КОМИТЕТТЕРІ ӨТКІЗГЕН ІС-ШАРАЛАР

Комитеттің атауы	**Парлам. тыңдау**	**Үкімет сағаты**	**Көшпелі іс-шаралар**	**Дөңгелек үстелдер және басқа**	**Кездесулер**	**Барлығы**
Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті	-	1	1	4	2	**8**
Қаржы және бюджет комитеті	-	-	-	2	6	**8**
Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті	-	-	1	4	1	**6**
Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті	-	1	2	5	6	**14**
Әлеуметтік мәдени даму және ғылым комитеті	1	-	-	2	4	**7**
Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті	-	1	1	3	2	**7**
Барлығы:	**1**	**3**	**5**	**20**	**21**	**50**

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУЛАР - 1

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті

2021 жылғы 30 наурыз – «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған парламенттік тыңдау.

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ – 3

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті - 1

2021 жылғы 12 наурыз - «Полицияның сервистік моделін заңнамалық қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігін бейінді емес функциялардан босату» тақырыбына арналған үкімет сағаты.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 1

2021 жылғы 26 ақпан - «Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саясатын заңнамалық реттеу: жай-күйі, проблемалары және шешу жолдары» тақырыбына арналған үкімет сағаты.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 1

2021 жылғы 11 маусым - «Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы» тақырыбына арналған үкімет сағаты.

КОМИТЕТТЕРДІҢ КӨШПЕЛІ ІС-ШАРАЛАРЫ - 5

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті – 1

2021 жылғы 17 ақпан - Пенитенциарлық жүйе мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Қылмыстық атқару жүйесі комитетіне сапары (онлайн режимде).

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті - 1

2021 жылғы 16 сәуір - «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік органдары – 30 жыл Тәуелсіздік күзетінде» тақырыбына арналған Комитеттің Ұлттық қауіпсіздік комитеті академиясындағы көшпелі отырысы (онлайн режимде).

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 2

2021 жылғы 15 маусым – Комитет мүшелерінің Нұр-Сұлтан қаласындағы «MODEX» үй құрылысы комбинатының қызметімен танысу мақсатында шығуы.

2021 жылғы 24-25 маусым – Тұрғын үй-коммуналдық дамудың 2020 - 2025 жылдарға арналған «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру және индустриялық аймақтарды дамыту мәселелері бойынша Комитеттің Ақтөбе облысындағы көшпелі отырысы.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 1

2021 жылғы 20-22 мамыр - Суармалы жерлерді тиімді пайдалану мәселелері бойынша Комитеттің Түркістан облысындағы көшпелі отырысы.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР ЖӘНЕ БАСҚА ІС-ШАРАЛАР - 20

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті - 4

2021 жылғы 23 ақпан - Есірткі құралдарының, психотроптық заттар мен олардың прекурсорларының, азаматтардың өмірі мен денсаулығына ықтимал қауіп төндіретін жаңа синтетикалық заттардың заңсыз айналымына қарсы іс-қимыл: өзекті проблемалар және заңнаманы жетілдіру жөніндегі шаралар мәселелері бойынша комитет отырысы.

2021 жылғы 16 наурыз - Сот жүйесі туралы заңнаманы одан әрі жетілдіру мәселесі жөніндегі комитет отырысы.

2021 жылғы 18 мамыр - Мемлекеттік органдар мен соттардың әкімшілік құқық бұзушылық туралы істерді қарауы: проблемалар және заңнамалық реттеу мәселесі жөніндегі Комитет отырысы.

2021 жылғы 1 маусым – Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәмелетке толмағандар арасында суицид пен буллингтің алдын алу мәселелері жөніндегі комитеттің отырысы.

Қаржы және бюджет комитеті – 2

2021 жылғы 2 наурыз - «Сақтандыру нарығының даму болашағы. Өмірді сақтандыруды реттеу және дамыту бағыттары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2021 жылғы 27 сәуір – «Квазимемлекеттік сектор: бюджет қаражатын пайдаланудың және активтерді басқарудың тиімділігі» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 4

2021 жылғы 25 ақпан - «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету бөлігінде іске асырылу барысы туралы Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2021 жылғы 2 наурыз - Қазақстан Республикасының Төтенше жағдайлар министрлігі мен жекелеген өңірлердің күштері мен құралдарының көктемгі су тасқын кезеңіне дайындығы туралы Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2021 жылғы 2 сәуір – «Қазақстан Республикасының шекара саясаты – нормативтік құқықтық реттеудің жай-күйі мен перспективалары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2021 жылғы 18 маусым – «Қазақстандағы Омбудсмен институты: проблемалары мен перспективалары» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті - 5

2021 жылғы 19 наурыз – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне әлеуметтік кәсіпкерлікті дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заң жобасының таныстырылымы.

2021 жылғы 2 сәуір - «Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі: қазіргі жай-күйі және өнімділігі жоғары бизнесті дамыту перспективалары» тақырыбында өткен 2020 жылғы 4 наурыздағы Парламенттік тыңдауда қабылданған ұсынымдардың іске асырылу барысы туралы» тақырыбына арналған Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2021 жылғы 13 сәуір - «Тұрғын үй-коммуналдық дамудың мемлекеттік бағдарламаларын жетілдіру және оларды іске асырудың кейбір мәселелері туралы» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2021 жылғы 22 сәуір - «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы туралы» тақырыбына арналған Комитет отырысы.

2021 жылғы 28 мамыр - «Қазақстан Республикасындағы инновациялық даму: жай-күйі, проблемалары және құқықтық реттелуі» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті - 2

2021 жылғы 16 ақпан - «Азаттық жолындағы ақтандақтар: ашаршылық зардаптарына шынайы тарихи көзқарас» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2021 жылғы 28 мамыр - «Ашаршылық. Голод. Документальная хроника. 1928 -1934.» кітабының тысау кесері.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті – 3

2021 жылғы 19 ақпан - «Жайылымдар туралы» Қазақстан Республикасы Заңының іске асырылуы туралы» тақырыбына арналған мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен Комитеттің кеңейтілген отырысы.

2021 жылғы 12 наурыз - «Қазақстан Республикасында органикалық өнімдердің өндірісін заңнамалық реттеу» тақырыбына арналған дөңгелек үстел.

2021 жылғы 16 маусым – «Ауылдық аумақтарды әлеуметтік-экономикалық дамытудың жай-күйі және оларды теңгерімді дамыту перспективалары туралы» тақырыбында өткен Парламенттік тыңдаудың қорытындысы бойынша қабылданған ұсынымдарды іске асыру барысы туралы» тақырыбына арналған, мүдделі мемлекеттік органдардың қатысуымен Комитеттің кеңейтілген отырысы.

МЕМЛЕКЕТТІК ОРГАНДАРДЫҢ БАСШЫЛАРЫМЕН КЕЗДЕСУЛЕР – 21

Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті - 2

2021 жылғы 29 сәуір – Қазақстан Республикасындағы зияткерлік меншік құқықтарын қорғау мәселелерін талқылау бойынша Ұлттық зияткерлік меншік институтының басшылығымен кездесу.

2021 жылғы 10 маусым – Қылмыстық процестің үш буынды моделін ендіру мәселесі бойынша Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының басшылығымен кездесу.

Қаржы және бюджет комитеті - 6

2021 жылғы 25 ақпан - Жалпы сипаттағы трансферттерді айқындау тәсілдерін жетілдіру мәселелері бойынша, сондай-ақ Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің оларды қалыптастыру жөніндегі аудит қорытындылары туралы мүдделі мемлекеттік органдармен кездесу.

2021 жылғы 29 наурыз - «Отбасы банк» – Қазақстанның тұрғын үй саясатын дамыту институты. Тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында біржолғы зейнетақы төлемдерін пайдалану бойынша оператордың функциялары» тақырыбында мемлекеттік органдардың және «Отбасы банктің» өкілдерімен кездесу.

2021 жылғы 31 наурыз - Салық консультанттары мәселелері бойынша ҚР ҰЭМ, ҚМ-нің басшылығымен, «Атамекен» ҚР ҰКП өкілдерімен, сондай-ақ бизнес қауымдастық өкілдерімен кездесу.

2021 жылғы 1 сәуір - Мұнай берушілер компанияларына салық салу мәселелері бойынша ҚР ҰЭМ, ҚМ, ЭМ-нің басшылығымен және бизнес қауымдастық өкілдерімен кездесу.

2021 жылғы 19 сәуір - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің, «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ, «АТФБанк» АҚ өкілдерімен өтініш берушінің үндеуі негізінде бизнесті кредиттеу мәселесі бойынша кездесу.

2021 жылғы 27 мамыр - Салық саясаты және салықтық әкімшілендіруді жетілдіру мәселелері бойынша Комитет мүшелерінің Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика, Қаржы министрліктерінің басшылығымен, сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерімен кездесуі.

Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті – 1

2021 жылғы 29 қаңтар – «Қазақстан Республикасының дипломатиялық қызметі: құқықтық аспектілері және даму басымдықтары» тақырыбында Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігінің басшылығымен кездесу.

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті – 6

2021 жылғы 3 және 5 ақпан – «Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саясатын заңнамалық реттеу: жай-күйі, мәселелері және шешу жолдары» тақырыбы бойынша Үкімет сағатына дайындық шеңберінде Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрліктерінің басшылығымен, сондай-ақ «Атамекен» Ұлттық кәсіпкерлер палатасының өкілдерімен және сарапшылармен кездесулер.

2021 жылғы 8 ақпан – «Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саясатын заңнамалық реттеу: жай-күйі, мәселелері және шешу жолдары» тақырыбына арналған Үкімет сағатына дайындық шеңберінде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің басшылығымен кездесу.

2021 жылғы 10 ақпан – «Цифрлық Қазақстан» Мемлекеттік бағдарламасын іске асыру барысы туралы» тақырыбына арналған Комитет отырысына дайындық шеңберінде Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің басшылығымен кездесу.

2021 жылғы 10 ақпан – «Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саясатын заңнамалық реттеу: жай-күйі, мәселелері және шешу жолдары» тақырыбы бойынша Үкімет сағатына дайындық шеңберінде ҚР ҰЭМ, ҚМ, АШМ, СИМ, ЭМ, СІМ, БҒМ-нің басшылығымен кездесу.

2021 жылғы 16 ақпан – «Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саясатын заңнамалық реттеу: жай-күйі, мәселелері және шешу жолдары» тақырыбына арналған Үкімет сағатына дайындық шеңберінде Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің, сондай-ақ «Qazindustry» қазақстандық индустрия және экспорт орталығының басшылығымен кездесу.

Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті - 4

2021 жылғы 26 қаңтар – «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауын іске асыру шеңберінде архивтер мен кітапхана қорының жай-күйі, қолжазбаларды, сирек кітаптар мен бағалы құжаттарды цифрландыру мәселелері бойынша Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрімен кездесу.

2021 жылғы 23 ақпан – «Ұлт құндылықтарын сақтау мен нығайту – тәуелсіз елдің кемел болашағы» тақырыбына арналған парламенттік тыңдауға дайындық шеңберінде Наурыз мейрамын тойлаудың жаңа тұжырымдамасын талқылау үшін Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігінің өкілдерімен кездесу.

2021 жылғы 15 маусым – «BILIMDI ÚLT» ұлттық жобасын таныстыру үшін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің басшылығымен кездесу.

2021 жылғы 29 маусым – Қазақстан Республикасы Президентінің «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауын іске асыру шеңберінде Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің жобасын әзірлеу мәселесі бойынша Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрімен кездесу.

Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті - 2

2021 жылғы 9 сәуір – Ветеринария және осы салада мамандар дайындау мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесу.

2021 жылғы 23 сәуір – Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған ұлттық жобасын әзірлеу мәселелері бойынша Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің басшылығымен кездесу.

ЖЕРГІЛІКТІ ӨКІЛДІ ОРГАНДАРМЕН (МӘСЛИХАТТАРМЕН) ӨЗАРА ІС-ҚИМЫЛ ЖАСАУ ЖӨНІНДЕГІ КЕҢЕС

2021 жылғы 17 наурыз – Кеңес отырысы.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ СЕНАТЫНЫҢ ЖАНЫНДАҒЫ ЖАС САРАПШЫЛАР КЛУБЫ

2021 жылғы 25 наурыз - Клубтың отырысы.
2021 жылғы 25 мамыр - Клубтың отырысы.

VI. СЕНАТТЫҢ ІС-ШАРАЛАРЫНДА ҚАБЫЛДАНҒАН ҰСЫНЫМДАР

ПАРЛАМЕНТТІК ТЫҢДАУ

2021 жылғы 30 наурызда Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті **«Ұлттық құндылықтарды сақтау және нығайту - тәуелсіз мемлекеттің табысты болашағы»** тақырыбында парламенттік тыңдау өткізді. Парламенттік тыңдау қорытындысы бойынша Сенат депутаттары келесі ұсыныстар қабылдады:

Осыған орай, Парламент Сенаты «Жаһандану дәуірінде ұлттық құндылықтарды дәріптеу – кешенді жаңғырудың негізі» тақырыбына арналған Парламенттік тыңдауға қатысушылардың ақпараттары мен ұсыныстарын негізге ала отырып, мынадай ұсынымдар жасайды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1.1. Қазақ тілінің қоғамдағы рөлін күшейту және қолданыс аясын кеңейту мақсатымен тіл саясаты жөніндегі қолданыстағы бағдарламалық құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді, соның аясында: мемлекеттік және квазимемлекеттік органдар мен мекемелерде және мектепке дейінгі білім беру мекемелерінде мемлекеттік тілді толыққанды қолдануды, мемлекеттік тілді оқытуды жетілдіруді, қазақ тілін ғылым мен технология тілі ретінде қалыптастыруға ықпал ететін сапалы оқулықтар дайындауды және тағы басқа басымдықтарды қамтамасыз ету үшін тиісті шараларды қолға алсын;

1.2. бюджеттік қаржыландыру көздерін анықтап «Бір ел - бір тарих» атты тарихи хронологияға және шынайы деректерге сүйенген қазақ халқының академиялық үлгідегі «Қазақстан тарихы» көп томдық кітабын шығару мәселесін қарастырсын;

1.3. шекаралық аймақтарды өркендету үшін ішкі көші-қон мәселесін реттейтін және осы аймақтарға қандастардың қоныстануын қамтамасыз ететін арнайы бағдарлама әзірлеуді, оны Парламент қабырғасында талқылауды қарастырсын.

2. Мәдениет және спорт министрлігі:

2.1. Жаһандану дәуірінде ұлттық руханияттың қайнар көзі - төл әдебиетімізді дамыту мақсатымен қолданыстағы «Мәдениет туралы» Қазақстан Республикасының Заңына әдебиетті, оның ішінде балалар әдебиетін қолдауға арналған өзгерістер мен толықтырулар енгізсін;

2.2. тарихымыздағы атаулы тарихи оқиғалар мен ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген деректі, көркем фильмдер түсіруді, театрлық қойылымдар дайындауды және кітаптар шығаруды, жас ұрпақ дүниетанымында ұлттық құндылықтарды қалыптастыру үшін ұлттық аңыздар, ертегілер мен батырлар жыры, дастандар негізінде мультфильмдер әзірлеуді қарастырсын;

2.3. ел аумағында тарихи орындардың қалпын және табиғаты әсем

жерлердің экологиялық ортасын сақтап, оны келешек ұрпаққа жеткізуді мақсат ете отырып, оларды кеңінен дәріптеуді, елімізде, оның ішінде ауылдық жерлерде этно және эко туризмді дамытуды, осы бағыттағы қызмет корсету сапасын жақсартуды, халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа туристік нысандар және өнімдер жасауды туризмді дамытудың мемлекеттік бағдарламасы мен әзірленіп жатқан «Ауыл - ел бесігі» ұлттық жобасында қарастырсын;

2.4. «Архив - 2025» жобасын іске асыру жөніндегі 2020-2025 жылдарға арналған кешенді іс-шаралар жоспары аясында еліміздегі архивтердің материалдық жағдайын жақсарту мүмкіндігін қарастырсын.

3. Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі:

3.1. Интернет желілерінде және еліміздегі бұқаралық ақпарат құралдарында (әрі қарай - БАҚ) ұлттық руханиятқа жат, теріс құндылықтарды дәріптейтін ақпараттарға тұрақты түрде талдамалық шолу жасап, Ұлттық баяндама әзірлесін және оны мемлекеттік басқару институттарына жолдасын;

3.2. ақпараттық кеңістікте, оның ішінде әлеуметтік желілерде еліміздегі тіл саясатын іске асыру және т.б. мемлекеттік бағдарламаларға қатысты насихат сапасы мен көлемін арттыру, сондай-ақ, жаңа дәуірдің игіліктерін және ұлтымыздың өсу жолы мен жетістіктерін жүйелі түрде жариялау мәселесін пысықтасын;

3.3. ұлттық болмыс пен сананы қалыптастыру және рухани құндылықтарымызды кеңінен дәріптеу мақсатымен балаларға арналған шетелдік жетекші телеарналардың өнімдерін мемлекеттік тілге аударуда олардың туындыларын жас ұрпақ тәрбиесіне, ұлттық болмыс пен санаға сәйкестігі тұрғысынан іріктеу, сонымен бірге отандық БАҚ-та ғылыми-ағартушылық, танымдық, әдеби, мәдени шығармалар мен өнімдердің үлесін айтарлықтай арттыру және алыс-жақын шетелдерде Қазақстан БАҚ-ының таралымын ұлғайту мүмкіндігін қарастырсын.

3.4. **Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен бірлесе отырып**, интернеттегі адам санасын улайтын зорлық-зомбылықты дәріптейтін ақпараттарға тосқауыл қоюдың озық технологиялары мен тетіктерін, сондай-ақ, кибербуллингтен қорғауға қатысты мәселелерді зерделесін және осы бағытта ұсыныстар енгізсін;

3.5. **Әділет министрлігімен бірлесе отырып**, ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген отаншыл ұрпақ және өнегелі отбасын қалыптастыру мақсатымен қолданыстағы заңнамаларға отбасы және жас ұрпақ тәрбиесі институттарының жауапкершілігін күшейтетін өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын;

3.6. **Әділет министрлігімен бірлесе отырып**, отбасылық қатынастарды, моральдық-этикалық және рухани құндылықтарды бір жүйеге келтіру, оларды заңнамалық тұрғыда реттеу мақсатымен «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасын әзірлеу бойынша ұсыныстар енгізсін.

4. Білім және ғылым министрлігі:

4.1. Үздіксіз білім беру тұжырымдамасын әзірлеу негізінде оқу бағдарламаларын қайта жасауды және білім беру мен ғылымды басқарудың моделін заманауи талаптарға сәйкес жаңғырту, жас ұрпақ санасында ұлттық болмысты қалыптастыру, отаншыл ұрпақ тәрбиелеу мақсатымен «Білім және ғылым кодексін» әзірлеу бойынша ұсыныс енгізсін;

4.2. оқу бағдарламаларына өзгеріс енгізу барысында ұлттық құндылықтарды дәріптеу мәселелерін қосып, оны жаңаша жасақтау мәселесін пысықтасын;

4.3. ұрпақ тәрбиесі жөніндегі институттармен бірлесіп жасөспірімдер мен жастарға кітап оқу құндылығын насихаттау, шығармашылық қабілетін арттыру және ортада тілдесу мәдениетін көтеру мақсатымен жас буынды кітап, оның ішінде көркем әдебиет, ғылыми-танымдық, ғылыми-фантастикалық кітаптар оқуға баулу және мектепте қазақ әдебиеті пәнін және әлемдік әдебиетті оқыту аясын кеңейту бойынша ұсыныстар енгізу, ұлттық құндылықтарды дәріптейтін тәрбиелік мәні бар оқулықтар мен кітаптарды көптеп шығару және олардың қолжетімділігін қамтамасыз ету мүмкіндігін қарастырсын;

4.4. тарих ғылымының тұжырымдамасын әзірлеп, оның негізінде «Қазақстан тарихы» пәнінің жаңа оқу бағдарламаларын барлық білім беру мекемелеріне енгізуді, «Қазақстан тарихы» оқулығын шынайы деректер мен хронологияға бағыттап, ұлттық мүддеге басымдық бере отырып, қайта әзірлеуді қарастырсын;

4.5. мектепке дейінгі мекемелер мен мектептердің әлеуетін арттырып, онда білім мен тәрбие беруде жасөспірімдердің бойына ұлттық сана мен рухты, тіл мен ділді сіңіруге ықпал ететін тетіктер жайлы ұсыныстар енгізсін;

4.6. әлемнің ең озық әдістемелерін еліміздің білім беру жүйесіне бейімдеп, қазақ тілінде білім беретін мектептердің жаңа үлгідегі жобасын қарастырсын;

4.7. қазақ тілінің қоғамдағы рөлін күшейту және қолданыс аясын кеңейту мақсатымен «Мемлекеттік тіл туралы» заң жобасын дайындауды пысықтасын;

4.8. қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіруді насихаттаудың аясын кеңейтсін;

4.9. ұлттық білім доктринасы мен 12 жылдық білім беруге көшу тұжырымдамасын әзірлеп, білім саласындағы нормативтік актілерге тиісті өзгерістерді енгізе отырып, жалпы білім беру ұйымдарында оқытылуға тиіс «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Шет тілі», «Әлем әдебиеті», «Дүниежүзі тарихы» және «Орыс әдебиеті» оқу бағдарламаларының және оқулықтарының жаңа ұстанымын әзірлеу бойынша ұсыныстар берсін;

4.10. жоғары оқу орындарында шет тілі пәні мұғалімін даярлау бағдарламасына қазақ-ағылшын, қазақ-орыс тілдерінің салғастырмалы грамматикасы пәндері енгізілсін;

4.11. Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты қолға алған «Қазақ тілінің ұлттық корпусы» мегажобасына жан-жақты қолдау көрсетсін;

4.12. жоғары оқу орындарында мемлекеттік білім беру тапсырысы аясында тапсырыс беруші мемлекеттік органдар жауапкершілігін қарастыра отырып, еңбек нарығына қажетті мамандарды жоспарлы түрде дайындауды, сондай-ақ, оларға оқу бағдарламаларын кәсіптік стандарттарға сәйкес сапалы әзірлесін;

4.13. іргелі тақырыптар бойынша зерттеулерді жүйелі және сапалы жүргізу мақсатымен оларға бөлінетін гранттық қаржыландыруды пропорционалды түрде зерттеудің барлық кезеңдерін қамтып бөлу мәселесін қарастырсын;

4.14. еліміздің экономикасына қажетті мамандықтар бойынша білікті мамандарды «Болашақ» бағдарламасы арқылы дайындасын.

5. Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі Білім және ғылым министрлігімен бірлесе отырып, мемлекеттік тілдің қоғамдағы рөлін күшейту және қолданыс аясын кеңейту мақсатымен қазақ тілін цифрландыру мәселесін жан-жақты зерделесін.

6. Әділет министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесе отырып, елімізде отбасы құндылықтарын қалыптастыру мен сақтау мақсатымен отбасын құруды мақсат еткен тұлғалаларға арналған курстарды (ұлттық салт-дәстүрлерге негізделген отбасылық психология, тұрмыстық іс жүргізу, отбасылық міндеттерді бөлісу, төзімділік және т.б.) енгізу қажеттігін пысықтасын.

ҮКІМЕТ САҒАТТАРЫ

I. Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті 2021 жылдың 26 ақпанында **«Қазақстан Республикасының өнеркәсіптік саясатын заңнамалық реттеу: жай-күйі, проблемалары және шешу жолдары»** тақырыбында үкімет сағатын өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды.

Белгіленген тақырыптың маңыздылығы мен өзектілігін атап көрсете отырып, Үкімет сағатына қатысушылар ұсынады:

Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. «Өнеркәсіптік саясат туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәселені пысықтасын:

- заң жобасында тиісті нормаларды кейіннен регламенттей отырып, ұғымдық аппаратта «экспортқа бағдарланған өнім», «жоғары технологиялық өнім» ұғымдарын көздеу;

- өнеркәсіптік саясаттың мақсаты ретінде минералдық-шикізаттық саясаттан терең қайта бөлу өнімдерінің басымдығы бар өңдеу саясатына көшуді айқындау;

- өнеркәсіптік саясаттың міндеттерінің тізбесіне экспортқа бағдарланған және жоғары технологиялық өнім өндіру үшін жағдайлар жасауды енгізу;

- өнеркәсіптік саясат қағидаттарының тізбесіне тауарларды бөлініс сатылары бойынша (төменгі, орташа, жоғарғы) сыныптауды енгізу;

- 13-баптың 7-тармағындағы 1) тармақша мынадай редакцияда жазылсын: «1) Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын тәртіппен қаржыландыру саясатын жүзеге асыру;».

2. Тауарлардың сыныптамасын олардың бөлініс дәрежесі бойынша заңнамалық тұрғыдан анықтау мүмкіндігін қарастырсын: бекітілген әдістеме негізінде жасалған төменгі, орта және жоғарғы бөлініс дәрежелері.

3. «Арнайы экономикалық және индустриялық аймақтар туралы» Қазақстан Республикасының Заңында еркін экономикалық аймақтар мен индустриялық аймақтар субъектілерінің мемлекет алдындағы мынадай қарсы міндеттемелерін заңнамалық бекіту мүмкіндігін қарастырсын: өндіріс көлемі; экспорт көлемі; инвестициялар көлемі; жергілікті қамту үлесі; қайта бөлу деңгейі, сондай-ақ олардың міндетті орындалуы.

4.1. «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына және басқа да заңдарға өзгерістер мен толықтырулар енгізуді қоса алғанда, мемлекеттік сатып алудағы қазақстандық қамтуды ұлғайтуға бағытталған нақты шараларды әзірлесін және іске асырсын.

4.2. Мемлекеттік сатып алу шарттары бойынша оны өндірушілер болып табылмайтын кәсіпорындарға өнім беру мүмкіндігін болдырмау бөлігінде «Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу мәселесін пысықтасын.

5. Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне инвестициялау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізудің орындылығын қарастырсын:

- инвестициялардың көлеміне қарай жеңілдікті салық пакетінің әр түрлі қолданылу мерзімдерін ұсыну (мысалы, инвестициялар көлемі бойынша өлшемшартты қолдану кезінде: - 50 мың - 500 мың АЕК – 7 жыл; - 500 мың - 2 млн АЕК – 10 жыл; - 2 млн АЕК – тен жоғары-15 жыл, кейіннен келесі 5 жыл ішінде салық және төлемақы мөлшерлемелерін 50% - ға қысқарта отырып);

- инвестициялық жобалардың іске асырылуын бақылау.

6. Индустриялық-инновациялық қызмет субъектілерін мемлекеттік қолдау шараларына талдау жүргізу және олардың тізбесін өзектендірсін (толықтырсын) (Қазақстан Республикасы Кәсіпкерлік кодексінің 257-бабында).

7. Кәсіпорындарды цифрландыруға ынталандыру және отандық цифрлық технологияларды пайдаланатын өнеркәсіптік кәсіпорындардың үлесін ұлғайту мақсатында амортизацияның қосарланған коэффициенті тетігін қолдану мүмкіндігін қарастырсын. Бұл тетікті іске асыру үшін Қазақстан Республикасының Салық кодексіне және өзге де заңнамалық актілеріне тиісті өзгерістер мен толықтыруларды әзірлеу қажет.

8. Бөлініс дәрежесі, перспективалы экспорттық нарықтар, сұраныс пен ұсыныс параметрлері, бағалар, осы нарықтарға кіру үшін талаптар, кедендік рәсімдер, салық төлемдері, көліктік-логистикалық шешімдердің нұсқалары, қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары, экспортты қолдау институттары, экспорт алдындағы қаржыландыру, сақтандыру, кепілдік

беру және басқа да мәліметтер бойынша экспортталатын тауарлар туралы мәліметтерді қамтитын Қазақстан Республикасы экспорттаушыларының бірыңғай ақпараттық дерекқорын құру мүмкіндігін қарастырсын.

9. Өңдеуші өнеркәсіптің орта және ірі субъектілерінің кредиттеумен қамтылуын кеңейту мақсатында Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, Қазақстанның Даму Банкімен (бұдан әрі – ҚДБ), Қаржыгерлер қауымдастығымен, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және «Kazakh Invest» АҚ-мен бірлесіп, көрсетілген бизнес субъектілеріне ҚДБ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және «Kazakh Invest» АҚ-мен бірлесіп синдикатталған қарыздар беру мүмкіндігін қарастырсын.

Синдикатталған қарыз шартының барлық қатысушылары үшін оңтайлы кредит беру кестесін әзірлесін: 1 жылдан 3 жылға дейін (екінші деңгейдегі банктер үшін тәуекелдер тым жоғары болған кезде) кредит беруді ҚДБ, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» АҚ және «Kazakh Invest» АҚ жүзеге асырады, ал кейіннен – ЕДБ жүзеге асырады.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігімен, ҚДБ және Қаржыгерлер қауымдастығымен бірлесіп, мемлекеттік қолдау шарасы ретінде лизингті енгізу жөніндегі ықтимал шараларды қабылдасын. Ол үшін лизингтік компаниялардың Ұлттық жобаларға қатысуын қарастырсын. Кепілдікті қамтамасыз ету ретінде лизингтік жабдықты қолдану мүмкіндігін қарастырсын.

11. Ұлттық жобаларды әзірлеу кезінде өнім өндіру жөніндегі жобалардың жоғарғыдан орташаға және өндірістің төменгі шектеріне басымдығын сақтай отырып, қайта бөлініс деңгейі негізінде мемлекеттік қаржылық қолдау шараларын көрсету бөлігінде мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін көздесін, сондай-ақ қарастырсын.

12. Ұлттық жобаларды әзірлеу кезінде міндетті талап бөлігінде мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін көздесін, сондай-ақ қарастырсын, оған сәйкес мемлекеттік қолдау шаралары жобалардың Индустрия 4.0., Индустрия 3.0., Индустрия 2.0-ге сәйкестігіне қарай олардың басымдылығын сақтай отырып, өндірісте қолданылатын технологиялар мен жабдықтар негізінде көрсетілетін болады.

13. Ұлттық жобаларды әзірлеу кезінде міндетті талап бөлігінде мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін көздесін, сондай-ақ қарастырсын, оған сәйкес мемлекеттік қолдау шаралары жобаның тиімділігін ескере отырып көрсетілетін болады. Жобаның тиімділігін бағалауда мемлекеттік қолдау шаралары ретінде мемлекеттік бюджеттен бюджетке қаражатты қайтару түрінде (салықтар және бюджетке басқа да төлемдер) жіберілген 1 теңгенің өзін-өзі ақтау сомасы ескерілуі қажет.

14. Ұлттық жобаларды әзірлеу кезінде мемлекеттік қолдау шараларын алған кәсіпкерлік субъектілерінің қарсы міндеттемелері, олардың міндетті түрде орындалуы бөлігінде мемлекеттік бағдарламаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін көздесін, сондай-ақ қарастырсын.

15. Ұлттық жобаларды іске асыру кезінде кешенді тәсілді қамтамасыз ету,

кәсіпкерлік субъектілерін қолдаудың мемлекеттік шараларының тиімділігін арттыру, экономика мен кәсіпорындардың экспортқа бағдарланған және жоғары технологиялық секторларын дамыту мақсатында мемлекеттік қолдау шаралары операторларының санын оңтайландырсын (біріктірсін).

Әрбір институттың жеке қызметі нәтижесінде алынған өңдеу өнеркәсібі өнімдері үлесінің өсуін бағалауды қоса алғанда, аталған институттардың қызметіне мониторинг жүргізу және талдау нәтижелері бойынша оңтайландыру ұсынылады.

16. Қаржы қаражатының тиімді игерілуін қамтамасыз ету және елдің өңдеуші өнеркәсібін дамыту мақсатында қайта іске қосылуы мүмкін жұмыс істемейтін өндірістік объектілерге тексеру жүргізсін. Көрсетілген өндірістік объектілерді қайта іске қосу бойынша Жол картасын дайындасын.

17. Елдің өңдеуші өнеркәсібін дамыту мақсатында төмен бөліністі өндірістік объектілерден жоғары бөліністі өнім өндіретін объектілерге жетілдірілуі және қайта бағдарлануы мүмкін өндірістік объектілердің тізбесін жасасын.

18. Мүдделі мемлекеттік органдармен бірлесіп, отандық тауар өндірушілерді қолдауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өндірістік процестегі міндетті қазақстандық қамту бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы Кодексінде көрсетілген шарттарды бұзғаны үшін тиісті жауапкершілікті көздесін.

19. Қазақстандық кәсіпорындарды отандық шикізатпен және қара металдардан жасалған материалдармен (металл прокаты, сұрыпты илек және болат пен шойыннан жасалған дайындамалар) қамтамасыз ету жөнінде шаралар әзірлесін және қабылдасын.

20. Металл өніміне қосылған құн салығы есепке жатқызу әдісімен СЭҚ ТН атауларымен және кодтарымен төленетін импортталатын тауарлардың тізбесі толықтырылсын (қара металдардан жасалған импортталатын материалдардың құнын төмендетуге мүмкіндік береді. ҚР ҰЭМ 21.02.18 жылғы № 67 бұйрығы).

21. ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі:

21.1. 2020 жылғы 4 наурызда өткізілген «Қазақстанның жеңіл өнеркәсібі: өнімділігі жоғары бизнестің қазіргі жай-күйі мен даму перспективалары» тақырыбындағы Парламенттік тыңдауда әзірленген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының ұсынымдарын Жеңіл өнеркәсіпті дамытудың 2025 жылға дейінгі Жол картасына енгізсін.

21.2. Қаржы министрлігімен, Ұлттық экономика министрлігімен және «Самұрық-Қазына «Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамымен бірлесіп, импортты алмастыру жобаларының іске асырылу басымдығын ескере отырып, «Өнеркәсіпті дамыту қоры» арқылы Қазақстан Республикасының өнеркәсібін қаржыландырудың бағыттары мен көлемін айқындасын.

22. ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен бірлесіп, Индустрия 4.0 басымдығымен жабдықтарды «нүктелі» цифрландыру және жаңғырту жөніндегі Жол картасын әзірлесін.

23. ҚР сауда және интеграция министрлігіне:

23.1. Жүйе құраушы кәсіпорындар мен басқа да субъектілер, бірінші кезекте шағын және орта бизнес субъектілері арасында коллаборациялық байланыс құруды қамтитын өнеркәсіптік саясатты жетілдіру жөніндегі Жол картасын әзірлесін.

23.2. Сыртқы істер министрлігімен бірлесіп, Қазақстан Республикасының аумағында өндірілуі жолға қойылған және шартты шығарылуына жол берілмейтін тауарлардың тізбесін кеңейту мүмкіндігін қарастырсын.

II. 2021 жылы 12 наурызда Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті **«Полицияның сервистік моделін заңнамалық қамтамасыз ету және ІІМ-ні бейінді емес функциялардан босату»** тақырыбында Үкімет сағатын өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1 Премьер-Министрдің жанындағы Құқық бұзушылықтардың алдын алу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында азаматтардың қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, құқық бұзушылықтардың алдын алуға және ІІМ-ін бейінді емес функциялардан босатуға бағытталған ішкі істер органдарының қызметіне сервистік тәсілдерді енгізу барысын қарасын.

1.2 ІІО қызметкерлеріне әлеуметтік кепілдіктерді арттыру жөнінде заңнамалық шаралар әзірлеу, оның ішінде мыналарды көздейтін:

1.2.1. қызметтік міндеттерін атқару кезінде аурудан қайтыс болған қызметкерлердің отбасыларына біржолғы өтемақы төлеуді қамтамасыз ету;

1.2.2. атқаратын лауазымына қарамастан тұрғын үй төлемдерімен қамтамасыз ету;

1.2.3. әскери немесе төтенше жағдайдың қолданылуы, терроризмге қарсы операция жүргізу кезеңінде, қарулы қақтығыс жағдайларында, төтенше жағдайлардың салдарын жою кезінде орналасу орнына және жүктелген функцияларды орындауына қарамастан, үш еселенген мөлшерде ақшалай қамтылым төлеу және үш күн үшін бір күн есебінен қызмет ету мерзімін есептеу;

1.2.4. ерлік пен батырлық көрсеткен, қоғамдық резонанс тудырған, аса ауыр қылмыстарды тергеген, ашқан, сондай-ақ ерекше жағдайларда қызмет өткеретін (әлеуметтік, табиғи, техногендік және өзге де сипаттағы ТЖ-мен байланысты) қызметкерлерге қатысты бұрын қолданылған тәртіптік жазаларды мерзімдері бойынша шектеулерді алып тастау;

1.2.5. қызметте болудың шекті жасын ұлғайту.

2. Ішкі істер министрлігі Денсаулық сақтау министрлігімен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп:

2.1. Ішкі істер органдарының бейінді емес функцияларын беру бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу.

3. Ішкі істер министрлігі жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп:

3.1. Жергілікті полиция қызметінің жұмысын сервистік модельге дәйекті көшіруді қамтамасыз ету бойынша заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу, оның ішінде:

3.1.1. Қазақстан полициясының оңтайлы сервистік моделін айқындау бойынша;

3.1.2. жергілікті полиция қызметінің материалдық-техникалық қамтамасыз етілуін нығайту бойынша.

4. Ішкі істер министрлігіне:

4.1. Заңнамаға өзгерістер енгізу жөнінде ұсыныстар әзірлеу:

4.1.1. учаскелік полиция инспекторының мәртебесін арттыру бойынша;

4.1.2. криминогендік жағдайдың жай-күйін ескере отырып, модульдік бекеттер мен учаскелік полиция пункттерінің оңтайлы орналасуын айқындау және «қадамдық қолжетімділіктегі полиция» қағидатын қамтамасыз ету бойынша;

4.1.3. жергілікті полиция қызметінің қызметкерлерін халықпен жұмыс істеудің жаңа тәсілдеріне оқыту бойынша;

4.1.4. кәмелетке толмағандар арасында отбасылық-тұрмыстық құқық бұзушылықтарды, педофилия мен суицидті төмендету бойынша;

4.1.5. полиция имиджін жақсарту және полиция қызметкерінің жаңа бейнесін қалыптастыру.

III. 2021 жылы 16 маусымда Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті **«Қазақстан Республикасының 2017 – 2021 жылдардағы агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру туралы»** тақырыбында үкімет сағатын өткізді, оның нәтижелері бойынша келесі ұсыныстар жасалды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне

1.1. Қазақстан Республикасының агроөнеркәсіптік кешенін дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасының (бұдан әрі – АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасы) іске асырылу барысына, оның жекелеген бағыттарын толық қаржыландырмау, кейбір көрсеткіштер мен нысаналы индикаторларға қол жеткізбеу себептеріне мұқият талдау жүргізу;

1.2. жобалау офисінің жұмысы қағидаттарында АӨК-нің басым салаларын дамытудың, сондай-ақ ауыл шаруашылығын мемлекеттік қолдаудың тиімділігін қамтамасыз ету. Осы мақсаттарда мыналарды:

- ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді мемлекеттік қолдау мөлшерлерін ұлғайтуды;

- ауыл шаруашылығы кәсіпорындары мен шаруашылықтарды субсидиялау

рәсімдерін, олардың өтінімдерін қарау мерзімдерін қысқартуды қоса алғанда, цифрландыруды қамтамасыз етуді;

- қағаз рәсімдерін, адам факторының әсерін жоюды көздеу;

1.3. субсидиялардың экономикалық тиімділігін бағалаудың бірыңғай стандарттары мен өлшемшарттарын әзірлеу және бекіту және бөлінген қаражаттың пайдаланылуын бақылау жүйесін жолға қою. Бұл ретте субсидияларды берудің басты өлшемшарты өңірлердің мамандану картасы және оларды беру процестерін автоматтандыру негізінде еңбек өнімділігін арттыру болуы тиіс.

1.4. Аграрлық ғылым саласында 5-15 жылға арналған ұзақ мерзімді ғылыми-техникалық бағдарламаларды енгізу мүмкіндігін қарастыру керек. Ғылыми-техникалық әзірлемелерді өндірісте қолдану үшін оларды конкурстан тыс, яғни конкурссыз іске асыру қажет.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігіне

2.1. АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іске асырылуын талдау негізінде АӨК салаларын дамытудың келешегі бар бағыттары мен әлсіз буындарын бөліп көрсету, оларды мемлекеттік қолдау, осы бағыттардың негізгі көрсеткіштерінің тұрақты өсуін жолға қою жөнінде нақты шаралар әзірлеу.

2.2. «Бәйтерек» ҰБХ-мен бірлесіп ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қаржылық қолдаудың:

- кредиттеудің төмендеуіне жол бермеу;

- шаруа және фермер қожалықтарының жеңілдікпен қаржыландырылуын сақтау;

- несиелеу шарттарын жеңілдету;

- жеңілді кезеңінің мерзімдерін ұлғайту және оларды қайта құрылымдау, кредиттер мен лизингтік төлемдердің құнын төмендету жөніндегі пәрменді шараларын әзірлеу.

2.3. ауыл шаруашылығы өндірісін субсидиялаудың тиімділігін арттыру жөніндегі шараларды қабылдау, қаржыландырудың тұрақтылығын, қаражат бөлу тетіктерін сақтауға, бюрократиялық кедергілерді азайтуға ерекше назар аудару;

2.4. мыналарды:

- мал шаруашылығының, бау-бақша шаруашылығының және көкөніс шаруашылығының өнеркәсіптік негізге көшуін ынталандыру, оның ішінде ауыл шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеуді дамыту мақсатында оларды сараланған түрде субсидиялауды жетілдіру тетіктерін;

- елдің ветеринариялық қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі орта мерзімді салалық бағдарламаны (жануарлардың жұқпалы және жұқпалы емес ауруларына қарсы күрес, алдын алудың қазіргі заманғы әдістерін қолдану; жануарлар ауруларының диагностикасы мен оларды емдеу; ветеринарияда қолданылатын вакциналар мен препараттардың сапасына тиісті бақылауды қамтамасыз ету; ветеринариялық кадрларды даярлау және олардың жалақысын көтеруді қоса алғанда, әлеуметтік қолдау және т. б.);

- ауылдық елді мекендерде малы бар ауыл халқының проблемаларын

шешуге бағытталған жайылымдарды түбегейлі жақсарту жөніндегі, тозған жайылымдарды суландыру және қалпына келтіру, шалғайдағы мал шаруашылығына арналған жайылымдық жерлерді айналымға енгізу, жемшөп дақылдары егілген алаңдарды ұлғайту жөніндегі салалық бағдарламаны әзірлеу;

2.5. жерді ғарыштық зондтау әдістерін, қазіргі заманғы цифрлық бағдарламалар негізіндегі ГАЖ-технологияларды пайдалана отырып, республика жерлері топырағының қазіргі топырақ-мелиорациялық, агрохимиялық және экологиялық жай-күйіне объективті бағалау жүргізу;

2.6. республикадағы селекция мен тұқым шаруашылығын дамытудың мақсаттары мен міндеттерін айқындайтын ұзақ мерзімді стратегия әзірлеу. Тұқым өсіру шаруашылықтарының қызметіне талдау жүргізу, қарқынды тұқым өсірумен айналысатын шаруашылықтарды іріктеу, лизинг және арзан кредиттер тетіктері есебінен олардың материалдық базасын нығайту, сондай-ақ ірі аграрлық кәсіпорындардың тұқым өндіруге қатысу мүмкіндігін зерделеу;

2.7. пайдаланылатын егіс алқаптарының мөлшерін ескере отырып, ауыл шаруашылығы техникасы мен жабдықтарының қажеттілігі мен сипаттамаларын есептеудің, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру мен жинаудың келешегі бар технологияларын ендірудің әдістемелік негіздерін әзірлеу, олардың негізінде ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жаңа техниканың жеткілікті деңгейімен қамтамасыз ету жөніндегі бірыңғай техникалық саясатты әзірлеу.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігіне

ауыл шаруашылығы өндірісін ұлғайту, жаңа жұмыс орындарын ашу, жергілікті жерлерде кадрларды бекіту жөніндегі нақты қадамдарды көздей отырып, әртүрлі бағдарламалар мен жобаларда көзделген ауылдық аумақтарды дамыту жөніндегі іс-шараларды үйлестіруді жетілдіру жөніндегі шараларды қабылдау.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне

4.1 халықты азық-түліктің қажетті көлемімен қамтамасыз ету деңгейін, өндірілетін өнім мен тамақ өнімдерінің қолжетімділігін және сапасын көздейтін нысаналы көрсеткіштерді қарастыра отырып, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігімен бірлесіп АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасының түпкілікті нәтижелерін бағалаудың жаңа өлшемшарттарын әзірлеу;

4.2. АӨК дамытудың мемлекеттік бағдарламасының іс-шараларын тұрақты және толық қаржыландыруды қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау.

5. ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігіне

Аграрлық сала мамандарының еңбегін көпшілікке насихаттау және ауыл шаруашылығы мамандықтарының беделі мен мәртебесін арттыру, АӨК саласындағы оң тәжірибе мен жетістіктерді тарату жөніндегі мақсатты мемлекеттік ақпараттық саясат жүргізу жөніндегі шараларды қабылдау.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР

I. 2021 жылдың 16 ақпанында Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті **«Азаттық жолындағы ақтаңдақтар: АШАРШЫЛЫҚ зардаптарына шынайы тарихи көзқарас»** тақырыбына арналған дөңгелек үстел өткізді, оның нәтижесі келесі ұсыныстар болды:

1. Мәдениет және спорт министрлігіне Білім және ғылым министрлігімен бірлесіп:

1.1. XX ғасырдың басында зардап шеккендердің нақты санын анықтау және осы оқиғаларға қатысты құжаттар жинағын дайындау (өңірлер бөлінісінде) мақсатында облыстардың, Нұр-Сұлтан, Алматы, Шымкент қалаларының архивтері мен статистика мекемелерінде жүйелі зерттеулер ұйымдастыруды.

Архивтік материалдарға қол жеткізу және оларды зерттеу, сондай-ақ қажет болған кезде құпиялылықтың шектеу белгілерін алып тастау тұрғысынан уәкілетті мемлекеттік органдарға өтініштер жіберуді;

1.2. Мемлекеттік деңгейде ғалымдармен бірлесіп, аштық құрбандарының цифрлық дерекқорын жасауды;

2. Мәдениет және спорт министрлігіне Ақпарат және қоғамдық даму, Білім және ғылым министрліктерімен бірлесіп:

2.1. Жыл сайын 31 мамырда Саяси қуғын-сүргін және ашаршылық құрбандарын еске алу күнінде мемлекеттік деңгейде «бір минуттық үнсіздік» аза тұту шарасын өткізу мүмкіндігін пысықтауды;

2.2. Қазақстандағы ашаршылық қасіретін мәңгі есте қалдыру, сондай-ақ жастардың санасында бекіту мақсатында «Аза сарайы» мемориалдық кешенін салу мәселесін қарастыруды;

2.3. Қазақстан Тәуелсіздігінің 30 жылдығына орай халық жадында мәңгі есте қалдыру мақсатында ашаршылық қасіреті туралы тарихи және ғылыми деректер негізінде кітаптар шығару, театрлық қойылымдар жасау және фильмдер түсіру мүмкіндігін пысықтауды;

3. Білім және ғылым министрлігіне Мәдениет және спорт, Сыртқы істер министрліктерімен бірлесіп:

3.1. XX ғасырдың басында Қазақстанда болған қайғылы оқиғаға қатысты ғалымдардың Қытай, Өзбекстан, Қырғызстан, Түркіменстан және басқа да мемлекеттер архивтеріндегі материалдарды зерттеу жүргізу мүмкіндігін пысықтауды;

Ресейдің Мәскеу, Омбы, Орынбор, Новосібір, Свердлов, Уфа, Қазан, Барнаул, Түмен қалаларындағы архивтерінде XX ғасырдың басындағы аштыққа байланысты ғылыми ізденіс жұмыстарын жүргізу мүмкіндігін қарастыруды;

4. Білім және ғылым министрлігіне:

4.1. Болған оқиғаларды объективті бағалау, трагедия құрбандарының нақты санын анықтау, осы кезеңде біздің елден кетуге мәжбүр болған адамдардың тағдыры туралы деректерді зерттеу мақсатында XX ғасырдың

басында ашаршылық туралы ғылыми зерттеулер бағдарламасын және оны қаржыландыру мүмкіндігін әзірлеуді;

4.2. Қазақстандағы ашаршылық тақырыбын ғылыми зерттеулерге өңірлік жоғары оқу орындарының ғалымдарын, оқытушылары мен студенттерін кеңірек тартуды;

4.3. Қиыр Шығыстан, Поволжьеден, Кавказдан және бұрынғы Кеңес Одағының басқа да аумақтарынан қазақ даласына депортацияланған халықтардың қоныс аударуы мен қоныстану тарихын көрнекі түрде көрсететін «Қазақстан халқы» интерактивті ғылыми-тарихи картасын XX ғасырдың басындағы ашаршылық зардаптары туралы деректермен толықтыруды **ҰСЫНАДЫ**.

II. 2021 жылы 2 наурызда Қаржы және бюджет комитеті **«Сақтандыру нарығының даму перспективалары. Өмірді сақтандыру ережелері мен даму бағыттары»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне, Қаржы министрлігіне, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне, Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне:

Зейнеткерлік жасқа жету кезінде Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан зейнетақы төлемдерін, сондай-ақ сақтандыру ұйымдарынан зейнетақы аннуитеті шарттары бойынша сақтандыру төлемдерін жеке табыс салығын төлеуден босату мүмкіндігін қарау;

Азаматтардың салық салынатын табысынан әлеуметтік маңызы бар бағыттар (өмірді сақтандыру, тұрғын үйді сақтандыру, ерікті медициналық сақтандыру және т. б.) бойынша сақтандыру шығыстарын шегеру бойынша мүмкіндігін қарау;

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне, Қазақстан қаржыгерлері қауымдастығына:

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігіне қызметкер еңбек (қызметтік) міндеттерін атқарған кезде оны жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс тобы шеңберінде әзірленген ұсыныстар бойынша шоғырландырылған ұстаным ұсынылсын;

Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне:

Сақтандырудың ерікті түрлері бойынша сақтандыру келісімшарттарын жасасу рәсімдерін оңайлату және сақтандыру жағдайларын реттеу арқылы сақтандыру нарығында цифрландырудың дамуын ынталандыру;

Сақтандыру омбудсманы институтын одан әрі дамытуды және мемлекеттік білім беру жинақтаушы сақтандыру, қызметкерді жазатайым оқиғалардан міндетті сақтандыру және зейнетақы аннуитеттері сияқты сақтандырудың әлеуметтік сыныптары бойынша сақтандыру төлемдеріне кепілдік беру жүйесін жетілдіруді қамтамасыз ету.

III. 2021 жылы 12 наурызда Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті «Қазақстан Республикасында органикалық өндірісті заңнамалық реттеу» тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, оның нәтижесі бойынша келесі ұсыныстар жасалды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1.1. Мыналарды:

- Органикалық стандарттардың (COROS) ортақ мақсаттары мен талаптарына сәйкес, оның ішінде отандық органикалық өнім өндірушілердің мүдделерін қорғау мақсатында органикалық өндіріс саласындағы заңнаманы үйлестіруді;

- органикалық өндіріс саласындағы ұлттық стандарттарды ЕО 2018/848 регламентімен және шетел мемлекеттерінің басымдығы бар өткізу нарықтарының (ЕО, АҚШ, Жапония, Қытай, БАӘ) стандарттарымен үйлестіру мүмкіндігін көздеу;

1.2. Мыналар:

- органикалық өнім өндіру мәселелері жөніндегі, оның ішінде ТМД-ның МАК бекіткен, бірақ Қазақстан тарапы қабылдамаған органикалық өнім өндірісі мен айналымы саласындағы мемлекетаралық стандарттарды (МЕМСТ) зерделеу жөніндегі заңнаманы жетілдіру;

- Қазақстанның аумағында жұмыс істейтін шетелдік сертификаттау органдарын тіркеу;

- халықаралық стандарттарға сәйкес сертификаттауды жүргізе алатын сертификаттау жөніндегі жергілікті органдарды құруға жәрдем көрсету;

- ішкі нарықта қазақстандық органикалық өнім өндірушілердің мүдделерін қорғау бойынша шараларды қабылдау.

1.3. Мыналардың:

- органикалық өнім өндірісі мен айналымы саласында қолданылатын стандарттау жөніндегі құжаттардың мониторингін жүзеге асыру (ғылыми-технологиялық, ұйымдастырушылық және практикалық деңгейін талдау және бағалау);

- Қазақстанда PGS ұлттық жүйесін құру (өзара кепілдіктер жүйесі), яғни тұтынушыларды тарта отырып, шағын өндірушілердің бірлестігіне қатысушылардың өздері тарапынан органикалық өнім өндірісін сертификаттау жүйесін құру;

- Органикалық ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру;

- органикалық өнім өндірісін және органикалық өнімді ендірген және сертификаттаған органикалық өнім өндірушілер үшін сертификаттауды субсидиялау түрінде мемлекеттік қолдау көрсету мүмкіндігін қарастыру.

2. Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне

2.1. Мыналар:

- агроэкожүйеде қолдануға тыйым салынған заттарды (пестицидтер мен агрохимикаттарды) сәйкестендіру номенклатурасын кеңейту мақсатында зертханалық базаны әдіснамалық және құралдық тұрғыдан жаңғыртуды жүргізу;

- органикалық өндірістің технологияларын, әдістерін, құралдары мен практикаларын танымал ету және органикалық өнімді насихаттау жөніндегі жұмыстарды жүйелі негізде жүзеге асыру;

- нысаналы индикаторларды көрсете отырып, 2022-2026 жылдарға арналған АӨК-ні дамыту жөніндегі ұлттық жобаға басым бағыт ретінде органикалық ауыл шаруашылығын енгізу;

- Қазақстанның бірқатар облыстарында (Алматы, Жамбыл, Қостанай) органикалық ауыл шаруашылығын дамыту мәселелері бойынша пилоттық жобаларды ұйымдастыру және жүзеге асыру (Қазақстан АгроОдағын, KazFOAM-ды және басқа да қоғамдық ұйымдарды тарта отырып) жөніндегі мәселелерді пысықтау.

2.2. Мыналар:

- ЕО 2018/848 регламентінің қағидаларына сәйкес Қазақстан Республикасында ауыл шаруашылығы дақылдарының органикалық тұқымдарының тізілімін құру;

- органикалық өнімнің өндірісі мен айналымын қолдаудың жаңа қаржылық құралдарын әзірлеу және ендіру, оның ішінде конверсиялық (өтпелі) кезең шығындарын субсидиялау;

- ҚР АШМ бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру шеңберінде ҒЗЖ жүргізу және органикалық өнім өндірудің техникалық және технологиялық ерекшелігін (ғылыми негізделген әдістемелік ұсынымдарды) әзірлеу, органикалық өнімді өндіру мен сақтауда қолдану үшін өсімдіктерді қорғау құралдарын, топырақ жақсартқыштарды өндіру және қолдану технологияларын әзірлеу, трансферттеу және ендіру;

- органикалық өндірістің негізгі аспектілері бойынша семинарлар мен тренингтер өткізудің бірыңғай модулін әзірлеу (заңнамалық, нормативтік, өндірістік-технологиялық және ұйымдастырушылық-экономикалық);

- органикалық өндіріс саласында өзекті құзыреттіліктері (оқыту нәтижелері) бар («Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамымен (КЕАҚ) бірге жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және жүзеге асыру мәселелері бойынша шаралар қабылдау.

2.3. Мынадай:

- «Өндіріс процесіне қойылатын талаптар» ҚР 3111 СТ сәйкес өтпелі кезеңдер мерзімдерін өзгерту;

- органикалық өнім мен органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау рәсімін жүргізу кезінде қолданылатын сынақтан өткізу (өлшеу) әдістемелері туралы ақпаратпен толықтыру;

- Қағидаларда өнім көрсеткіштеріне қойылатын сандық талаптарды белгілеу немесе осы талаптарды белгілейтін ұлттық стандарттарға сілтеме көрсету.

- органикалық өндіріске қойылатын талаптарды органикалық өндіріс жөніндегі халықаралық стандарттарға сәйкес бейімдеу бөлігінде ҚР Ауыл

шаруашылығы министрлігінің 2016 жылғы 23 мамырдағы № 230 бұйрығымен бекітілген Органикалық өнім өндіру мен оның айналымы қағидаларына өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастыру.

3. Қазақстан Республикасының Сауда және интеграция министрлігіне

3.1. Мыналар:

- органикалық өнімді басымдығы бар өткізу нарықтарына ілгерілету бойынша экспорт стратегиясы мен алгоритмдерін әзірлеу;

- халықаралық, мемлекетаралық және ұлттық заңнаманың талаптарына сәйкес Қазақстан Республикасының аумағында және өндіру мен жеткізудің бүкіл тізбегі бойынша өнімнің сапасы мен қауіпсіздігіне кепілдік беретін органикалық өнімнің өндірісі мен айналымын есепке алудың және қадағалаудың ақпараттық жүйесін әзірлеу;

- greenwashing-ке қарсы күрес және азық-түлік нарығына жалған экотаңбалануы бар органикалық өнімнің түсуін болдырмау жөніндегі ұйымдастыру-әкімшілік шараларды жүзеге асыру;

- сәйкестікті растау рәсімін жүргізбей және белгілерді қолдануға құқығы бар ұйымдардың тізілімін жүргізбей, «БИО», «ORGANIC», «ЭКО» және ҚР 3109-2017 СТ талаптарына сәйкес келмейтін басқа да белгілерді қолдануға тыйым салу;

- органикалық өндірістің сәйкестігін растау жөніндегі қазақстандық органдарға халықаралық аккредиттеу жүйелерінде аккредиттеуден өтуге жәрдем көрсету;

- өзекті құзыреттіліктері бар (органикалық өнім өндірісінің сәйкестігін растау жөніндегі сарапшы-аудиторларды даярлау және біліктілігін арттыру жөніндегі бағдарламаның және оқу жоспарының нәтижелері бар («Қазақстан стандарттау және метрология институты» РМК-мен) жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің халықаралық бірлескен білім беру бағдарламаларын әзірлеу және іске асыру бойынша шаралар қабылдау.

3.2. **Қазақстан Республикасы Стратегиялық жоспарлау және реформалар жөніндегі агенттігі Ұлттық статистика бюросымен және Қазақстан Республикасы Ауыл шаурашылығы министрлігімен** бірлесіп мыналар:

- органикалық өнімнің өндірісі және айналымы (сертификаттау, қайта өңдеу, сақтау, өткізу, ішкі тұтыну, экспорт және импорт) туралы статистикалық есептілік көрсеткіштерін қалыптастыру;

- органикалық өнім өндірушілердің қызметіне мониторинг жүргізу үшін жаңа ішкі ЭҚЖЖ кодтарын енгізу, сондай-ақ органикалық өнім өндірудің барлық кезеңдерінде (өндірушілер, қайта өңдеушілер, экспорттаушылар, ритейлерлер) қадағалануды қамтамасыз ету үшін Ақпараттық жүйе әзірлеу);

- органикалық ауыл шаруашылығы мәселелері бойынша, оның ішінде Қазақстанды «сұр тізімнен» шығару бойынша Еурокомиссиямен коммуникацияға жауапты Қазақстандағы органды және лауазымды адамды айқындау;

- Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Еурокомиссия арасындағы, соның ішінде біздің тараптан «сәйкессіздіктерді» жою үшін қолданылатын шаралар туралы ақпарат алмасу (органикалық өнім айналымы саласында ЕО қабылдаған реттеуден ауытқу);

- «сәйкессіздіктердің» туындау себептеріне талдау жүргізу және мүдделі мемлекеттік органдармен, қауымдастықтармен және бизнес өкілдерімен консультациялар жүргізу, Қазақстаннан органикалық өнімдерді экспорттау кезінде «сәйкессіздіктерді» жою үшін одан әрі іс-қимыл жасау бойынша жол картасын әзірлеу жөніндегі мәселелерді пысықтау.

IV. 2021 жылы 13 сәуірде Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті **«Тұрғын үй-коммуналдық саланы дамытудың мемлекеттік бағдарламаларын жетілдіру және оларды іске асырудың кейбір мәселелері туралы»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

1. Қазақстан Республикасының Үкіметі:

1. Жер, Бюджет, Салық кодекстеріне, «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне, сондай-ақ «Тұрғын үй қатынастары туралы», «Қазақстан Республикасындағы сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі туралы», «Тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы», «Жылжымайтын мүлік ипотекасы туралы», «Авторлық құқық және сабақтас құқықтар туралы», «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» және басқа да заңдарға мынадай бөліктерде өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі мәселені пысықтасын:

- құрылыс сапасын бақылауды күшейту;

- құрылыс салушылардың жауапкершілігін күшейту және жосықсыз құрылыс салушылардың үлестік құрылысқа қатысуына жол бермеу;

- мемлекеттік басқару деңгейлері бойынша сәулет органдарының құқықтары мен міндеттерінің аражігін заңнамалық тұрғыдан ажырату.

1.2. Кешенді қала құрылысы сараптамасын ендіру және «Мемлекеттік қала құрылысы кадастры» РМК-ға осы функцияларды беру жолымен елді мекендерді дамыту және құрылыс салу жобаларының қала құрылысы сараптамасының сапасын арттыруға бағытталған шараларды қабылдау мүмкіндігін қарастырсын.

1.3. Лицензиялардың жеделдігін енгізу, сондай-ақ лицензиядан айыру туралы сот шешімінен кейін лицензияны қайта алу мүмкіндігін (үш жылға) шектеу жолымен құрылыс саласындағы лицензиялауды жетілдіруге бағытталған шараларды іске асыру мүмкіндігін қарастырсын.

1.4. Құрылыс сапасын арттыру мақсатында салынған көп пәтерлі тұрғын үйлерге 7 жылдық кепілдік мерзімін белгілеу мүмкіндігін қарастырсын (Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті).

1.5. Мүлікті сату кезінде құн өсімінен табысқа салынатын салықты 10%-дан 50%-ға дейін ұлғайту бөлігінде «Салық және бюджетке төленетін басқа

да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне (Салық кодексі) өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын (Әлеуметтік-мәдени даму және ғылым комитеті).

2. ҚР индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі:

2.1. Мынадай:

- құрылыс-монтаждау жұмыстарының басталғаны туралы хабарлама берген кезде МСҚБ органдары үшін салыстырып тексеру талаптарын белгілеу;

- жобаның сметалық құнын арттыруға жол берген жобалау және сараптама ұйымының жауапкершілігін белгілеу;

- отандық өнімді қолдану жөніндегі талаптарды көрсетпегені және жобалау-құрылыс құжаттамасында ауыстыруға тыйым салғаны үшін тапсырыс берушінің әкімшілік жауаптылығын белгілеу;

- техникалық қадағалау жөніндегі аттестатталған сарапшылардың инжинирингтік қызметтерді жүзеге асыратын басқа ұйымдарда жұмысты қоса атқаруына жол бермеу;

- неғұрлым жоғары жауапкершілік деңгейіндегі аттестатты алған кезде қолда бар аттестатты жарамсыз деп тану бөліктерінде құрылыс сапасын бақылауды күшейтуге бағытталған жүйелі шараларды әзірлесін.

2.2. Жедел және кешенді цифрландыру, сондай-ақ инженерлік коммуникациялар мәліметтерін үздіксіз өзектендіру мақсатында Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігімен бірлесіп, нормативтік құқықтық актілерге табиғи монополиялар субъектілерінің (өзінің инженерлік желілері бойынша) Қала құрылысы кадастрына мәліметтер беруін регламенттеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

2.3 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына азаматтарды тұрғын үйге кезекке қою, беру және оларды тұрғын үйден шығару кезінде отбасының әрбір мүшесіне пайдалы алаңды есепке алу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын (Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті).

2.4 Жалға берілетін тұрғын үйден халықтың әлеуметтік осал топтарын басқа тұрғын үй-жай берместен немесе немесе өтемақысыз жалғыз тұрғын үйінен шығару жағдайларын болдырмау мақсатында «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жалғыз тұрғын үйінен шығару жағдайларында халықтың әлеуметтік осал топтары үшін жалға берілетін тұрғын үй беру немесе ақшалай өтемақы төлеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын (Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті).

2.5 «Тұрғын үй қатынастары туралы» Қазақстан Республикасының Заңына жалдаушыны (қосымша жалдаушыны) мәжбүрлеп көшіру тәртібін реттейтін нормаларды халықаралық нормаларға сәйкес келтіру бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу мүмкіндігін қарастырсын (Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті).

2.6 Қолданыстағы заңнамаға «7-20-25» тұрғын үй бағдарламасы шеңберінде кейінгі тұрғын үй сатып алу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу

мүмкіндігін қарастырсын (Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті).

2.7 «Дипломмен ауылға» жобасы бойынша жіберілген жас мамандарға олардың ақшалай айырмасын төлей отырып, ауылдық жерлердегі бастапқы нарықтан көтерме қаражат есебінен тұрғын үй сатып алу құқығын беру мүмкіндігін қарастырсын (Конституциялық заңнама, сот жүйесі және құқық қорғау органдары комитеті).

3. ҚР цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі:

3.1. Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігімен және «Отбасы» акционерлік қоғамымен бірлесіп, тұрғын үйге мұқтаж азаматтардың кезектілігі мен тұрғын үй алаңымен қамтамасыз етілу ақпаратын қоса алғанда, олардың электрондық дерекқорын құруға бағытталған шараларды әзірлесін және іске асырсын.

V. Қаржы және бюджет комитеті 2021 жылы 27 сәуірде **«Квазимемлекеттік сектор: бюджет қаражатын пайдалану мен активтерді басқару тиімділігі»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. Квазимемлекеттік сектордың функционалын, міндеттерін және тиімділігін бағалау критерийлерін ажырату.

2. Квазимемлекеттік сектордың сыныптамасын қайта қарау кезінде:

- даму институттарына және олардың бекітілген функциялары мен қолдау құралдарына нақты анықтама беру;

- квазимемлекеттік сектор субъектілері қызметінің ерекшелігін ескере отырып, олар үшін стратегиялық міндеттерді айқындау.

3. Қызметтің сыныптамасы мен түрін ескере отырып, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің әрбір тобына кірісі, міндеттері, стратегиялық индикаторлары мен қаржыландыру тәртібі бойынша жекелеген талаптар қою мәселесін қарау.

4. Мемлекеттік жоспарлау жүйесінің құжаттарынан квазимемлекеттік сектор құжаттарына (стратегиялары мен даму жоспарлары) нысаналы индикаторлар мен нәтижелер көрсеткіштерін декомпозициялау бойынша әдістемені әзірлеу.

5. Квазимемлекеттік сектор субъектілеріне қойылатын нақты талаптарды көрсете отырып, олардың тиімділігі арттыруға және қаржылық тәртібіне бағытталған тиісті шараларды көздеу.

6. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің сыртқы борыш мөлшеріне мониторингті күшейту.

7. Тиімсіз (ең алдымен шығынды ұйымдарды), сондай-ақ нарықпен бәсекелес ұйымдарды анықтау және жою/қайта құрылымдау/жекешелендіру жолымен мемлекеттің экономикадағы үлесін азайту жөніндегі жұмысты жалғастыру.

8. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ашықтығы мен транспаренттілігі мәселесін мынадай жолдармен пысықтау:

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің ашықтық стандартын енгізу, оның негізгі бөлімдері: компанияның міндеттері туралы жария мәлімдемелер және олардың орындалуы; компанияда дауыс беру; елеулі тәуекел факторлары және оны бақылау үшін қабылданған шаралар; қаржылық есептілік; берілген және алынған кепілдіктерді қоса алғандағы қаржылық көмек; сыйақы саясаты; байланысы бар тараптармен маңызды мәмілелер және басқалар;

- «gosreestr.kz» ресурсын пысықтау: оның интерфейсін жеңілдету және пайдаланушылар үшін бейімдеу; жиынтық тізілімді мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілеріне бөлу мүмкіндігі; ұйымдық-құқықтық нысандары бойынша ғана емес, квазимемлекеттік сектор санаттары бойынша (коммерциялық/коммерциялық емес, инфрақұрылымдық, стратегиялық/даму институттары, әлеуметтік/саясатты іске асыратын) сұрыптау; квазимемлекеттік сектордың барлық субъектілері немесе жекелеген санаттары бойынша біріктірілген және ірі деректерді (кірістер, салықтар, қызметкерлер саны және т. б.) енгізу бөлігіндегі талдамалық құрамдас бөлігін пысықтау;

- Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің барлық есептік құжаттарын машина-оқу форматында сақтау.

9. Квазимемлекеттік сектор субъектілерінің экономикалық және әлеуметтік тиімділігіне назар аудара отырып, мемлекеттік мүлікті басқару тиімділігін бағалау мен мониторингілеудің қолданыстағы тетігін қайта қарау.

10. Дивиденттік саясатты:

- коммуналдық меншік объектілері бойынша дивидендтер төлеу мөлшерін (таза кіріс түрінде) республикалық меншік объектілеріне ұқсас белгілеу;

- республикалық меншік объектілері үшін, басқа заңды тұлғалармен ұқсастығы бойынша бірыңғай тәсілді белгілей отырып, коммерциялық емес АҚ-ға дивидендтер төлеу туралы мәселені қарау (таза кірістің кемінде 70%) арқылы жетілдіру. Бұл олардың төлемін бүгінгі таңда төлемдерден толық босатылған жұмыс жасап жатқан және жаңадан құрылған коммерциялық емес АҚ қамтамасыз ететіндігімен байланысты.

11. Республикалық бюджеттік комиссия мемлекеттің қатысуымен кейбір АҚ (ЖШС) дивидендтер төлеу мөлшерін азайту туралы өтініштерді қараған кезде ең төменгі шекті 50% мөлшерінде белгілеу.

12. Корпоративтік басқаруды:

- квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басқару лауазымдарына және директорлар кеңесіне төменгі біліктілік талаптарын кезең-кезеңімен енгізу (корпоративтік басқару саласында кәсіби сертификаттау, FRM, CFA, ACCA, т.б.);

- жоғары білікті тәуелсіз директорлардың тізілімін жүргізу, сондай-ақ шешім қабылдауда олардың тәуелсіздігін нығайту арқылы жетілдіру.

13. Бағдарламалық құралдарды көбейту арқылы Есеп комитетінің функционалдығын күшейту (Есеп комитетінің қолжетімділігін қамтамасыз

ете отырып, «қоғамдық қызығушылық» компанияларымен есептілікті онлайн форматта жүргізуін кезең-кезеңмен енгізу).

14. Квазимемлекеттік сектор субъектілері үшін рұқсат етілген қызмет түрлерінің тізбесі негізінде мемлекет қатысатын ұйымдардың тізбесін қалыптастыру. Сонымен бірге, «кінә презумпциясы» қағидаты әрекет етуі керек, яғни квазимемлекеттік сектор субъектілері өздерінің қажеттілігін дәлелдеуі керек. Тізімге енбеген субъектілер жекешелендіруге берілуі керек.

15. Мемлекеттің экономикаға қатысу үлесін өлшеу әдістемесін жетілдіру. Сонымен бірге жалпы қосымша құнның ғана емес, сонымен қатар активтердің, жалпы кірістің, сатып алу көлемінің және жұмысшылардың саны көрсеткіштерін қолдану.

16. Жекешелендіру жоспары тиімділігінің жаңа индикаторы - сатылған объектілер құны сомасының елдің квазимемлекеттік секторының барлық субъектілерінің меншікті капиталының жалпы жиынтық мөлшеріне қатынасын белгілеу.

17. Даму институттарының корпоративтік басқару жүйесін жетілдіру. Тәуелсіз директорларды таңдаудың ашық механизмі қажет. Олардың үлесі 50% кем болмауы ұсынылады.

18. Бюджеттен тыс қорлардан комиссиялық сыйақы алудан бас тарту (мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қоры, әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры). Оларды қаржыландырудың сметалық принципіне көшу ұсынылады;

19. Стратегиялық құжаттарды бірыңғай жоспарлау деңгейіне жеткізу: мемлекеттік бағдарламалар (ұлттық жобалар), мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары, квазимемлекеттік сектор субъектілерінің даму стратегиялары.

ҚР Ұлттық Банкіне

20. Бюджеттен тыс қорлардан комиссиялық сыйақы алудан бас тарту (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры). Оларды қаржыландырудың сметалық принципіне көшу ұсынылады.

VI. 2021 жылы 28 мамырда Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитеті **«Қазақстан Республикасындағы инновациялық даму: жағдайы, проблемалары және құқықтық реттеу»** тақырыбында дөңгелек үстел өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

1. Қазақстан Республикасында инновациялық қызметті ынталандыру жөніндегі Қазақстан Республикасы Заңының жобасын әзірлеу жөнінде келесі нормаларды енгізе отырып, пысықтасын:

- «индустрия 4.0», «өндірістік қайта бөлу», «өндірістік құрылыстар» ұғымдарын бекіту;
- экономикалық қызмет салалары және инновациялық қызмет жобаларының басым салаларын заңнамалық тұрғыдан айқындасын;
- инновациялық қызметке тартылған институттарды, қаржылық және

қаржылық емес қолдау мен ынталандыру шараларын айқындау;

- мемлекеттік қолдау шараларын ұсыну кезінде міндетті шарт болып табылатын «инновациялылық» критерийін белгілеу;

- инновациялық қызмет субъектілерінің мемлекет алдындағы қарсы міндеттемелері (мақсатқа, негізгі индикаторларға қол жеткізу, міндеттерді іске асыру, енгізуді, коммерцияландыруды және т. б. қоса алғанда, инновациялық қызмет нәтижелері);

- ҚР бюджеттік заңнамасына ғылым және инновациялар бойынша бюджеттік бағдарламаларды іске асыру кезінде «қателікке құқық» қағидатын енгізу, оған сәйкес осындай қолдау шаралары шеңберіндегі нақты жобаларды емес, Бюджеттік бағдарламаның жиынтық тиімділігі (қолдау шаралары) орта және ұзақ мерзімді кезеңде бағаланатын болады;

- жоғары технологиялық және инновациялық жобаларды іске асыру үшін эксперименттік құқықтық режимді («реттеуші құмсалғыш») құру;

- Премьер-Министрдің төрағалық етуін қамтамасыз ете отырып, технологиялық саясат жөніндегі кеңестің мәртебесін үкіметтік үйлестіру органының деңгейіне дейін арттыру, оның ішінде оның құрамына Қазақстан Республикасының Технологиялық және инновациялық дамуы саласында тәуелсіз бағалауды жүзеге асыратын және ұсынымдар әзірлейтін инновациялық саясат (Инновациялық обсерватория) жөніндегі халықаралық сарапшыларды енгізу мүмкіндігі;

- түйінді (сындарлы) технологиялардың басым тізбесін, технологиялық құзыреттердің салалық орталықтары, технологиялық платформалар, нысаналы технологиялық бағдарламалар үшін өлшемшарттарды айқындауды және өзге де шараларды қоса алғанда, технологиялық саясатты қалыптастыру үшін құқықтық негіздер құру;

- уәкілетті органға инновациялар және жобаларды қаржыландыру мәніне бағалау кезінде бірыңғай тәсілдерді әзірлеу мақсатында жобалардың инновациялылығы критерийлерін айқындау әдістемесін әзірлеу және бекіту бойынша құзырет беру.

2. Мемлекеттік органдардың ұлттық жобаларында түйінді (сындарлы) технологиялардың басым тізбесін, технологиялық құзыреттердің салалық орталықтары, технологиялық платформалар, нысаналы технологиялық бағдарламалар үшін өлшемшарттарды айқындауды және өзге де шараларды қоса алғанда, тиісті салалардағы **инновациялық даму жөніндегі жеке бөлімді құру мүмкіндігін көздеу**.

3. Орталық мемлекеттік органдардың ұлттық жобаларында және жергілікті атқарушы органдардың даму бағдарламаларында **инновациялық даму бойынша негізгі индикаторларды көздеу**.

4. Тиісті салалар мен орындаушыларда жобаларды іске асыру жөніндегі нақты іс-шараларды айқындай отырып, **инновациялық даму жөніндегі салалық жол карталарын** (мақсаттар, міндеттер, негізгі индикаторлар, мерзімдер, күтілетін нәтижелер, технологиялық саясат жөніндегі кеңес айқындаған қаржыландыру көлемдері негізінде) әзірлеу мәселесін қарау.

5. Қазақстан Республикасының Ұлттық инновациялық жүйесінің негізгі элементтері арасында үйлестіруді жақсартуға жәрдемдесу мақсатында инновациялар, технологиялар және ғылым саласындағы ұлттық ақпараттық жүйені әзірлеу мүмкіндігін қарау, оның ішінде:

«Инновациялық экономика картасы» бірыңғай ақпараттық порталын (инновациялар бойынша деректер мен жобаларды жинаудың, талдаудың және мониторингілеудің автоматтандырылған құралын) әзірлеуді қамтиды:

- **инновациялық жобалардың дерекқоры** (әзірленген, енгізілген, салалар бөлінісінде әзірлеу (енгізу) сатысында тұрған), патенттелген инновациялық әзірлемелер туралы мәліметтер және т. б.);

- ғылымды, инновацияларды, инновациялық жобаларды коммерцияландыруды мемлекеттік қолдау шаралары туралы ақпаратты қамтитын **бірыңғай терезе** (оның ішінде кедендік рәсімдер, салықтық жеңілдіктер мен ынталандырулар, қаржылық және қаржылық емес қолдау шаралары, инновациялық қызметті қолдау институттары туралы және басқа да мәліметтер);

- инновациялық әзірлемелерге, сұранысқа, міндеттерге, бағаларға Тапсырыс беруші **мемлекеттік органдар бөлінісінде ақпарат**;

- инновациялық жобаларды іске асыру үшін қажетті деректерді іздеу және алмасу үшін **ғылыми-техникалық қызмет субъектілері мен жеке секторға арналған платформа**;

- **рационализаторлық ұсыныстар мен шешімдерді жинауға арналған терезе**.

6. Барлық салалық министрліктерде **технологиялық құзыреттердің салалық орталықтарын** ашу мәселесін пысықтау, олардың негізгі міндеттері Технологиялық даму стратегияларын қалыптастыруды үйлестіру, салалардың түйінді технологияларын айқындау, салалық жол карталарына мониторинг жүргізу болып табылады.

7. Ұлттық компанияларда негізгі міндеттері инновациялық қызметті үйлестіру, мониторингтеу, бағалау және ынталандыру, инновацияларға арналған қаражатты қайта инвестициялауды бақылау және мониторингтеу болып табылатын **инновацияларды үйлестіру орталықтарын құру** мүмкіндігін пысықтау.

8. Цифрландыру мәселелеріне жауапты орталық мемлекеттік органдардың бірінші басшылары орынбасарларының (вице-министрлердің) және жергілікті атқарушы органдардың (Әкімдердің орынбасарларының) өкілеттіктерін, **тиісті салалардағы инновациялық және технологиялық даму жөніндегі функцияларды толықтыру мәселесін пысықтау**.

9. **ҚР Ұлттық банкі, ҚР қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі** инновациялық жобаларды қаржыландыруға Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерін, резидент емес банктерді және микроқаржы ұйымдарын тартуға бағытталған ұсыныстарды әзірлесін.

10. **Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі, Білім**

және ғылым министрлігі, Ауыл шаруашылығы министрлігі, Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігі, Энергетика министрлігі патенттелген инновациялық әзірлемелерге тексеру жүргізсін, тиімді инновациялық жобаларды бөлсін және оларды іске асыру жөнінде шаралар қабылдасын.

11. **ҚР цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі «Qazinnovations «Нари» АҚ-мен бірлесіп**, мемлекеттік қолдау шаралары шеңберінде қаржыландыру жөнінде шешімдер қабылдау үшін бірыңғай тәсілдерді әзірлеу мақсатында инновациялар және жобалардың инновациялылығы (жоғары технологиялық) критерийлерін айқындау әдістемесін әзірлесін.

12. ҚР Цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігіне «Qazinnovations «Нари» АҚ-мен бірлесіп:

12.1. Ғылыми-техникалық әзірлемелер, олардың коммерцияландыруға, қаржыландыруға дайындық деңгейі туралы ақпаратты үйлестіруді, жинауды және талдауды қамтамасыз ету;

12.2. Инновациялық қызметтің барлық субъектілерінің (кәсіпорындар, ЖОО, зерттеу институттары, стартаптар, АТ-компаниялар, инвесторлар, даму институттары, ҮЕҰ, халықаралық серіктестер және т.б.) өзара іс-қимылын қамтамасыз ету жөнінде шаралар қабылдау.

13. **ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму, Энергетика министрліктері жер қойнауын пайдаланушылар мен ірі бизнестің** ҒЗТКЖ-ны қаржыландыруының мониторингін және талдауын қамтамасыз етсін.

14. **«Самұрық-Қазына» Ұлттық Әл-Ауқат Қоры** (Қазақстан Республикасының Үкіметімен келісім бойынша) портфельдік компанияларда инновациялық мәдениетті қолдауға және дамытуға бағытталған шараларды күшейтсін, сондай-ақ цифрландыру есебінен алынған пайданы одан әрі инновациялық дамытуға қайта инвестициялау тетіктерін әзірлесін.

15. **«Инновациялық технологиялар паркі» дербес кластерлік қоры** (Қазақстан Республикасының цифрлық даму және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігімен келісім бойынша) кәсіпорындарды технологиялық қайта жарақтандыруға, сондай-ақ деректерді жинау мен жинақтауға ынталандыру шаралары жөнінде ұсыныстар әзірлесін.

КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫС

І. 2021 жылы 19 ақпанда Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аумақтарды дамыту комитеті **«Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы»** Заңының орындалуы туралы» тақырыбында кеңейтілген отырыс өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар жасалды:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі:

1.1. **Жер кодексіне:**

- пайдаланылмайтын жайылымдарды мәжбүрлеп алып қою мерзімдерін екі жылдан бір жылға дейін қысқарту;

- жайылым пайдаланушылар бірлестіктерінің жұмыс істеп тұрған жер пайдаланушылардың жер учаскелерін (жайылымдарды) пайдалануы шарттары бөлігінде;

Қазақстан Республикасының «Жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына жергілікті өзін-өзі басқару органдарына, оның ішінде жайылым пайдаланушылар бірлестіктеріне жеке ауланы күтіп-ұстауға арналған жайылымдарды қайта бөлу жөніндегі өкілеттіктерді беру бөлігінде;

Қазақстан Республикасының «Жайылымдар туралы» Заңына:

- нормативтік құқықтық актінің құрамынан Жайылым айналымдарының схемасын алып тастау, сондай-ақ Жайылымдарды ұзақ мерзімді кезеңге (5 жылға) басқару жөніндегі жоспарларды бекіту;

- қоғамдық жайылымдарды пайдалану шарттарын айқындау, яғни жайылым пайдаланушылардың бірлестігін құру және оған жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарлары иелерінің кіру міндеттілігі;

- жеке ауладағы ауыл шаруашылығы жануарларының иелері үшін жайылым билетін енгізу;

- жергілікті өзін-өзі басқару органдарының және жайылым пайдаланушылар бірлестігінің жайылымдарды бөлу жөніндегі өкілеттіктерін нақтылау;

- ортақ пайдаланымдағы жайылымдарды мал басының санына байланысты пайдаланудың ақылы болуы;

- Жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарларды және Жайылым айналымдарының схемаларын әзірлеуді, сондай-ақ өңірлердің ерекшеліктерін ескере отырып, Жайылымдарды басқару жөніндегі пилоттық жоспарды әзірлеуді қаржыландыру;

- Шалғайдағы мал шаруашылығын ұйымдастыру жөніндегі бағдарламаны және Жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау жоспарларын әзірлеу бөлігінде өзгерістер мен толықтырулар енгізу бойынша мәселелерді пысықтасын.

1.2. Мыналар:

- Жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарды және Жайылым айналымдарының схемасын жасау әдістемесін әзірлеу;

- «Жайылымдар туралы» Заңның 7-бабына сәйкес есептіліктің бірыңғай нысандарын әзірлеу;

- елді мекендер шегінде жеке қосалқы шаруашылықтарда жануарларды ұстау нормативтерін әзірлеу;

- электронды түрде карталарды дайындай отырып, геоботаникалық зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру және олар үшін қосымша қаржы қаражатын бөлу;

- жергілікті атқарушы органдардың жайылымдарды, әсіресе шалғайдағы мал шаруашылығын суландыру жөніндегі жұмыстарын үйлестіру;

- жайылымдарды қалпына келтіру, сақтап қалу, ұтымды пайдалану және түбегейлі жақсарту үшін ғылыми-зерттеу, іздестіру, жобалау жұмыстарын ұйымдастыру;

- ауыл шаруашылығы алқаптарын алып қою үшін 2023 жылға дейінгі шағын кәсіпкерлік субъектілеріне қатысты тексерулер жүргізуге мараторий енгізудің айрықша шарттары тізбесіне жер мәселелерін қосу бойынша шаралар қабылдасын.

2. Жергілікті атқарушы органдар:

2.1. Мыналар:

- Жайылымдарды басқару жөніндегі жоспарларды және Жайылым айналымдарының схемаларын әзірлеу және бекіту;

- «Жайылымдар туралы» Заңның 7-бабына сәйкес уәкілетті органға жартыжылдық және жылдық есептерді уақтылы ұсыну;

- жайылымдық инфрақұрылым объектілерін дамыту және реконструкциялау бойынша жоспарларды әзірлеу және бекіту бойынша шаралар қабылдасын. Мемлекеттік бағдарламалар мен басқа да жобалар бойынша қаржыландыруды бөлу кезінде шалғайдағы мал шаруашылығы учаскелерін суландыруға басым тәртіппен қаражат жолдау;

- шалғайдағы жайылымдар мен ауылдық елді мекендердің айналасындағы 10 км радиус шегінде жайылымдық алқаптарға түгендеу жүргізу және әрбір ауылдық елді мекен үшін жеке ауланы күтіп-ұстауға қажетті жайылымдарға мұқтаждықты айқындау;

- шалғайдағы мал шаруашылығы мақсаттары үшін мал айдау жолдарын ұйымдастыру;

- жеке қосалқы шаруашылықтарды дамыту үшін пайдаланылмайтын жайылымдарды алып қою және халықты жайылымдық және шабындық алқаптармен қамтамасыз ету, сондай-ақ ортақ пайдалану үшін жайылым учаскелерін бөлу;

- ауыл шаруашылығы өндірісін, шаруа және фермер қожалықтарын жүргізу үшін бұрын берілген, жалға алу мерзімі өтіп жатқан және жер заңнамасын бұзушылықтар орын алған жер учаскелерін кейіннен оларды жайылым пайдаланушылардың бірлестіктеріне бөлу үшін босалқы жерлерге қосу;

- шалғайдағы мал шаруашылығы учаскелерінде жайылымдық инфрақұрылымдар құру және жайылымдарды жақсарту жөніндегі іс-шараларды жүргізу бойынша жеке шаруашылық иелерін ынталандыру бойынша шаралар қабылдасын.

2.2. Жергілікті қоғамдастықтың осы аумақтық бірліктің мал иелері

мен басқа да жайылым пайдаланушылардың мүдделерін білдіретін жайылым пайдаланушылар бірлестігін құруына, сондай-ақ жеке қосалқы шаруашылықтардың кооперациясын дамытуына жәрдем көрсетілсін.

2.3 Республикалық және жергілікті бюджеттерден қаржыландырылатын жайылымдық инфрақұрылымды дамыту жөніндегі іс-шаралардың (құрылыс-монтаждау жұмыстары, уақытылы игеру) іске асырылуына бақылау күшейтілсін.

II. 2021 жылдың 25 ақпанында Халықаралық қатынастар, қорғаныс және қауіпсіздік комитеті «Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңын **көлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету** бөлігінде іске асыру мәселелері бойынша кеңейтілген отырыс өткізді, нәтижесінде келесі ұсыныстар берілді:

Қазақстан Республикасының Үкіметіне:

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, **«Көлік қауіпсіздігі туралы»** жаңа **Заңды** әзірлеу мен қабылдаудың орындылығын талдау және оны «Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы» 2012 жылғы 6 қаңтардағы заңда әскери, саяси және қауіпсіздіктің басқа да түрлерімен қатар ұлттық қауіпсіздіктің жекелеген (дербес) түрі ретінде бекіту.

Заң жобасы шеңберінде мынадай айтарлықтай жоғары тәуекелдер мен қатерлерді төмендетуге бағытталған жүйелі шараларды ұсыну, атап айтқанда:

- **автожол инфрақұрылымы мен автотасымалдар** автомобиль жолдары жағдайының нашарлауымен және жылжымалы құрам тозуының жоғары қарқынымен сипатталады. Соңғы жылдары қалыптасқан жолаушылар мен жүктерді автомобиль көлігімен тасымалдау көлемінің өсу үрдістері салада орын алған бұзушылықтар кезінде алдағы уақытта автомобиль жолдарының жай-күйінің нашарлауына, олардың өткізу және тасымалдау қабілетінің төмендеуіне алып келуі мүмкін. Тасымалдау қауіпсіздігінің деңгейі төмендеуде, жол-көлік оқиғаларының саны мен олардың өлім-жітім деңгейі бойынша Қазақстан ТМД елдері арасында көш бастап келеді және тасымалдау қауіпсіздігі бойынша әлемдік рейтингте ең нашар позициялардың бірін алады;

- **теміржол инфрақұрылымы және тасымалдау**, олар теміржол инфрақұрылымы мен жылжымалы құрамның жоғары физикалық және моральдық тозуымен, сондай-ақ инфрақұрылымдық даму жобаларына құйылған инвестициялардың өзін-өзі ақтауының төмен деңгейімен ерекшеленеді. Мұндай жағдай шектеулі қаржылық мүмкіндіктер, теміржол желілерін электрлендірудің жеткіліксіздігі кезінде инфрақұрылым объектілерін жаңғыртуға және жылжымалы құрамды жаңартуға ресурстар қажеттіліктің өсуі жағдайында саланың технологиялық, техникалық қамтамасыз етілуінің нашарлауына себеп болады және оның дамуына кедергі келтіреді, бұл туралы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің атына жолданған депутаттық сауалда айтылды (29.01.2021 жылғы №16-13-5д/с шығыс құжаты).

Сонымен қатар, балама теміржол дәліздерінің дамуы, өз аумақтарында халықаралық транзиттік дәліздерді құру және дамыту бойынша Орта Азия елдерінің белсенділігі, сондай-ақ, өзге де жобалардың құрылысын ілгерілету Қазақстан аумағын айналып өтіп, транзиттік жүк ағындарын қайта бағдарлау үшін алғышарттар жасайды;

- **су көлігінің инфрақұрылымы, теңіз және өзен көлігімен тасымалдау**, Ақтау портының тиеу-түсіру жабдықтары мен айлақ құрылыстарының тозу деңгейі жоғары, сондай-ақ, кеме қатынасы компанияларының ұйымдасқан және келісілген қызметінің болмауы, ескірген кемелер паркі, сондай-ақ су көлігі мен кеме қатынасы жолдары инфрақұрылымының қанағаттанарлықсыз жай-күйі. Көршілес мемлекеттердегі халықаралық транзиттік дәліздердің (темір жолдар, автомобиль жолдары, құбыр желісі) белсенді дамуы жағдайында транзиттік жүк ағынын Каспий теңізінің қазақстандық секторын айналып өтуге қайта бағдарлау маңызды тәуекелдері бар;

- **әуе көлігінің инфрақұрылымы және авиатасымалдау**, Қазақстанның әуе трассалары мен жерүсті инфрақұрылымынан транзиттік авиатасымалдаушылардың жылыстауы байқалады, бұл әуе транзиті және жерүсті инфрақұрылымының кешенді қызметтерін ұсыну үшін тұрақты бәсекелестік күрес жағдайларында қолда бар нарық үлесінің жоғалуына, сондай-ақ өз трассалары мен әуежайларына жаңа тасымалдаушыларды тартудан келетін пайданы жіберіп алуға әкелуі мүмкін. Жекелеген сарапшылар мен депутаттың пікірінше, қадағалау мен бақылауды ұйымдастыру, сертификаттау, сондай-ақ азаматтық авиация саласындағы оқиғаларды тергеу кезінде мүдделер қайшылығы бар, өйткені оларды ұйымдастыру аса маңызды. Мемлекеттік бақылау және қадағалау функциялары «Қазақстанның авиациялық әкімшілігі» АҚ өкілдерінің қатысуынсыз мемлекеттік органның айрықша функциясы болуы тиіс, ал авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тексеруді ИИДМ-ге тәуелсіз өзге де мемлекеттік органның не ТМД-ның Мемлекетаралық авиация комитеті үлгісіндегі өңірлік тергеу органдарының қарауына беру қажет;

Осылайша, көлік қауіпсіздігі көлік саласы қорғалуының жай-күйі ретінде ұлттық экономиканы тұрақты дамытуға және елдің транзиттік әлеуетінің бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз етуге бағытталуы тиіс. Оның тиісті жағдайы мемлекеттің қорғаныс қабілетіне, оның бейбіт және соғыс уақытындағы қажеттіліктерін қанағаттандыруға әсер етеді, осыған байланысты ұлттық қауіпсіздіктің тәуелсіз түрінің барлық белгілерін алады, оны заң жүзінде анықтау ұсынылады.

VII. СЕНАТТЫҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының халықаралық қызметі парламентаралық ынтымақтастықты нығайтуға, парламенттік дипломатия құралдарын дамытуға және Қазақстанның халықаралық бастамаларын ілгерілетуге бағытталған.

15 қаңтардан 30 маусымға дейін келесі іс-шаралар өтті:

ресми сапарлар, келіссөздер, кездесулер:

15 мамыр - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.Әшімбаевтың Түркия Ұлы Ұлттық Жиналысының Төрағасы М.Шентоппен телефон арқылы сөйлесуі;

3-4 маусым - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты Төрағасы М.Әшімбаевтың Өзбекстан Республикасына ресми сапары *(делегация құрамында: А.Шәкіров, А.Бектаев, Е.Сұлтанов, Н.Нұрсипатов, Л.Сүлеймен, Н.Төреғалиев)*.

Сапар барысында Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.Мирзиеевпен, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлис Сенатының Төрайымы Т.Нарбаевамен, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисінің Заң шығару палатасының Төрағасы Н.Исмоиловпен кездесулер өткізілді.

Сапар қорытындысы бойынша Қазақстан Республикасы Парламентінің Сенаты мен Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенаты арасындағы 2021-2022 жылдарға парламентаралық ынтымақтастықты дамыту жөніндегі Жол картасы қабылданды. Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі жанындағы Заң шығару мәселелері және парламенттік зерттеулер институты мен Қазақстан Республикасы Парламенті жанындағы парламентаризм институты арасында ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойылды.

27-28 маусым - Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрайымы В.Матвиенконың Қазақстан Республикасына ресми сапары *(М.Әшімбаев, А.Шәкіров, М.Құл-Мұхаммед, Д.Әділбеков, О.Перепечина, В.Волков, Т.Мұсабаев, А.Әлназарова, Б.Жұмағұлов, Е.Сұлтанов, А.Күрішбаев, Қ.Қожамжаров, Ғ.Дүйсембаев)*.

Сапар барысында Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрайымы В.Матвиенкомен кездесу және сонымен қатар Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты мен Ресей Федерациясы Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесі арасындағы ынтымақтастық жөніндегі комиссияның 16-шы отырысы өтті.

VII шақырылымның I сессиясы барысында Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары шетелдік елшілермен және халықаралық ұйымдардың өкілдерімен **15**-ке жуық кездесулер өткізілді.

парламентаралық ынтымақтастық:

15-16 сәуір - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаттары ТМД ПАА Кеңесінің отырысына, ТМД ПАА пленарлық отырысына қатысты, Санкт-Петербург қ. *(М.Әшімбаев, А.Шәкіров, О.Перепечина, Б.Жұмағұлов, Т.Мұсабаев)*.

Жұмыс сапары аясында М.Әшімбаев бірқатар екіжақты кездесулер өткізді:Әзірбайжан Милли Меджлисінің Төрағасы С.Гафаровамен, РФ Федералдық Жиналысы Федерация Кеңесінің Төрайымы В.Матвиенкомен, Өзбекстан Республикасы Олий Мажлисі Сенатының Төрайымы Т.Нарбаевамен, Армения Республикасы Ұлттық Жиналысының Төрағасы А.Мирзоянмен, Молдова Республикасы Парламентінің Спикері З.Гресеанимен.

Жалпы, VII шақырылымның I сессиясы кезеңінде Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттары **33 іс-шараға** қатысты (форумдар, дөңгелек үстелдер және т.б.), соның ішінде **28** - парламентаралық ынтымақтастық шеңберінде, **5** - басқалары.

сайлауды байқау:

8 қаңтар - 9 қаңтар - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутаттарының сайлауын бақылауға келген делегациялармен кездесулер: ТМД ПАА халықаралық байқаушыларымен *(М.Әшімбаев)*, ТүркПА байқаушылар миссиясымен *(М.Ашимбаев, А.Шәкіров)*, Украина Жоғарғы Радасының депутаттарымен, *(А.Шәкіров, А.Нухұлы)*, ҰҚШҰ ПА байқаушылар делегациясымен *(А. Шәкіров)*.

10 қаңтар - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының Қырғыз Республикасы Президентінің сайлауын бақылауға қатысуы: ТМД ПАА миссиясының құрамында *(Н.Қылышбаев)*, ҰҚШҰ ПА миссиясының құрамында *(С.Мәкежанов)*, Бішкек қ.

9 - 12 сәуір - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының «Қырғыз Республикасының Конституциясы туралы» Қырғыз Республикасының Заңының жобасы бойынша референдум өткізу кезіндегі қадағалау процесіне қатысуы *(С.Лұқпанов, Е.Мамытбеков)*, соның ішінде ТМД ПАА миссиясының құрамында *(Б.Орынбеков)*, Бішкек қ.

20 маусым - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты депутаттарының Армения Республикасындағы парламенттік сайлау бақылау миссияларының құрамына қатысуы: ЕҚЫҰ ПА *(Ғ.Дүйсембаев)*, ҰҚШҰ ПА *(М.Жұмағазиев)*, ТМД ПА *(Д.Мусин)*, Ереван қ.

VIII. АҚПАРАТТЫҚ ЖАРИЯЛАНЫМ

VII шақырылымдағы I сессия барысында Палата депутаттарының жұмысы туралы халықты кеңінен хабардар ету және коронавирус пандемиясы жағдайында Палата қызметін жариялаудағы сапалы жұмысы үшін бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдеріне жәрдемдесу ҚР Парламенті Сенатының қызмет бағыттарының бірі болды.

Сенат Төрағасы Мәулен Әшімбаевтың ашық диалог алаңы ретіндегі Палатаның ұстанымын нығайтуға бағытталған бастамалары бұқаралық ақпарат құралдарында ғана емес, қоғамда да оң пікірге ие болды.

VII шақырылымның I сессиясы кезінде депутаттардың заң жобасын әзірлеушілермен, азаматтық қоғам өкілдерімен және журналистермен өзара іс-қимылы қашықтан жалғасты. Ол үшін түрлі интернет-платформалардың бейне конференция байланысының мүмкіндіктері белсенді қолданылды. Коронавирус пандемиясына байланысты шектеулерге қарамастан, заманауи технологияларды қолдану сенаторлардың заң шығару қызметін белсенді түрде жария етуге мүмкіндік берді.

Сессия барысында Палатаның барлық негізгі іс-шаралары бұқаралық ақпарат құралдарының назарында болды. Сенаттың жалпы отырыстары, Сенат комитеттерінің кеңейтілген отырыстары, оның ішінде көшпелі, Үкіметтік сағаттар, Парламенттік тыңдаулар, депутаттардың халықпен кездесу үшін өңірлерге сапарлары және т. б. шаралар БАҚ пен әлеуметтік желілерде белсенді жарияланып, талқыланды.

Сессия барысында республикалық телеарналардың эфирінде Сенаттың қызметі туралы баяндалатын 554 сюжет болды. Ақпараттық агенттіктер мен басылымдық БАҚ сайттарында 2 278 мақала жарияланды. Жаңалық хабарларынан басқа, БАҚ-та тұрақты негізде апта сайынғы қорытынды жаңалықтар шығарылымдары, шолу және талдау материалдары, сенаторлардың сұхбаттары мен авторлық мақалалары, сондай-ақ, депутаттардың қатысуымен тақырыптық телебағдарламалар жарық көрді.

Сессия барысында ҚР Парламенті Сенатының қызметін мемлекеттік және орыс тілдерінде жариялауға мамандanған «Хабар 24» телеарнасының эфирінде апта сайын «Сенат сөзі» және «Время Сената» бағдарламалары шығып келеді. Есепті кезеңде бағдарламаның 44 шығарылымы эфирге шықты, оған сенаторлар, сондай-ақ, Сенат жанындағы Жас сарапшылар клубының мүшелері қатысты.

Сенат депутаттары депутаттық корпустың жұмысына, Президентіміздің елімізді жаңғырту бағдарын іске асыруға және маңызды қоғамдық-саяси мәселелерді талқылауға арналған басқа да бағдарламалар мен ток-шоуларға белсенді қатысты. Мұндай бағдарламалардың қатарында: Qazaqstan арнасының прайм-тайм эфиріндегі «Ашық алаң» ток-шоуы, Хабар арнасындағы «Бүгін», Хабар 24 арнасындағы «Анығын айтқанда» және «Ерекше көзқарас», «Еуразия» бірінші арнасында «Парламент.online» бар.

VII шақырылымның I сессиясы барысындағы Сенаттың ең маңызды іс-шаралары Палатаның ресми интернет-сайтында және Youtube-арнасында онлайн түрде көрсетілді. Сессия басталғаннан бері осындай 26 онлайн-трансляция өткізілді. Олардың барлығы да сақталған және Палатаның интернет-сайты мен Youtube-каналында көруге болады. Мұндай ашықтық қалың жұртшылық өкілдеріне заң жобаларын нақты уақыт кезінде қарау барысын қадағалауға мүмкіндік береді.

www.senate.parlam.kz Палатаның ресми сайты Сенат қызметі туралы ресми ақпараттың маңызды көзі болып қала береді. Сенат депутаттарының қатысуымен өтетін негізгі іс-шаралар туралы ақпарат, фото және бейнематериалдар сайтта жедел жарияланады. Осылайша, 1-сессия барысында мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерінде 800-ден астам жаңалықтар жарияланды. Жаңалықтардан басқа, сайтта жариялануға міндетті басқа да ақпарат уақтылы орналастырылады: Палатаның қарауындағы заң жобалары, отырыстардың стенограммалары, депутаттық сауалдар, іс-шаралар анонстары және т.б. Сайтта жарияланатын барлық ақпарат Android және IOS платформаларында қолжетімді «Senate» мобильді қосымшасында да қайталанады.

Сенаттың қызметі туралы материалдар Instagram, Facebook, Twitter және YouTube әлеуметтік желілеріндегі Сенаттың ресми парақтарында да орналастырылады. Заң жобаларын белсенді талқылайтын бірқатар сенаторлар бұл алаңдарды да әлеуметтік желілердегі өз парақтарында өзекті мәселелерді көтеретін орын ретінде белсенді пайдаланады.

Сенаттың ресми аккаунттарына қоғам назарының арта түсуі және оларға жазылушылар санының өсуі Палата жүргізіп жатқан әлеуметтік желілердегі жұмысты жандандыру бағытының дұрыстығын көрсетеді. ҚР Парламенті Сенатының Instagram (30,9 мың жазылушы), Twitter (19,5 мың жазылушы), Facebook (8 153 жазылушы), YouTube (3 790 адам) желілеріндегі ресми парақтарына көптеген адам жазылған.

Баспасөз қызметінің қызметкерлері әлемдік және қазақстандық ақпарат агенттіктерінің ақпараттық таспаларының, интернет-сайттардың, Президент Әкімшілігінің, Үкіметтің, ҚР министрліктері мен мекемелердің ресми сайттарының жарияланымдарына негізделген дайджестерді күн сайын әзірлейді. Сессия басталғаннан бері Палата басшылығы, сенаторлар және Сенат аппаратының басшыларына осындай 662 дайджест дайындалып, таратылып берілді.

Шығарушы:

Қазақстан Республикасы
Парламенті Сенатының Аппараты

***

Материалдарды ұсынған:

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенаты
Аппаратының құрылымдық бөлімшелері